[1] **И. Оздемир,** [2] **Г.Г. Барлыбаева,** [3]**А.Б. Кельдинова**[*]**,** [4] **Г.И. Нүсіпова**
[1]Америка ислам колледжі (Чикаго, АҚШ), Ускюдар университеті (Ыстамбұл, Түркия)
[2,3,4]ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты (Алматы, Казақстан)
[1]ibrahim.ozdemir@uskudar.edu.tr, [2]gbarlybaeva@mail.ru, [3]aimankeldinova@gmail.com,
[4]gulnussipova@gmail.com

[1] **I. Ozdemir,** [2] **G. Barlybayeva, A. Keldinova**[*]**,** [3] **G. Nussipova**
[1]American Islamic College (Chicago, USA), Uskudar University (Istanbul, Turkey)
[2,3,4]Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)
[1]ibrahim.ozdemir@uskudar.edu.tr, [2]gbarlybaeva@mail.ru, [3]aimankeldinova@gmail.com,
[4]gulnussipova@gmail.com

Сілтеме: Оздемир И., Барлыбаева Г.Г., Кельдинова А.Б., Нүсіпова Г.И. Қазақ философиясындағы исламдық экотеологияның негіздері // *Әл-Фараби*. – 2026. – Т. 24. № 4(96).- 18-30 бб.

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – қазақ философиялық ойының негізінде исламдық экотеологияның негізгі қағидаларын айқындау және олардың отандық діни-философиялық мұрадағы көрінісін ашу. Осы мақсатқа сәйкес экологиялық дағдарыс техникалық немесе экономикалық мәселелермен бірге, адамның табиғатқа, өз болмысына және Жаратушыға қатынасын айқындайтын дүниетанымдық мәселе ретінде қарастырылады. Зерттеудің теориялық негізін исламдық экотеологияның таухид, халифа, аманат, мизан және аят ұғымдарына құрылған тұжырымдамасы құрайды. Жұмыста герменевтикалық және салыстырмалы-философиялық әдістер, сондай-ақ дәстүрлі мәтіндерді қайта пайымдау тәсілі қолданылды. Аталған тұжырымдама Матуриди ілімімен, әл-Фараби мен Қожа Ахмет Ясауи идеяларымен, Абай Құнанбайұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни-философиялық мұрасымен салыстырылды. Зерттеу нәтижесінде үш тұжырым жасалды. Біріншіден, Матуридидің хикмет, адамның ерікті таңдауы мен жауапкершілігі туралы ілімі экологиялық этиканың кәламдық негізі бола алады. Екіншіден, Абайдың жаратылысты ақылмен тану, махаббат пен әділет және «толық адам» туралы ойлары табиғатты Жаратушының белгісі деп түсінетін экотеологиялық көзқараспен үндес. Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жерді келер ұрпаққа аманат ретінде түсінуі және халықтық тыйымдар мен обал, сауап, кие ұғымдары исламдағы аманат пен ысырапқа тыйым салу қағидаларының тарихи тәжірибе мен тұрмыстағы көрінісі болып табылады. Зерттеудің жаңалығы – қазақ

* Автор-корреспондент: А.Б. Кельдинова, aimankeldinova@gmail.com

философиясының исламдық экотеологияныңәлі жеткілікті зерттелмеген өңірлік дереккөзі ретінде қарастырылуында.

Түйін сөздер: қазақ философиясы, исламдық экотеология, экологиялық этика, Матуриди ілімі, түркі-қазақ философиялық дәстүрі.

Кіріспе

XXI ғасырда экологиялық дағдарыс адамзаттың ортақ сынағына айналды. Климаттың өзгеруі, биоалуантүрліліктің азаюы, су мен топырақтың ластануы секілді құбылыстар ғылыми-техникалық шешімдермен қатар адамның табиғатқа қатынасын қайта ойлауды талап етеді. Қазақстан үшін бұл мәселе дерексіз емес: Арал теңізінің тартылуы мен Семей ядролық сынақ полигонының зардаптары табиғатты тек шикізат көзі деп қараудың неге апаратынын көрсетті.

1967 жылы Линн Уайт экологиялық дағдарыстың тамырын діни дүниетанымнан іздеп, батыстық иудей-христиан дәстүріндегі адамның табиғатқа үстемдігі идеясын сынға алды [1]. Бұл тезис қызу пікірталас туғызды және күтпеген нәтижеге әкелді, кейінірек әлемдік діндердің өкілдері өз дәстүрлерін экологиялық тұрғыдан қайта оқуға кірісті. Осылайша экотеология – дін мен табиғаттың өзара байланысын, діни дүниетанымның қоршаған ортаны қорғаудағы рөлін зерттейтін бағыт ретінде қалыптасты [2, 10-11 бб.].

Исламдық экотеология осы ізденістің бір тармағы ретінде Құран дүниетанымына, Мұхаммед пайғамбардың сүннетіне және ислам философиясының мұрасына сүйенеді. Ибраһим Оздемирдің еңбектерінде оның негізгі қағидалары жүйеленіп, бұл саланың әлі де жеткілікті зерттелмегені, одан әрі нақтылауды қажет ететіні атап өтілген [3, 10 б.]. Сонымен қатар исламдық экологиялық ойдың тарихы көбіне араб, парсы және түрік деректері негізінде жазылып келеді: әл-Ғазали, Руми, Ибн Араби, Саид Нурси есімдері жиі аталады, ал Орталық Азияның, оның ішінде қазақ даласының ойшылдары бұл дискурстан тыс қалып отыр.

Зерттеу барысында исламдық экотеологияның негізгі ұғымдарын қазақтардың интеллектуалдық дәстүрімен салыстырып, олардың арасындағы мазмұндық сабақтастықты көрсетуді мақсат еттік. Біздің болжамымыз бойынша, Матуриди ілімі, Абай Құнанбайұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни-философиялық мұрасы және дәстүрлі дүниетанымдағы обал мен кие ұғымдары бірігіп, табиғатқа жауапкершілікпен қараудың тұтас этикасын құрайды. Зерттеудің жаңалығы – қазақ интеллектуалдық дәстүрін исламдық экотеологияның өңірлік дереккөзі ретінде жүйелі түрде қарастыруында. Бұл екі жақты нәтиже береді. Бір жағынан, исламдық экотеологияның дереккөздік базасы кеңейсе, екінші жағынан, қазақ философиясы жаһандық экологиялық дискурсқа өз үнімен қосылады.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеуде негізгі үш әдіс қолданылды. Біріншіден, М.Э. Такер ұсынған экотеологиялық талдау үлгісі басшылыққа алынды, яғни дәстүрлі дереккөздердегі назардан тыс қалған мазмұнды қайта табу (retrieval), мәтіндерді экологиялық

тұрғыдан қайта пайымдау (reinterpretation) және теологиялық ұғымдарды жаңа жағдайға сай қайта құру (reconstruction) [4]. Екіншіден, герменевтикалық әдіс арқылы Абай Құнанбайұлының қара сөздері мен өлеңдері, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары және Матуридидің кәламдық ұғымдары талданды. Үшіншіден, салыстырмалы-философиялық әдіс исламдық экотеология ұғымдары мен қазақ дәстүріндегі ұғымдардың сәйкестігін анықтауға мүмкіндік берді.

Исламдық экотеологияның негізгі қағидалары

Исламдық экотеология Жаратушы, адам және табиғат арасындағы қатынас туралы жүйелі пайымдау ретінде анықталады [2, 11 б.]. Оның бастапқы тұжырымы – қоршаған ортаға қатынас дүниетанымнан туындайды. Жаңа заман ғылымы қалыптастырған механистік көзқарас бойынша табиғат – мақсаты мен мәні жоқ машина, оның құндылығы тек адамға пайдасымен өлшенеді. Мұндай түсінік табиғи ресурстарды шексіз тұтынуды ақтауға қызмет етті [3, 5 б.]. С.Х. Наср бұл жағдайды қазіргі адамның рухани дағдарысы деп сипаттаған [5]. Демек экологиялық мәселенің түбінде құндылықтық, метафизикалық сұрақ жатыр.

Құран дүниетанымы бұған қарама-қарсы бейне ұсынады. Құранның табиғат әлеміне қатысты шамамен 750 аяты бар [2, 11 б.]. Оларда аспан мен жер, жаңбыр мен жел, ара мен құмырсқа, түйе мен құс – барлығы Жаратушыны танытатын белгі (аят) ретінде сипатталады. «Аят» сөзінің Құран тармағын да, табиғат құбылысын да білдіруі кездейсоқ емес, мұнда табиғат – оқылуға тиіс екінші кітап [3, 20-21 бб.]. Алғашқы уахидің «Оқы!» деген әмірін Ибраһим Оздемир дүниеге Жаратушы атымен жаңаша қарауға шақыру деп түсіндіреді [3, 7 б.]. Ф. Рахманның пайымдауынша, табиғат өзінің шексіз кеңдігі мен тұрақты тәртібі арқылы адамға Құдайдың белгісі қызметін атқарады [6].

Осы негізде исламдық экотеология төрт тірек ұғымға сүйенеді [2, 11 б.]. Таухид – Жаратушының бірлігі және осыдан туындайтын жаратылыстың тұтастығы. Халифа – адамның жер бетіндегі орынбасарлық, қамқоршылық міндеті. Аманат – жердің адамға меншік ретінде емес, сеніп тапсырылған дүние ретінде берілуі. Мизан – жаратылыстағы өлшем мен тепе-теңдік [3, 13-14 бб.]. Адам жаратылыс сатысының жоғарғы басында тұрғанымен, табиғаттың иесі емес, ал жердің игілігі барлық тіршілік иесіне арналған, ал жануарлар Құранда адамдар сияқты «үмбет» деп аталады [3, 23-25 бб.].

Сүннет бұл қағидаларды күнделікті амалға айналдырады. Пайғамбар ағын өзеннің жағасында дәрет алғанда да суды ысырап етпеуді бұйырған [3, 14 б.]. Құстың ұясын бұзуға, тіршілік иесін себепсіз өлтіруге тыйым салған. Шөлдеген итке су берген адамның күнәсі кешірілгенін айтқан. Мәдина маңында аң аулауға және өсімдік шабуға болмайтын қорық аймақтарын (хима) белгілеген: «Қолыңда көшет тұрғанда қиямет басталса да, оны отырғыз» деп өсиет еткен [2, 20-21 бб.].

Ислам ойының тарихында бұл дүниетаным бай дәстүрге айналды. Әл-Ғазали Алланың көркем есімдерін түсіндіре отырып, жаратылыстағы сұлулық пен тәртіпті сол есімдердің көрінісі деп таныды [2, 17-19 бб.]. Руми таудың, желдің, оттың «тілі» барын жырлады, ал Саид Нурси әлемді Жаратушы

жазған кітапқа, оның әр құбылысын сол кітаптың әрпіне теңеді [3, 18-21 бб.]. Бұл мысалдар исламдық экотеологияның жаңадан ойлап табылған ілім емес, дәстүрдің өз ішінен қайта ашылған мазмұн екенін көрсетеді.

Исламдық экотеологияның екі қыры бар. Сыни қыры – антропоцентризмді және рухани өлшемді ескермейтін зайырлы экологизмнің шектеулілігін көрсету. Құрастырушы қыры – классикалық мұраны бүгінгі мәселелерге сай қайта оқу және экологиялық әділеттің іс жүзіндегі үлгілерін ұсыну [2, 12 б.]. Х. Розаның резонанс теориясы тілімен айтқанда, мақсат – әлемді үнсіз ресурс ретінде емес, адаммен үндесетін, жауап қататын тұтастық ретінде қайта сезіну [7, 14 б.]. Бұл міндетті орындау үшін әр мұсылман мәдениетінің өз мұрасына үңілуі қажет. Төменде осы тұрғыдан қазақ интеллектуалдық дәстүрінің үш қабаты қарастырылады: кәламдық негіз, ойшылдар мұрасы және дәстүрлі дүниетаным.

Матуриди ілімі - экологиялық этиканың қайнар көзі

Қазақ даласына ислам ханафи мазһабы мен матуриди ақидасы арқылы орнықты. Самарқандық Әбу Мансұр әл-Матуриди негізін қалаған бұл мектеп Мауараннаһр мен Түркістан өңірінің діни ойына шешуші ықпал етті [8].В. Маделунг көрсеткендей, Матуриди ілімінің кең таралуы түркі халықтарының исламды қабылдауымен тікелей байланысты болды. Ханафи мазһабы мен Матуриди ақидасы түркі әулеттері мен қауымдары арқылы Орталық Азиядан мұсылман әлемінің өзге өңірлеріне жайылды. Қазақ даласына бұл ілім Бұхара мен Самарқан медреселерінде оқытылған ақида мәтіндері, ең алдымен Нәжмуддин Омар ән-Насафидің «Ақаид» атты еңбегі мен оған жазылған шархтар арқылы жетті.

Исламдық экотеология жайлы әдебиетте Матуриди ілімі арнайы қарастырылмаған, алайда оның үш қағидасы экологиялық этикаға берік кәламдық негіз бола алады:

Біріншісі – әлемнің Жаратушыға дәлел болуы. Матуриди «Китаб әт-Таухидте» білімнің үш қайнарын атайды: сезім мүшелері, хабар және ақыл. Адам жаратылысқа ақылмен үңіліп, оның өздігінен пайда болмағанын, тәртібі мен үйлесімі бір Жаратушыны көрсететінін біледі. Әлемнің жаратылғанын дәлелдеуде Матуриди оның қарама-қарсы табиғаттардан құралғанына ерекше назар аударады: ыстық пен суық, құрғақ пен ылғал сияқты бір-бірін жоққа шығаратын қасиеттердің бір әлемде үйлесіп тұруы оларды біріктіріп, өлшеммен ұстап тұрған құдіретті әрі хаким Жаратушының барын көрсетеді [9]. Экологиялық тілмен айтқанда, табиғаттағы тепе-теңдік – өздігінен жұмыс істейтін механизм емес, үздіксіз сақталып тұрған үйлесім. Осы көзқарас оның «Тәуилат әл-Құран» тәпсірінде де байқалады. Жаратылыс туралы аяттарды Матуриди Алланың бірлігіне, құдіреті мен хикметіне және қайта тірілуге дәлел ретінде түсіндіреді. Бұл – Құрандағы «аят» ұғымының кәламдық өрнегі, яғни табиғатты тану мен Құдайды тану бір-бірінен ажырамайды.

Екіншісі – хикмет ілімі. Матуридидің анықтамасында хикмет – әр нәрсені өз орнына қою дегенді білдіреді. Бұл түсінік әділеттілікпен мағыналас. Алланың ісі хикметтен тыс болмайды, сондықтан жаратылыста бос, мәнсіз нәрсе жоқ [9].

Бұдан экологиялық маңызы зор қорытынды шығады - әр жаратылыстың өз орны, өз өлшемі бар, ал оны орнынан тайдыру – ысырап пен бүлікке (фасад) әкеледі. Бұл ретте ол хикметке қарсы әрекет. Мизан ұғымы осылайша кәламдық дәйекке ие болады. Матуриди мектебінің «тәкуин» (жарату) сипатын Алланың әзәли сипаты деп тануы да жаратылысқа ерекше мән береді, яғни әлем – кездейсоқ туынды емес, Жаратушының тұрақты сипатының көрінісі.

Үшіншісі – ақыл мен ерік. Матуриди ілімінде ақыл Жаратушының барын және кейбір істің жақсы-жаманын уахиге дейін-ақ айыра алады, ал адам өз ісін нақты таңдау (ихтияр) арқылы жасайды, сондықтан оған жауап береді [8]. Матуриди бойынша адамның бір істі істеуге де, істемеуге де қабілеті бар. Қандай да бір істі Алла жаратады, бірақ оны таңдайтын адамның өзі, сондықтан мадақ пен айып адамға тиесілі. Ол дүниені сынақ мекені деп түсіндіреді және бұл адамға берілген нығмет – әрі игілік, әрі жауапкершілік. Ислам этикасында нығметке лайықты жауап – шүкір, ал шүкір тек тілмен емес, нығметті өз орнына жұмсау арқылы орындалады. Демек табиғат игілігін ысырап ету хикметке де, шүкірге де қайшы. Халифа мен аманат ұғымдары осы қағидасыз мағынасын жоғалтар еді. Табиғат Алланың заңына еріксіз бағынса, адам ғана саналы таңдау жасайды [3, 16-17 бб.]. Қорытындылай келе, табиғатты қорғау – сырттан таңылған міндет емес, ақыл иесінің өз еркімен көтеретін жауапкершілігі. Қазақ ойшылдарының діни-этикалық көзқарастары дәл осы кәламдық топырақта қалыптасты.

Исламдық экотеологияның түркі-қазақ философиясындағы көріністері

Түркі-қазақ философиялық ойының бастауында тұрған Әбу Насыр әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» трактатында болмысты Бірінші Себептен тарайтын, әр сатысы өз орнында тұрған үйлесімді тұтастық ретінде сипаттайды. Қайырымды қала осы ғарыштық тәртіпке және сау дене мүшелерінің келісіміне ұқсап құрылуы тиіс [10]. Мұнда қоғамдық құрылым мен әлем тәртібі бір-бірінен бөлінбейді. Адам қауымы жаратылыс үйлесімін бұзбай, оны жалғастыруға міндетті. Ибраһим Оздемир атап көрсететін Құранның жер бетінде әділетті әрі этикаға негізделген қоғамдық тәртіп орнату мақсаты әл-Фарабиде философиялық жүйеге айналған [2, 15 б.].

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» осы дүниетанымды түркі тілінде халыққа жеткізді. Қ.А. Ясауи адамды топырақтай кішіпейіл болуға, ешбір жанға азар бермеуге, нәпсіні тыюға шақырады [11]. Топырақ бейнесі кездейсоқ емес, мұнда адам жерден жаратылған және жерге қайтады, сондықтан жерге менмендікпен қарау – өз тегін ұмыту дегенді білдіреді. Сопылық нәпсі тәрбиесі қазіргі тілмен айтқанда тұтынуды өз еркімен шектеу этикасы болып табылады. Қазақ ойшылдары осы екі арнаны, фәлсафаның үйлесім идеясы мен сопылықтың кішіпейілділігін мұра етіп алды.

Абай Құнанбайұлының қара сөздері мен өлеңдерінде «экология» сөзі жоқ, бірақ исламдық экотеологияның тірек ұғымдарының баламасы бар. Отыз сегізінші қара сөзінде қазақ ойшылы Алланың сегіз сипатын атайды: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басар, Сәмиғ, Ирада, Кәләм, Тәкуин [12]. Тәкуинді дербес сипат

ретінде атауы оның Матуриди дәстүрінде тұрғанын аңғартады. Сол сөзде Абай Құнанбайұлы Алланың есімдерін ғылым, рахым және әділеттілік төңірегінде жинақтап, адамды осы сипаттарға ұқсауға шақырады. Бұл Ибраһим Оздемир көрсеткен «көркем есімдер» (әл-әсма әл-хусна) экотеологиясымен тікелей үндес. Бұл ретте жаратылыс – Жаратушы есімдерінің айнасы, ал адам сол есімдердің мағынасын өз ісінде жүзеге асырушы [2, 17-18 бб.].

Абай Құнанбайұлы үшін жаратылыс – ақылмен оқылатын мәтін. Жиырма жетінші сөзінде Сократ пен оның шәкіртінің әңгімесі арқылы адам денесі мен әлем құрылысындағы мақсаттылық Жаратушының хикметіне дәлел ретінде көрсетіледі. Қырық бесінші сөзінде ол бұл ойды былай деп түйеді: «Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пендеміз» [12]. «Жаратқан көлеңкесі» бейнесі мен исламдық экотеологиядағы айна бейнесі бір мағынаны білдіреді, яғни жаратылыс өзін емес, өзінен тыс тұрған Иесін көрсетеді [3, 8 б.].

Абай этикасының өзегі – махаббат пен әділеттілік. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде ол үш сүюді атайды:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті» [12, 66 б.].

Жаратылыстың бастауы махаббат болса, оған қатынас та махаббатқа негізделуі тиіс. Бұл Ибраһим Оздемир келтіретін Жүніс Әмренің «Жаратылғанды Жаратушы үшін сүйеміз» деген сөзімен мағыналас [3, 29 б.]. Абайда бұл сүйіспеншілік адамзатқа бағытталғанымен, оның қисыны кеңірек. Жаратушы махаббатпен жаратқан нәрсенің бәрі құрметке лайық.

«Толық адам» тұжырымдамасы экотеология үшін ерекше маңызды. Абай отыз сегізінші сөзінде кемел адамның белгісі ретінде үш қасиетті – сиддық (шындық), кәрам (ізгілік) және ғақылды (ақыл) атап, оларды әділеттілік пен рахымға тірейді [12]. Он жетінші сөзіндегі қайрат, ақыл, жүректің бірлігі де осы тұтастықты білдіреді. Толық адам – білімін, күшін және сезімін әділеттілікке бағындырған адам. Экологиялық тұрғыдан бұл – халифа ұғымының этикалық мазмұны: табиғатқа билік емес, өлшем мен мейірім арқылы қамқорлық. Абайдың нәпсіқұмарлықты, мақтаншақтық пен ысырапты сынауы бүгінгі тұтынушылық мәдениетті сынаумен сабақтас.

Абайдың табиғат лирикасы осы дүниетанымның көркем көрінісі. «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» өлеңдерінде жыл мезгілдері көшпелі ауыл тіршілігімен тұтас суреттеледі және адам, мал, жер мен күн бір ырғақта өмір сүреді. Мұнда табиғат – сахна емес, тіршіліктің қатысушысы. Абайдың шәкірті Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анықта» ар-ожданды адам болмысының негізі деп танып, бұл желіні жалғастырды [13]. Ар-ождан алдындағы жауапкершілік тек адамға емес, күллі тіршілікке қатысты.

Қазақ ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының діни философиясында исламдық экотеологиялық бастаулар айқын байқалады. Бұхара медреселерінде білім алған ол қазақ даласындағы ханафи-матуриди дәстүрінің көрнекті өкілі. Оның мұрасында исламдық экотеологияға қатысты екі желі бар.

Бірінші желі – жаратылыс танымы. Мәшһүр Жүсіптің діни дастандары мен өлеңдерінде аспан мен жердің, адам мен жан-жануардың жаратылуы баяндалып, әлемнің тәртібі Жаратушының құдіреті мен хикметінің айғағы ретінде түсіндіріледі. Ойшыл оқырманды жаратылысқа ғибрат көзімен қарауға, одан тағылым алуға үндейді. Бұл – Құрандағы тәфәккур мен тәдәббур, яғни жаратылыс туралы терең ойлану амалының [2, 18-19 бб.] қазақ тіліндегі көрінісі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Жер мен көк» поэмасында дін мен моральдың, сенім мен ақылдың, өмір мен өлімнің мәні, әлемдік діндердегі Құдай өсиеттерінің мағынасы және адамзаттың рухани жауапкершілігі мәселелері кеңінен қозғалады. Мәшһүр Жүсіп әлемнің жаратылуы, алғашқы күнә, адам мен Жаратушы арасындағы байланыс туралы ойларын көркем бейнелер арқылы жеткізе отырып, әлемді танудың діни-философиялық моделін ұсынады. Ол аспан мен жердің бір Жаратушы күшімен жаратылғанын және олардың арасындағы үйлесім адамзаттың ізгі істері арқылы сақталатынын атап көрсетеді [14]. Поэмада әлемнің, жер мен адамның жаратылысын түсіндіруде дәстүрлі канондармен қатар тың философиялық пайымдаулар ұсынылады.

Мәшһүр Жүсіп каноникалық бейнелерге жаңа мағына беріп, символикалық тәсіл арқылы әлемдік үйлесім, жақсылық пен жамандық, жарық пен қараңғылық сияқты дуалистік ұғымдардың мәнін ашады. Оның дүниетанымында ғалам – шексіз әрі сан алуан өзгерістегі тұтас жүйе, ал адам – сол әлемнің рухани жауапты бөлігі ретінде қарастырылады.

Мәшһүр Жүсіптің сопылық әлеміне бойлау үшін оның «Жер мен көк» дастанын зерделеудің маңызы зор. Шығарманың арқауы болған мифологиялық желілер халықтық сенім-нанымдардың пәлсапалық астарын ұғынуға мүмкіндік береді. Мұнда әлемнің жаратылуы туралы көне мифтік ұғымдар исламдық космогониямен астарласып, бүкіл болмыс Хақ тағаланың шексіз құдіретімен байланыстырыла баяндалады. Аспан мен жердің жаратылу тарихын Мұхаммед пайғамбардың өмір жолымен сабақтастыру – сопылық танымдағы әлемнің тұтастығы идеясынан туындаған. Ойшыл үшін ғаламның жаратылуы мен пайғамбарлық миссия – біртұтас рухани жүйенің құрамдас бөліктері. Мұндай тұтас бейнелеу оқырманның Алланың құдіретіне деген кәміл сенімін ұялатуды көздейді [14].

Екінші желі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы жер мәселесі. 1907 жылы Қазанда жарық көрген «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты еңбегінде Мәшһүр Жүсіп жерді ата-бабадан мирас болып қалған, келер ұрпаққа жеткізілуі тиіс игілік ретінде қарастырады. Отарлық саясат жағдайында жазылған бұл шығарма ең алдымен саяси-құқықтық мазмұнда, алайда оның астарында жерге меншік емес, аманат ретінде қарау түсінігі жатыр. Исламдық экотеологиядағы келер ұрпақ құқығы туралы қағида [2, 21 б.] мұнда ұлттық тарихи тәжірибе арқылы өрнектелген.

Мәшһүр Жүсіп үшін жер – ұлттың тарихи тәжірибесін, мәдени жадын және рухани болмысын сақтайтын кеңістік. Сондықтан ол Қабанбай, Бөгенбай, Қазыбек, Жәнібек секілді тарихи тұлғалардың қызметін мысалға ала отырып, жерді қорғау идеясын ұжымдық тарихи жауапкершілікпен байланыстырады. Мұндай пайымдау

жер ұғымын материалдық меншік деңгейінен шығарып, оны ұлттық болмыстың онтологиялық негізі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Ойшылдың бұл еңбегінде тарихи жады мен қоғамдық жауапкершілік мәселесі өзара тығыз байланыста қарастырылады. Ол қазақ қоғамының жерден айырылуын тек экономикалық шығын немесе саяси әділетсіздік ретінде емес, тарихи сабақтастықтың үзілуі және рухани кеңістіктің тарылуы ретінде бағалайды [15].

Қазақ ойшылдары мұрасы халықтың күнделікті тұрмысында обал, сауап және кие ұғымдары арқылы өмір сүрді. Обал – жаратылғанға орынсыз зиян келтірудің, игілікті рәсуа етудің күнә екенін білдіретін ұғым. «Обал болады» деген сөз нанның қиқымына да, аяқ астындағы көк шөпке де, жаралы аңға да қатысты айтылады. Мазмұны жағынан бұл – исламдағы ысырапқа тыйымның халықтық атауы. Сауап – керісінше, жаратылысқа жасалған жақсылықтың Алла алдындағы қайтарымы.

Қазақтың тыйым сөздері осы этиканы нақты ережеге айналдырған: «Көкті жұлма», «Суға түкірме», «Құстың ұясын бұзба», «Бұлақ көрсең, көзін аш». Бұлардың сүннеттегі өсиеттермен сәйкестігі айқын: суды ағын өзен басында да ысырап етпеу, құс ұясына тимеу, тіршілік иесін себепсіз өлтірмеу [3, 14 б.]. Кие ұғымы аққу, үкі сияқты құстарды, бұлақ пен жалғыз ағашты қол сұғуға болмайтын қасиетті нысан ретінде қорғады. Бұл түсініктің исламға дейінгі тамыры бар, алайда ғасырлар бойы ол исламдық мазмұнмен тоғысып, жаратылыстың өз құны бар деген ойды орнықтырды.

Көшпелі шаруашылықтың өзі мизан қағидасының тәжірибелік үлгісі болды. Қыстау, көктеу, жайлау, күзеу арасындағы маусымдық көш жайылымның тозбауын қамтамасыз етті. Жерді тынықтыру, қорық қалдыру дәстүрі пайғамбар белгілеген хима аймақтарын еске түсіреді [2, 20-21 бб.]. Мұнда экологиялық тепе-теңдік сыртқы заңмен емес, обал мен сауапқа негізделген ішкі тыйыммен сақталды. Мәшһүр Жүсіп жинаған ауыз әдебиеті үлгілері, мақал-мәтелдер, аңыздар, жан-жануар туралы әңгімелер – халықтық экологиялық білімнің қоймасы. Оларды экотеологиялық тұрғыдан арнайы зерттеу алдағы міндет болып қала береді.

Исламдық экотеологияның қолданбалы әлеуеті

Бұл сабақтастықтың тек тарихи емес, практикалық та маңызы бар. Индонезия тәжірибесі діни қауымдастықтардың тұрақты дамуға нақты үлес қоса алатынын көрсетті. Онда экологиялық бағыттағы медреселер (эко-песантрен), «жасыл мешіттер», орман мен суды қорғауға арналған уақыптар жұмыс істейді, ал ғұламалар кеңесі жабайы табиғатты қорғау және орманды өртеуге тыйым салу жөнінде пәтуалар шығарған [16, 262-264 бб.]. Мұндай бастамалардың табысы дін қайраткерлеріне деген сенімге және діни ұғымдардың жергілікті мәдениет тілінде айтылуына байланысты. Бұл – жекелеген елдің тәжірибесі ғана емес. 2015 жылы Стамбұлда ұсынылған Климаттың өзгеруі жөніндегі ислам декларациясы және сол жылы Ислам ынтымақтастығы ұйымына мүше елдердің қоршаған орта министрлері қабылдаған декларация мұсылман әлемінің

экологиялық жауапкершілігін халықаралық деңгейде бекітті [16, 260 б.]. 2024 жылы БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы жариялаған «Әл-Мизан: Жер үшін келісім» құжаты исламдық экологиялық қағидаларды жүйелі түрде баяндады [17]. Зерттеушілер діннің қоршаған ортаны қорғауға ықпал ететін жеті арнасын атайды: меншігіндегі активтер, білім беру мекемелері, даналық мұрасы, өмір салты, ақпарат құралдары, мерекелер мен рәсімдер және серіктестік [15, 259 б.].

Қазақстан үшін экологиялық тәрбие халыққа таныс ұғымдарға сүйенгенде ғана әсерлі болады. Бұл тұжырым экологиялық психология деректерімен де расталады. А. Колльмусс пен Дж. Агьеманның шолуы көрсеткендей, экологиялық білімнің өзі мінез-құлықты өзгертуге жеткіліксіз. Оны білім мен іс-әрекет арасындағы алшақтықты құндылықтар, әдет және мәдени нормалар айқындайды [18]. Обал, сауап, аманат, кие аударуды қажет етпейтін, әр қазақ отбасына түсінікті сөздер. Оларды Абайдың «толық адам» ілімімен байланыстыру экологиялық білім беруге, діни ағартуға және тұрақты даму саясатына мазмұндық тірек бере алады. Қазақстанда бұған институционалдық алғышарттар бар. Мысалы, 2021 жылы жаңа Экология кодексі қабылданды, 2023 жылы 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы бекітілді, 2024 жылдан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы өткізіліп келеді [19]. Алайда бұл құжаттар негізінен құқықтық және технологиялық тетіктерге сүйенеді және оларды халықтың құндылықтық санасымен байланыстыратын мазмұн жеткіліксіз. Обал мен аманат ұғымдары осы олқылықтың орнын толтыра алады. Сонымен бірге дәстүрді дәріптеумен шектелуге болмайды. Қазақстандағы экологиялық апаттар дәл осы дәстүр үзілген, табиғатқа механистік көзқарас үстем болған кезеңде орын алды. Сондықтан міндет – өткенді аңсау емес, ұмыт қалған этикалық қорды бүгінгі ғылыми біліммен ұштастыра отырып қайта жаңғырту.

Нақты бағыттар ретінде келесілерді атауға болады: мектеп пен жоғары оқу орындарының этика және дінтану курстарына обал мен аманат ұғымдарын экологиялық мазмұнда енгізу; мешіттердегі уағыз бен діни ағарту жұмысында суды, жерді және жан-жануарды қорғау тақырыбын Абай мен Мәшһүр Жүсіп мәтіндері арқылы түсіндіру; қорық пен қасиетті жерлерді қорғау ісінде жергілікті қауымның дәстүрлі білімін ескеру.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде исламдық экотеологияның тірек ұғымдары: аят, таухид, мизан, халифа, аманат қазақ философиясында өзіндік баламаларын тауып, Матуридидің хикмет пен ихтияр туралы ілімі бұл ұғымдарға кәламдық негіз береді. Ал Абай Құнанбайұлының жаратылысты ақылмен оқу, махаббат пен әділеттілік және «толық адам» туралы ойлары олардың философиялық-этикалық мазмұнын ашса, Мәшһүр Жүсіптің мұрасы мен халықтық обал этикасы оларды тарихи тәжірибе мен тұрмыс деңгейіне жеткізеді. Қазақ дәстүрі исламдық экотеологияға жаңа дереккөз ғана емес, жаңа екпін де қосады. Мұнда табиғатқа жауапкершілік көшпелі тұрмыстың тәжірибесі, тыйым мен обал тілі арқылы

орныққан. Бұл исламдық экотеологияның өңірлік алуан түрлілігін көрсетеді. Анықталған сабақтастық Қазақстандағы экологиялық тәрбие мен тұрақты даму саясатында қолдануға жарамды ұғымдық қор ұсынады.

Алдағы уақытта Абай Құнанбайұлының, Мәшһүр Жүсіптің қолжазба мұрасын, Шәкәрім Құдайбердіұлы дәстүрін экотеологиялық тұрғыдан арнайы талдау, сондай-ақ обал мен кие ұғымдарының бүгінгі қазақстандықтардың экологиялық мінез-құлқына ықпалын эмпирикалық зерттеу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 White L. The Historical Roots of Our Ecologic Crisis // Science. – 1967. – Vol. 155, № 3767. – P. 1203–1207.

2 OzdemirI. Islamic ecotheology: foundations and challenges // Handbook on Religion and the Environment / ed. by S.P. Bratton, S.C. Boddie, I. Ozdemir. – Cheltenham: Edward Elgar Publishing, 2026. – P. 10-23.

3 OzdemirI. Toward an Understanding of Environmental Ethics from a Qur'anic Perspective // Islam and Ecology: A Bestowed Trust / ed. by R.C. Foltz, F.M. Denny, A. Baharuddin. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 2003. – P. 3-37.

4 Tucker M.E., Berling J. Worldly Wonder: Religions Enter Their Ecological Phase. – Chicago: Open Court, 2003.

5 Nasr S.H. Man and Nature: The Spiritual Crisis in Modern Man. – Chicago: Kazi Publications, 2007.

6 Rahman F. Major Themes of the Qur'an. – Minneapolis: Bibliotheca Islamica, 1980.

7 Rosa H. Resonance: A Sociology of Our Relationship to the World / transl. by J.C. Wagner. – Medford, MA: Polity, 2019.

8 Rudolph U. Al-Māturīdī and the Development of Sunnī Theology in Samarqand / transl. by R. Adem. – Leiden: Brill, 2015.

9 Ebû Mansûr el-Mâtürîdî. Kitâbü't-Tevhîd / thk. B. Topaloğlu, M. Aruçi. – Ankara: İSAM Yayınları, 2003.

10 Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973.

11 Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы: Мұраттас, 1993.

12 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005.

13 Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. – Алматы: Қазақстан, 1991.

14 Көпейұлы М.Ж. Жер мен көк: Қисса. – Алматы, 2003. – 117 – 164 бб.

15 Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Сары - Арқа кімдікі екендігі. – Қазан: Шәрәф матбағасы, 1907. – 24 б.

16 Mangunjaya F.M., Ozdemir I. Sustainability and Communities of Faith: Islam and Environmentalism in Indonesia // Civic Engagement in Asia: Lessons from Transformative Learning in the Quest for a Sustainable Future / ed. by M. Indrawan. – Jakarta: Yayasan Pustaka Obor Indonesia, 2020. – P. 257-268.

17 Khalid F., Llewellyn O. et al. Al-Mīzān: A Covenant for the Earth. – UNEP, 2024. – URL: https://www.almizan.earth

18 Kollmuss A., Agyeman J. Mind the Gap: Why Do People Act Environmentally and What Are the Barriers to Pro-environmental Behavior? // Environmental Education Research. – 2002. – Vol. 8, № 3. – P. 239–260.

19 Қазақстан Республикасының Экология кодексі. 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ.

Transliteration

1 White L. The Historical Roots of Our Ecologic Crisis // Science. – 1967. – Vol. 155, № 3767. – P. 1203–1207.

2 OzdemirI. Islamic ecotheology: foundations and challenges // Handbook on Religion and the Environment / ed. by S.P. Bratton, S.C. Boddie, İ. Özdemir. – Cheltenham: Edward Elgar Publishing, 2026. – P. 10–23.

3 OzdemirI. Toward an Understanding of Environmental Ethics from a Qur'anic Perspective // Islam and Ecology: A Bestowed Trust / ed. by R.C. Foltz, F.M. Denny, A. Baharuddin. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 2003. – P. 3–37.

4 Tucker M.E., Berling J. Worldly Wonder: Religions Enter Their Ecological Phase. – Chicago: Open Court, 2003.

5 Nasr S.H. Man and Nature: The Spiritual Crisis in Modern Man. – Chicago: Kazi Publications, 2007.

6 Rahman F. Major Themes of the Qur'an. – Minneapolis: Bibliotheca Islamica, 1980.

7 Rosa H. Resonance: A Sociology of Our Relationship to the World / transl. by J.C. Wagner. – Medford, MA: Polity, 2019.

8 Rudolph U. Al-Māturīdī and the Development of Sunnī Theology in Samarqand / transl. by R. Adem. – Leiden: Brill, 2015.

9 Ebû Mansûr el-Mâtürîdî. Kitâbü't-Tevhîd / thk. B. Topaloğlu, M. Aruçi. – Ankara: İSAM Yayınları, 2003.

10 Әl-Farabi. Filosofijalyқ traktattar [Philosophical Treatises]. – Almaty: Ғylym, 1973.

11 Қozha Ahmet Jasaui. Diuani hikmet (Aқyl kitaby) [Diwani Hikmet (Book of Wisdom)]. – Almaty: Mұrattas, 1993.

12 Abaj (Ibrahim) Құnanbajұly. Shyғarmalarynyң eki tomdyқ tolyқ zhinaғy [Complete two-volume collection of works]. – Almaty: Zhazushy, 2005.

13 Shәkәrim Құdajberdiұly. Ysh anyқ [Three Certainties]. – Almaty: Қazaқstan, 1991.

14 Kөpejұly M.Zh. Zher men kөk: Қissa [Earth and Sky: A Tale]. – Almaty, 2003. – 117 – 164 bb.

15 Mәshhұr Zhұsip Kөpeev. Sary – Arқa kimdiki ekendigi To whom Sary-Arka belongs]. – Қazan: Shәrәf matbәғasy, 1907. – 24 b.

16 Mangunjaya F.M., Ozdemir I. Sustainability and Communities of Faith: Islam and Environmentalism in Indonesia // Civic Engagement in Asia: Lessons from Transformative Learning in the Quest for a Sustainable Future / ed. by M. Indrawan. – Jakarta: Yayasan Pustaka Obor Indonesia, 2020. – P. 257–268.

17 Khalid F., Llewellyn O. et al. Al-Mīzān: A Covenant for the Earth. – UNEP, 2024. – URL: https://www.almizan.earth

18 Kollmuss A., Agyeman J. Mind the Gap: Why Do People Act Environmentally and What Are the Barriers to Pro-environmental Behavior? // Environmental Education Research. – 2002. – Vol. 8, № 3. – P. 239–260.

19 Қazaқstan Respublikasynyң Jekologija kodeksi [Environmental Code of the Republic of Kazakhstan]. 2021 zhylғy 2 қaңtardaғy № 400-VI ҚRZ.

ISSN 1999-5911 (Print)
ISSN 2960-2173 (Online)

И. Оздемир, Г.Г. Барлыбаева, А.Б. Кельдинова, Г.И. Нусипова
Основы исламской экотеологии в казахской философии

Аннотация. Цель статьи - определить основные принципы исламской экотеологии на основе казахской философской мысли и раскрыть их отражение в отечественном религиозно-философском наследии. В соответствии с этой целью экологический кризис рассматривается не только как техническая или экономическая проблема, но и как мировоззренческая проблема, определяющая отношение человека к природе, собственной сущности и Творцу.

Теоретическую основу исследования составляет концепция исламской экотеологии, построенная на понятиях таухид, халифа, аманат, мизан и аят. В работе использованы герменевтический и сравнительно-философский методы, а также приемпереосмысления традиционных текстов. Указанная концепция сопоставлена с учением Матуриди, идеями аль-Фараби и Ходжи Ахмеда Ясави, религиозно-философским наследием Абая Кунанбаева и Машхур Жусупа Копеева. В результате сформулированы три вывода. Во-первых, учение Матуриди о мудрости, свободном выборе и ответственности человека может служить основой экологической этики. Во-вторых, идеи Абая о познании творения разумом, о любви и справедливости и о «целостном человеке» созвучны экотеологическому пониманию природы как знамения Творца. В-третьих, понимание земли как аманата для будущих поколений у Машхур Жусупа Копеева, а также народные запреты и понятия обал, сауап и кие представляют собой выражение исламских принципов аманата и запрета расточительства в историческом опыте и повседневной жизни. Новизна исследования состоит в том, что казахская философия рассматривается как еще недостаточно изученный региональный источник исламской экотеологии.

Ключевые слова:казахская философия, исламская экотеология, экологическая этика, учение Матуриди, тюрко-казахская философская традиция.

I. Ozdemir, G.G. Barlybayeva, A.B. Keldinova, G.I. Nussipova
Foundations of islamic ecotheology in kazakh philosophy

Abstact. The aim of this article is to identify the fundamental principles of Islamic ecotheology within Kazakh philosophical thought and examine their reflection in the country's religious and philosophical heritage. The ecological crisis is considered not only a technical or economic problem but also a worldview issue concerning human relationships with nature, oneself, and the Creator. The theoretical basis of the study is the framework of Islamic ecotheology built on the concepts of tawhid, khalifah, amanah, mizan and ayah. The study uses hermeneutic and comparative philosophical methods, together with an ecological reinterpretation of traditional texts. This framework is compared with the teaching of al-Maturidi, the ideas of al-Farabi and Khoja Ahmed Yasawi, and the religious and philosophical legacy of Abai Kunanbaev and Mashhur Zhusup Kopeev. Three conclusions are drawn. First, al-Maturidi's teaching on wisdom, free choice and human responsibility can serve as a kalam foundation for environmental ethics. Second, Abai's ideas on knowing creation through reason, on love and justice, and on the "complete human" are consonant with the ecotheological understanding of nature as a sign of the Creator. Third, Mashhur Zhusup Kopeev's understanding of land as a trust for future generations, together with folk prohibitions and the notions of obal, sauap and kie, expresses the Islamic principles of amanah and the prohibition of wastefulness in historical experience and everyday life. The novelty of the study lies in treating Kazakh philosophy as an insufficiently studied regional source of Islamic ecotheology.

***Keywords*:** Kazakh philosophy, Islamic ecotheology, environmental ethics, Maturidi theology, Turkic-Kazakh philosophical tradition.

Қаржыландыру. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант AP26199931 «Түркі-қазақ философиялық дәстүрі: қазіргі қазақстандық қоғамның трансформациялану үдерісіндегі негізгі идеялар мен басымдылықтары»)

Авторлардың үлесі: **Өздемир И. ,** кіріспе және «Исламдық экотеологияның негізгі қағидалары» бөлімі; **Барлыбаева Г.Г., Кельдинова А.Б.,** аңдатпа, әдіснама, қорытынды, «Матуриди ілімі экологиялық этиканың қайнар көзі ретінде» және «Исламдық экотеологияның түркі-қазақ философиясындағы көріністері» бөлімдері; **Нүсіпова Г.И.,** «Исламдық экотеологияның қолданбалы әлеуеті» бөлімі, мақаланы форматтау және қолжазбаны дайындау.

Келіп түсті 31.08.2026
Қабылданды 14.10.2026

ҒТАХР 02.41.21 https://doi.org/10.48010/2026.4/1999-5911.03

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ БІЛІМІ: ЭПИСТЕМОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

[1]С.Г. Акапова, [2]М.С. Саркулова, [3]Х.А. Шимшек, [4]У.У. Аймбетова*
[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан)
[3]Кастамону университеті (Кастамону, Түркия)
[4]Астана халықаралық университеті (Астана, Қазақстан), «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей қорығы (Ұлытау, Қазақстан)
[1]akapovasaya@gmail.com, [2]sarkulovamanifa@gmail.com, [3]simsekahmet@hotmail.com, [4]aim_bat@mail.ru

[1]S. Akapova, [2] M. Sarkulova, [3]H. Shimshek, [4]U. Aimbetova,
[1,2]L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan)
[3]Kastamonu University (Kastamonu Turkey)
[4]Astana International University (Astana, Kazakhstan), National Historical, Cultural and Natural Reserve-Museum «Ulytau» of the CC MCI RK (Ulytau, Kazakhstan)
[1]akapovasaya@gmail.com, [2]sarkulovamanifa@gmail.com, [3]simsekahmet@hotmail.com, [4]aim_bat@mail.ru

Сілтеме: Акапова С.Г., Саркулова М.С., Шимшек Х.А., Аймбетова У.У. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық білімі: эпистемологиялық және философиялық талдау // *Әл-Фараби*. – 2026. – Т. 24. № 4(96). – 31- 44 бб.

Аңдатпа. Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық білімнің эпистемологиялық және философиялық негіздері қарастырылады. Зерттеуде халық білімі қарапайым тұрмыстық тәжірибелердің жиынтығы ғана емес, рулық жад, қоғамдық сана, әлеуметтік нормалар, салт-дәстүрлік тәжірибе және тіл арқылы қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген біртұтас танымдық, эпистемалық жүйе ретінде пайымдалады. Зерттеудің теориялық негізін этнограф Халел Арғынбаевтың ғылыми еңбектері мен құнды мұрасы құрайды. Оның отбасы институты, неке дәстүрлері, туыстық жүйе мен мал шаруашылығына қатысты халықтың жинақтаған тәжірибесіне негізделген іргелі еңбектері қазақтың дәстүрлі әлемін тарихи реконструкциялаудың маңызды дереккөзі ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында құрылымдық-функционалдық талдау, герменевтикалық және салыстырмалы-типологиялық әдістер пайдаланылды. Талдау нәтижесінде халық білімін сипаттаудың үш негізгі өлшемі анықталды: прагматикалық, әлеуметтік нормативтік және онто-космологиялық. Жеті ата институты білімнің шынайылығын айқындайтын құрал ретінде қызмет етеді, ал ырым-тыйымдар мен салт-дәстүрлер танымдық формалар, шежіре болса ұжымдық жадының ерекше бір көрінісі деп саналады. Зерттеу дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық білімінің біртұтас эпистемалық жүйе болғанын көрсетіп, Халел Арғынбаев мұрасының осы жүйені тарихи-философиялық тұрғыдан зерделеудегі маңызын айқындайды.

*Автор-корреспондент: У.У. Аймбетова, aim_bat@mail.ru

Түйін сөздер: халық білімі, эпистемология, дәстүрлі қоғам, Халел Арғынбаев, шежіре, жеті ата, халықтық медицина, қазақ философиясы.

Кіріспе

Кез келген этностың дәстүрлі мәдениеті ғасырлар бойы жинақталған таным тәжірибесін өз бойында сақтайды. Алайда академиялық ғылымда, оның ішінде эпистемология мен мәдениет философиясында, бұл тәжірибені зерттеу ұзақ уақыт еуропацентристік парадигма ықпалында болды. Соның нәтижесінде халықтық таным жүйесі көбіне алғышарт, ғылымға дейінгі таным сатысы немесе тарихи артта қалушылықтың белгісі ретінде сипатталып келді. Постколониалдық зерттеулер мен когнитивтік антропологияның қазіргі дамуы дәстүрлі халық біліміне қатысты бұрынғы таптаурын көзқарастарды түбегейлі қайта қарауға мүмкіндік берді. Бүгінгі академиялық ортада халықтық танымның жай ғана тұрмыстық дағдылар емес, өзіндік ішкі логикасы, ақиқатты тексеру тетіктері мен ақпаратты сақтап жеткізу арналары қалыптасқан тұтас эпистемалық жүйе екені толық мойындалды [1, 38 б; 2, 61 б.]. Аталған жүйе қоршаған ортамен, әлеуметтік құрылыммен және рухани онтологиямен тығыз байланыста дамып, көшпелі өркениеттің өміршеңдігін қамтамасыз еткен негізгі интеллектуалдық тірек қызметін атқарды.

Халық білімінің эпистемологиялық табиғаты оның қалыптасуы, тексерілуі және ұрпақтан ұрпаққа берілу тетіктерінің бірлігінен көрінеді. Жазба дәстүрі шектеулі болған ауызша мәдениетте осы үш үдеріс бір-бірінен ажырамайды, олар тіл, рәсім және әлеуметтік институт арқылы бір мезгілде жүзеге асады. Нақ осы тұтастық дәстүрлі білімнің эпистемологиялық табиғатын айқындайды.

Соңғы онжылдықтарда Ф. Беркес дәстүрлі білімді өзара байланысқан «білім-тәжірибе-наным» ретінде сипаттады [3, 16-18 бб]. Бұл тұжырым қазақ қоғамындағы халық білімін де тұтас эпистемалық жүйе ретінде пайымдауға мүмкіндік береді.

Қазақ мәдениетінің аясындағы күрделі эпистемологиялық мәселені ашудың басты ғылыми кілті профессор Халел Арғынбаевтың (1924-1998) іргелі мұрасында жатыр деуге негіз бар. Ол қазақ халқының неке институтын, әдет-ғұрыптар мен мен салт дәстүрлердің мазмұндық құрылымын, туыстық қатынастар жүйесі мен есімге қатысты тілдік тыйымдардың әлеуметтік-реттеушілік рөлін, XIX ғасырдағы қазақ қоғамының институционалдық ерекшеліктерімен қатар, мал ауруларын емдеудегі халықтық ветеринария мен дәстүрлі медицинаның тәжірибесін де кешенді түрде терең зерделеді. Оның мұрасы этнографиялық деректерді жинақтаумен ғана шектелмей, олардың философиялық және эпистемологиялық мәнін ашуға мүмкіндік береді [4, 101 б].

Зерттеудің өзектілігі дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық білімінің көбіне этнографиялық дерек ретінде қарастырылып, оның эпистемологиялық табиғатының жеткілікті деңгейде ашылмауымен байланысты. Халық білімін тұтас танымдық жүйе ретінде философиялық тұрғыдан зерделеу қазақ дүниетанымының рационалдық негіздерін айқындауға мүмкіндік береді. Осыған

байланысты Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасын философиялық тұрғыдан қайта зерделеу өзекті болып табылады.

Зерттеудің басты мақсаты – дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық білімінің эпистемологиялық негіздерімен қатар, оның қалыптасуы, сақталуы және ұрпақтан-ұрпаққа берілу тетіктерін ұлттық этнография ғылымының ірге тасын қалаған Халел Арғынбаевтың ғылыми еңбектері мен этнографиялық материалдары арқылы философиялық тұрғыдан кешенді саралау. Халық білімін жекелеген тұрмыстық дағдылардың жиынтығы ретінде ғана емес, рутайпалық жады, әлеуметтік нормалар, салт-дәстүрлік тәжірибелер және тілдік кодтар арқылы қалыптасқан тұтас эпистемалық жүйе ретінде қарастырып, Арғынбаевтың этнографиялық мұрасы негізінде алғаш рет философиялық тұрғыдан қайта зерделенуін ғылыми жаңалығы ретінде көрсетуге болады.

Осы бағыттағы зерттеулерді бірнеше топқа жіктеуге болады. Классикалық этнографияда Х. Арғынбаевтың мұрасы маңызды орын алады. Оның неке дәстүрі, туыстық жүйе және халық біліміне арналған зерттеулері [5, 331 б; 6, 172 б] дәстүрлі қоғамның әлеуметтік институттары мен танымдық құрылымын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар философиялық және мәдениеттанулық еңбектерде қазақ дүниетанымының мифологиялық, адамгершілік және эстетикалық қырлары қарастырылған [7, 12 б.; 8, 228 б.; 9, 15 б.]. Соңғы жылдары шежіре, туыстық қатынастар, жеті ата институты, жерлеу ғұрпы мен ырымдарға арналған зерттеулер де кеңейді [10, 7 б.; 11, 13 б.; 12, 870 б.]. Дегенмен аталған еңбектерде бұл құбылыстар көбіне жеке-жеке талданып, оларды халық білімінің тұтас эпистемалық жүйесі ретінде философиялық тұрғыдан қарастыру жеткілікті деңгейде жүзеге аспаған. Осыған байланысты мақаланың басты міндеті – этнографиялық деректерді біртұтас танымдық жүйе аясында пайымдау арқылы осы олқылықтың орнын толықтыру.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдіснамалық негізін өзара толықтырушы бірнеше тәсіл құрайды. Зерттеудің дереккөздік қорына Арғынбаевтың төрт іргелі еңбегін жатқызуға болады. Олар мал ауруларын емдеудегі халықтық тәжірибеге арналған монографиясы [13, 3-6 бб.], отбасылық салт-дәстүрлерге арналған зерттеуі [14, 98-106 бб.], туыстық жүйе мен есімге тыйым салу дәстүрін зерттеген еңбегі [15, 40 б.], сондай-ақ XIX ғасырдағы қазақ қоғамы туралы ұжымдық зерттеуді көрсетуге болады [16, 3-4 бб]. Аталған еңбектер заманауи философиялық, мәдениеттанулық және этнографиялық зерттеулермен толыға түскен. Зерттеу нысаны ретінде жеке этнографиялық фактілер, мәліметтер ғана емес танымдық үдеріс яғни пайымдау, анықтау, тексеру, сақтау және жеткізу сияқты әрекеттері назарға алынды. Әрбір этнографиялық деректер, ақпараттар осы әрекеттер тұрғысынан қайта қарастырылып, мағыналық категорияға топтастырылды.

Бірінші тәсіл негізінде құрылымдық-функционалдық талдау қолданылып, мәдени құбылыстар олардың қоғамдағы қызметі тұрғысынан қарастырылды. Осы негізде неке институты, туыстық жүйе, шаруашылық тәжірибесі және

жерлеу-еске алу дәстүрлері халықтық білімді сақтап, жеткізетін әлеуметтік институттар ретінде талданды.

Екінші тәсіл философиялық герменевтика материалдық мәдениет нысандарының дүниетанымдық және символдық мағынасын ашуға мүмкіндік берсе, ал семиотикалық талдау арқылы заттар мен рәсімдердің артындағы танымдық кодтар айқындалды.

Үшінші тәсілге тарихи-философиялық реконструкция мен әлеуметтік жад тұжырымдамасы ауызша мәдениет жағдайында білімнің тілде, шежіреде, салт-дәстүрде және күнделікті тәжірибеде сақталу тетіктерін талдауға негіз болды.

Төртінші тәсіл ретінде салыстырмалы-типологиялық талдау қазақтың халық білімін Орталық Азиядағы өзге көшпелі халықтардың дәстүрлерімен салыстырып, оның ортақ және ерекше белгілерін анықтауға мүмкіндік берді.

Дәстүрлі білімнің шынайылығы тәжірибелік нәтиже, ұжымдық бақылау және беделге сүйену сияқты верификация тетіктері арқылы бағаланды. Әрбір этнографиялық дерек осы өлшемдер негізінде талданды.

Аталған тәсілдердің жиынтығы халық білімін сыртқы ғылыми сипаттамасы мен ішкі мәдени логикасының бірлігінде қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл ұстаным Халел Арғынбаев еңбектерінің зерттеу әдісіне де тән.

Халық білімінің жіктелуі: үш өлшемді жүйе

Халел Арғынбаев еңбектері мен заманауи зерттеулерді жүйелі талдау дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық білімі өзара байланысты үш негізгі өлшемнен тұратын тұтас жүйе құрайтынын көрсетті. Аталған жіктеу Ф. Беркес ұсынған «білім-тәжірибе-таным» кешенінің деңгейлерімен мағыналық тұрғыдан үндеседі, бірақ қазақ этномәдени материалының өзіндік ерекшелігіне қарай қайта құрылды [3, 16-18 бб.]



1-сурет – Дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық білімінің үш өлшемді эпистемалық жүйесі

ISSN 1999-5911 (Print)
ISSN 2960-2173 (Online)

Прагматикалық немесе экологиялық-шаруашылық білім, «Традиционная культура жизнеобеспечения казахов» ұжымдық зерттеуде Х.Арғынбаев халық медицинасы мен мал ауруларын емдеудегі халық тәжірибесіне арналған бөлімінде [6, 184 б., 200 б.] айқын көрініс табады. Халық денсаулығын сақтаумен қатар, төрт түлік, мал ауруларын ветеринарлық хирургия, фитотерапия мен карантиндік шараларды жан-жақты қамтыған бай тәжірибе жүйесі жан-жақты сипатталған. Ғалым осы тәжірибенің дәрі-дәрмек жинағымен шектелмейтінін, ауру белгісін дәл ажырату, паразиттік жұқпаларды ерте кезеңде анықтау, карантиндік шараларды тиімді ұйымдастыру қабілетін қамтитынын дәлелдейді. Маусымдық көш жүйесі жайылымның табиғи қалпына келуіне мүмкіндік беріп, жердің тозуы мен індеттің таралуын азайтты. Қазіргі экология ғылымы мұндай айналмалы жайылым жүйесінің тиімділігін мойындады. Осылайша, халықтық тәжірибе ғасырлар бойы жинақталып, тексерілген рационалды білім жүйесі ретінде қалыптасты.

Әлеуметтік-нормативтік білім, дәстүрлі қоғамдағы кең таралған әрі жүйелі білім формаларының бірі. Адамдардың өзара туыстық қатынастары, қандай міндет пен хақ бар екенін, некеге тұрудың шегі мен оны бұзу жазасын, билер шешімдерінің заңды негізін жеті ата мен шежіре, туыстық терминология, адат нормасы және билер тәжірибесі айқындады. Халел Арғынбаевтың некелік зерттеулерінде [5, 331 б] салт-жоралардың жай мәдени безендіру құралы емес, қоғамдық мойындаудың, міндеттерді бөлудің және ұжымдық жадты бекітудің тетігі екені жан-жақты ашылды. Туыстық жүйе мен үлкендердің есімін тікелей атамау дәстүрінің зерттелуі [15, 40 б.] осы білімнің тілде және күнделікті мінез-құлықта бекуін нақты көрсетеді.

Онто-космологиялық білім дәстүрлі дүниетанымның метафизикалық қабатын ашады. Тәңіршілдіктен исламдық дүниетанымға дейінгі тарихи даму жолынан өткен бұл танымдық жүйе аруақ, Жер-Ана, Тәңір ұғымдары арқылы адамның дүниедегі орнын, уақыт пен өмірдің мәнін, өлім мәселесін түсіндірді.

Жерлеу мен еске алу рәсімдері осы дүниетанымның құрамдас бөлігі. Қазақтың жерлеу салты [12, 870 б.] тірілер дүниесінен бақилық дүниеге өтудің реттелген өткелі ретінде сипатталады. Қырқы, жүзі, жыл асы тәрізді еске алу кезеңдері адамды уақыт пен мәңгілік туралы белгілі бір түсінікке бағыттады. Аруаққа сыйыну, бабалар рухын құрметтеу тек діни әрекет емес, ұрпақтар сабақтастығының бір буыны ретінде танытатын дүниетанымдық тетік қызметін атқарды. Өлім туралы түсінік адамның жеке өмірін ұжымдық жадпен, әлемнің тұтастығымен байланыстыратын онто-космологиялық білімнің құрамдас бөлігіне айналды. Сонымен қатар, осы дүниетанымның маңызды құрамдас бөлігі халықтық астрономия мен халық күнтізбесі болды. Үркер, Темірқазық, Шолпан сияқты аспан денелерін бақылау арқылы жыл мезгілдері, көш уақыты мен шаруашылық кезеңдері анықталды, ал мүшел жүйесі мен Наурыз табиғи және ғарыштық ырғаққа негізделген уақыт түсінігін қалыптастырды. Сондықтан дәстүрлі қазақ дүниетанымында уақыт сызықты емес, циклді сипатқа ие болды: жыл мезгілдерінің ауысуы, мал төлдеу уақыты, маусымдық көш өзара сабақтасып, адам өмірі табиғат

ырғағымен үйлестірілді. Жылдық мерекелік цикл, әсіресе Наурыз осы үйлесімді бекітіп, ұжымдық жадты жыл сайын жаңғыртып отырды [6, 175 б.].

Жеті ата: эпистемалық институт ретінде

Жеті ата институтын тек некелік қатынастарды реттейтін тетік деп бағалау жеткіліксіз. Ол, ең алдымен, халықтық білімді сақтау мен тексерудің әлеуметтік-эпистемалық институты қызметін атқарды. Н. Әлімбайдың зерттеуінде [10, 7-9 бб.] жеті ата шежіресін білу неке реттеумен қатар, демографиялық қауіпсіздікті, қауымдық тұтастықты және тарихи жадты сақтауға ықпал еткені көрсетіледі. Екі адамның шыққан тегі мен арғы аталарын салыстыру арқылы олардың туыстық қатынас деңгейі анықталып, неке құру мүмкіндігі анықталады. Ал шежірені көпшілік алдында айту барысында қателіктердің бірден анықталуы бұл жүйенің қоғамдық бақылауға негізделгенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, шежіре тарихи жадты сақтаудың дәстүрлі құралы ғана емес, туыстық байланыстарды анықтауға рұқсат етілген және тыйым салынған қатынастарды ажыратуға мүмкіндік беретін ұжымдық бақылауға ашық эпистемалық жүйе қызметін атқарады.

Туыстық атауларды (апа, аға, іні, келін, жеңге, жезде, құда) семиотикалық тұрғыдан зерделеу [17, 86 б.] тіл мен білімнің өзара тығыз астарласып жатқандығын айқын көрсетеді. Бұл ұғымдар туыстық байланысты ғана емес, әлеуметтік мінез-құлық қағидасын, сыйластық пен жауапкершілік деңгейінде айқындады. Мысалы, «жеңге» сөзінде жылы әрі қалжыңға негізделген еркін қатынас сезілсе, «құда» сөзі салмақты сыйластық пен ресми дистанцияны меңзейді. Осылайша бұл атаулар жиынтығы емес, әлеуметтік қатынастарды ретке келтіретін нұсқаулық қызметті атқарады.

Некелік салт-дәстүрлер де осындай эпистемалық жүкетемені арқалайды. Х.Арғынбаев талдаған құда түсу, қалың мал, беташар секілді салт жоралғылар екі рудың арасындағы келісімді қоғам алдында бекітіп, жаңа отбасының мәртебесін заңдастырды [14, 108; 170 бб.]. Әрбір рәсім қатысушыларға олардың жаңа міндеттері мен құқықтарын айқын ұғындырып, ұжымдық жадыға жазылды. Салт рәсімнің көпшілік алдында, белгілі тәртіппен өтуі оны барша жұрт құптайтын әрі мойындайтын әрекетке айналдырды.

Ырым мен салт-жора: когнитивтік нысандар ретінде

Ырымды жай ғана ырымшылдық немесе көнеден қалған наным-сенімнің сарқыны деп бағалаудан аулақ болған жөн. Ырым зерттеулерде «халықтық педагогиканың тұрмыстық ережесі» әрі «заңнан бұрынғы заң» ретінде сипатталды [18, 29-30 бб]. Ырым адамға дүниедегі қауіпті, дұрыс және игі құбылыстар туралы нені білу керектігін реттеп, ұрпақтан ұрпаққа оңай берілетін қысқа нысанда бекіді. Тыйымдар мен өсиеттік қағидалар бала жасынан күнделікті әрекетке енгізіліп, дүниедегі қауіпті немесе игілікті жағдайды теориялық дәлелсіз-ақ тануға үйретеді. Осы тұрғыдан ырым ауызша мәдениеттегі үлкен тәжірибені бір ауыз сөзге сыйғызған жад формуласы, яғни практикалық тексеруден өткен эмпирикалық жинақтаудың ықшам түрі болып шығады.

Осылайша, ырым халықтық білімнің рационалды тәжірибесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін когнитивтік құрал қызметін атқарды. Оның мәні наным-сенімде ғана емес, ұзақ уақыт бойы тәжірибеде сұрапталған білімді сақтап, әлеуметтік тәжірибеге енгізуінде жатыр.

Халықтық медицина: рационалдылық пен сенімнің синтезі

Арғынбаев еңбектерінде қазақтың халық медицинасының ғасырлар бойы жинақталған тәжірибелік білімге негізделген тұтас емшілік жүйесі болғаны баяндалады. Көшпелі қоғамда адам денсаулығын сақтауда тәуіптер, оташылар, сынықшылар және шөппен емделушілер маңызды рөл атқарған. Емдеу барысында дәрілік өсімдіктермен қатар жануар өнімдері кеңінен қолданылып, ауруды анықтау, емдеу және алдын алу халық тәжірибесіне сүйене отырып жүзеге асырылған. Сонымен қатар халық медицинасы Шығыс медицинасының, әсіресе Ибн Сина дәстүрінің ықпалын да бойына сіңіріп, рационалды тәжірибе мен діни-нанымдық түсініктердің сабақтастығы негізінде дамыды [6, 184-185 бб].

Халықтық емшілік тәжірибесінің маңызды құрамдас бөлігі халықтық ветеринария болды. Арғынбаевтың мал ауруларын емдеуге арналған еңбегі [13, 3 б.] ветеринарлық тәжірибенің жинағы ғана емес, дәстүрлі таным жүйесінің рационалдық деңгейін айқын көрсететін маңызды дереккөз болып табылады. Еңбекте топалаң, маңқа, аусыл, мандам тәрізді ауыр індеттердің белгілерін ажыратудың халықтық тәсілдері, карантиндік шаралар және фитотерапиялық емдеу әдістері жан-жақты сипатталған. Ауру малды оқшаулау, өлексені белгілі тәртіппен жою, жайылымды ауыстыру сияқты алдын-алу шараларымен қатар, ермен, жусан, қылша секілді дәрілік өсімдіктер кеңінен қолданылған. Бұл тәжірибенің философиялық мәні емдеу тәсілдерін сипаттаумен ғана шектелмейді. Арғынбаев еңбегін эпистемологиялық тұрғыдан талдау халықтық ветеринарияның ауруды тану, себебін анықтау, алдын алу және емдеу кезеңдерінен тұратын бірізді танымдық алгаритмге сүйенгенін көрсетеді. Себеп-салдарлық байланысты ажырату, профилактиканы емнен жоғары қою және карантинді қоғамдық жауапкершілік ретінде қабылдау дәстүрлі танымның рационалдық негіздерін айқындайды.

Сонымен бірге Арғынбаев еңбектерінде рационалды тәжірибе діни-магиялық түсініктермен қатар өрбиді. Халық емшілері ауруды тек физиологиялық құбылыс ретінде ғана емес, адам, табиғат және қоршаған ортаның өзара байланысы тұрғысынан түсіндірген. Мұндай көзқарас практикалық емдеу нәтижесін жоққа шығармай, керісінше оны дүниетанымдық деңгейде толықтырды. Сондықтан Арғынбаев еңбегі халықтық медицинаның тек емшілік тәжірибесін емес, дәстүрлі қазақ қоғамындағы рационалды таным мен сенімнің өзара сабақтастығын ашатын маңызды дереккөз ретінде бағаланады.

Халықтық астрономия: табиғатты танудың тәжірибелік жүйесі

Қазақтың халық білімі жүйесінің маңызды құрамдас бөлігінің бірі – халықтық астрономия. Зерттеуде көрсетілгендей [6, 178-179 бб.], көшпелі қоғамда

аспан денелерін бақылау тек дүниетанымдық түсінік қана емес, шаруашылық тәжірибесінің ажырамас бөлігі болды. Үркер, Темірқазық, Шолпан және басқа аспан денелерінің қозғалысын бақылау арқылы жыл мезгілдері, көш уақыты, ауа райының өзгерісі мен шаруашылық жұмыстарының реті айқындалды. Уақыт халықтық күнтізбе мен мүшел жүйесі арқылы реттелді. Мұндай білім ұзақ мерзімді бақылау мен тәжірибеге негізделіп, ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп отырды. Осылайша, халықтық астрономия табиғат пен адам арасындағы байланысты түсіндіретін әрі дәстүрлі танымның эпистемологиялық және рационалдық сипатын айқындайтын маңызды құрамдас бөлігі болды.

Норма, адат және моральдық тәртіп

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық білімін адаттан тыс қарауға болмайды. Адат құқықтық нормалардың жиынтығы ғана емес, ұжымдық тәжірибе мен қоғамдық жадқа негізделген әлеуметтік реттеу жүйесі болды [19, 203-204 бб.]. Би шешімдерінде, сот тәжірибесінде және күнделікті қоғамдық қатынастарда дұрыс, әділ және рұқсат етілген әрекет туралы орныққан түсініктер бекітіліп отырды. Осылайша, дәстүрлі қоғамда білімнің заңдылығы бір ғана дереккөзге тәуелді болмай, дәстүрге, діни ұстанымдарға, ата-баба жады мен қоғамдық мойындауға сүйенді.

Абырой мен ұят қоғамдық бақылаудың реттеуші тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады [20, 41 б.]. Тиісті нормаларды меңгеру ақпарат игерумен шектелмей, адам бойында намыс, жауапкершілік және қоғамдық бағалау өлшемдерін бойына сіңіруіне ықпал етті. Сондықтан дәстүрлі қоғамда халық білімі мен адамгершілік нормасы өзара ажырамас бірлікте қалыптасты.

Талқылау

Дәстүрлі қазақ халық білімін сыртқы әсерден тыс жабық жүйе деп санау орынсыз болар еді. Оның ерекшелігі исламдық дүниетанымның ертедегі анимистік және тотемдік түсініктерімен сабақтасуында көрінеді. Жұлдыздар тіршілік иелерінің жаны деген ұғым ислам ортасында да үзілмей жалғасып, өлім мен мәңгілікке деген қатынасты айқындауын тоқтатпады. Қасабек пен Аликенованың зерттеуі [9, 14 б.] қазақ философиясының тамырын тек жазба дәстүрден іздеу жеткіліксіз екенін оның бастауы ауызша сөз өнері мен тіршілік ырғағында жатқанын нанымды дәлелдейді.

Алтаев пен Иманбаеваның зерттеуінде [7, 16 б] дәстүрлі мәдениет бір мезгілде іс-әрекет, норма әрі символ ретінде өмір сүргені атап өтіледі. Дүниені тану іс-әрекет арқылы жүзеге асты, ал тұрмыстық ым-ишараның өзі рухани және символдық мәнге ие болса, қазақ философиясын даналық, түсінік пен тәрбие философиясы ретінде, күнделікті өмірмен, дінмен, өнермен және ауызша мәдениетпен тығыз тоғысқан құбылыс деп сипаттайды [8, 226 б.]. Осы тұрғыдан халық білімінің ерекшелігі айқындала түседі. Ол дүниені сипаттаудан гөрі дүниеде дұрыс бағдар табуға бағытталған. Шынайы білім дерек жинаумен

шектелмей, адамды өлшем, намыс, парыз бен адамдық қадір өрісіне алып кіруі тиіс.

Тұрақты даму мәселелері дәстүрлі қазақтың экологиялық білімінің қазіргі маңызын айқындай түседі. Жер-су атаулары микроклимат, су көздері мен жайылым ерекшеліктері туралы мәліметті сақтайтын мәдени жадтың маңызды бөлігі болды. Қазақстанның «Киелі география» жобасы осы кеңістіктік жадты жаңғыртуға бағытталған [21]. Арғынбаевтың еңбегінде [22, 36 б.] маусымдық жайылым тәртібін сақтау шаруашылық қажеттілігі ғана емес, табиғатқа және келер ұрпаққа деген жауапкершіліктің көрінісі ретінде сипатталады. Бұл ұстаным дәстүрлі қазақ қоғамында экологиялық жауапкершіліктің нормативтік деңгейде орныққанын көрсетіп, қазіргі тұрақты даму қағидаларымен үндеседі. Жаңа экологиялық мәдениеттің тетігін іздеген қазіргі ғылым осы тұрғыдан дәстүрлі таным жүйесінен мол тәжірибе алады.

Халық білімінің философиялық талдауы жад мәселесіне соқпай өте алмайды. А.Сейдімбектің зерттеуі [11, 13 б.] шежірені тек аңғал архаика ретінде қараудан аулақ болуды, оны өзіндік ақиқаттылық, бедел мен берілу өлшемі бар тарихи білімнің ерекше түрі ретінде ұғынауды ұсынады. Шежіредегі генеалогиялық жад адамның тек шыққан тегін ғана емес, оның әлеуметтік орны мен моральдық жауапкершілігін де айқындайды.

Қазақ дүниетанымындағы кеңістік пен уақыт ұғымы бойынша жүргізген зерттеулерде [23, 153; 158 б.] маңызды тұжырым жасалады. Дала кеңістігін тану қазақ үшін тек жер бағдары ретінде ғана емес, адам мен жердің арасындағы терең рухани байланысты беретін онтологиялық дерек ретінде ұғынылды. Дала тек тіршілік ортасы ғана емес, аруақ пен тірінің, өткен мен келешектің тоғысқан қасиетті мекені. Арғынбаевтың еңбектеріндегі жер-су атауларына, жайылымды бөлу мен оны пайдалану тәртібіне қатысты дерек осы онтологиялық байланыстың практикалық көрінісін аша түседі. Жер-Ана ұғымы, бұлақ пен жайлауға, жайылымдарға байланысты жоралары арқылы кеңістіктің сакралды картасы әзірленіп, оны келер ұрпаққа жеткізудің практикалық жолын айқындап берді.

Жинақтап айтқанда, Арғынбаев мұрасы негізінде дәстүрлі қазақ халық білімінің философиялық бастауы үш кілтті идея арқылы ашылады. Біріншісі қанағат, яғни ұтымды шектеу арқылы көшпелі экожүйенің тұрақтылығын қамтамасыз еткен шаруашылық-тұрмыстық философия. Екіншісі жалғастық, яғни ұрпақ арасындағы эстафета ретіндегі білім тұжырымы, мұнда әрбір адам шексіз өмір тізбегінің бір буыны ғана. Үшіншісі үйлесімділік, яғни адам өмірінің табиғат пен ғарыш ырғағымен сәйкестігі, жарасым идеясы. Осы үш идея тілде, рәсімде, шаруашылық тәжірибеде және адат нормасында бір мезгілде жүзеге асады, бұл халық білімінің бөлінбес тұтастығын айқындайды.

Дәстүрлі білім мен қазіргі ғылыми танымның өзара қатынасы бүгінгі эпистемологияда кеңінен талқыланып жүр. Кейбір зерттеушілер дәстүрлі білімді біртұтас әрі дүниетаныммен астасқан құбылыс ретінде, ал ғылыми танымды жіктеуші әрі сандық сипатқа ие тәсіл ретінде қарама қарсы қояды [3, 11-12 бб.]. Дегенмен, бұл ұғымдардың аражігін тым алшақтату жаңсақтыққа

әкеледі. Қазақтың халықтық біліміндегі ветеринарлық сала эмпирикалық бақылауға, себеп-салдарлық байланысты тануға және тәжірибелік тексеруге негізделгендіктен, ол ғылыми танымның айқын белгілеріне ие. Сондықтан айырмашылықты мазмұндық тереңдіктен емес, сыртқы формасына мән беруді назарға алу керек, яғни дәстүрлі білім сандық өлшемге емес, ұжымдық тәжірибе мен ауызша ақпарат алмасып, жадына сақтау үдерісіне сүйенеді. Сондықтан дәстүрлі білімді ғылымға қарсы қоймай, оны ғылыми танымның өзіндік мәдени-тарихи нысаны ретінде тану әлдеқайда дұрысырақ. Бүгінде дәстүрлі жайылым жүйесі мен жер-су атауларына сіңген экологиялық білім Қазақстанның тұрақты даму саясаты үшін де маңызды тәжірибелік мәнге ие [21].

Халел Арғынбаевтың ғылыми тұлғасына тарихнамалық тұрғыдан баға беру өте маңызды. Ол Шоқан Уәлиханов, Әлкей Марғұлан тәрізді ірі тұлғалармен қатар отандық этнография мектебінің іргетасын қалаған қазақ ғылымының көрнекті өкілі. Оның құнды еңбектері көшпелілердің материалдық және рухани мәдениеті «қарабайыр» емес, керісінше, терең тәжірибелік бақылау мен философиялық жинақтаудың күрделі зияткерлік синтезі екенін дәлелдейді. Ол ғылыми деректі жинақтаумен ғана шектелмей, оны халықтың өзін-өзі ұйымдастыруы мен дүниетануының біртұтас мағыналық жүйесіне айналдыра білді, нақ осы оны қазақ этнографиясының беделді тұлғасына айналдырды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық білімі жөнінде бірнеше іргелі тұжырым жасауға болады. Халық білімін дербес ауызша даналықтың не тұрмыстық дағдының жиынтығы деп қана сипаттауға келмейді. Ол ру-тайпалық жад, нормативтік тәртіп, рәсімдік практика, тіл және мифологиялық дүниетанымның үйлесімінен туған тұтас, бірақ доктриналдық емес эпистемалық жүйені білдіреді. Жеті ата институты, шежіре, ырым, халықтық астрономия, халық медицинасы, ветеринарлық және экологиялық білім дәстүрлі танымның әртүрлі қырларын айқындайтын өзара байланысты білім құрылымдарын құрайды.

Профессор Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасы дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық білімін тарихи-философиялық тұрғыдан зерделеудің маңызды дереккөзі болып табылады. Оның отбасы, неке, туыстық жүйе, шаруашылық тәжірибе мен жерлеу-еске алу салтына арналған еңбектері дәстүрлі мәдениеттегі білімнің қалыптасуы, сақталуы және берілу тетіктерін философиялық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі қазақ эпистемасының басты жетістігі «дүниедегі адам» бейнесін қалыптастыруында жатыр, мұнда таным этикадан және табиғат алдындағы жауапкершіліктен ажырамайды. Ветеринарлық тәжірибе, экологиялық мәдениет, ырым мен шежіре рационалдықтың жай утилитарлықтан асып, космологиялық пайымдау деңгейіне жеткенін айғақтайды. Жаһандану мен климаттық дағдарыс тұсында тіршілік ортасымен жарасымды өмірдің қағидатын нақты жинақтаған осы мұраның маңызы арта түспек.

ISSN 1999-5911 (Print)
ISSN 2960-2173 (Online)

Алынған нәтижелер Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасын тарихи-философиялық тұрғыдан одан ірі зерделеу дәстүрлі қазақ қоғамындағы халық білімінің эпистемологиялық ерекшеліктерін тереңірек ашуға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Подмаскин В.В. Народные знания как предмет этнографии // Россия и АТР. – 1996. – №2. – С. 37-50.

2 Аубакирова С.С., Ахметова Г.Г., Кожамжарова М.Ж, Дәстүрлі қазақ дүниетанымын зерттеудің эволюциясы // Адам әлемі. – 2023. – № 4 (98). – Б. 59-66.

3 Berkes F. Sacred Ecology: Traditional Ecological Knowledge and Resource Management. – 4th ed. – London; New York: Routledge, 2018. - 394 p.

4 Ахантаева Ә., Ахантаева Г. Қазақтың этнограф ғалымы Халел Арғынбаевтың 4 ірі ғылыми еңбегіне тарихнамалық шолу // Museum.kz. – 2023. – № 4. – Б. 98-104.

5 Argynbaev Kh. Marriage and Marriage Rites Among the Kazakhs in the Nineteenth and Early Twentieth Centuries // Central Asian Studies. – The Hague: Mouton, 1978. – P. 331-350.

6 Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории – Алматы: Ғылым, 1998 - 234 с.

7 Altayev Z., Imanbayeva Z. The values of traditional Kazakh culture // Central Asian Journal of Art Studies. - 2021. - Vol. 6. - № 2. – P. 10-23.

8 Рыскалиев Т.Х., Есенгалиева В.А., Саркулова Г.С., Саркулова М.С. Своеобразие казахской философии // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». – 2023. – №3 (111). – С. 226-235.

9 Касабек А., Аликенова К. Социокультурные истоки казахской философии // Nomothetika: Философия. Социология. Право. – 2016. – Т. 35. – № 3 (224). – С. 13-18

10 Алимбай Н. Семипоколенная экзогамная структура «Жетіата» как община-социум (к проблеме совпадения рода и общины у казахов-кочевников) // Turkic studies journal. – 2020. – Т.2, № 4. – С.7-26.

11 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу. – Астана: Фолиант, 2023. – 728 б.

12 Ахметова Ш. К. Казахские поминки как переход в потусторонний мир // Проблемы археологии, этнографии, антропологии Сибири и сопредельных территорий. – 2024. –Т. 30. – С. 869-873.

13 Арғынбаев Х. Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибесі туралы. – Алматы: Қазмемауылшарәдеббас, 1963. – 52 б.

14 Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері.- Алматы: Қайнар баспасы, 2005. –216 б.

15 Arghynbaev, Kh. A. The Kinship System and Customs Connected with the Ban on Pronouncing the Personal Names of Elder Relatives among the Kazakhs // Kinship and Marriage in the Soviet Union: Field Studies / ed. by T. Dragadze. – London; Boston: Routledge & Kegan Paul, 1984. – P. 40-59.

16 Артыкбаев, Ж.О. Казахское общество в XIX веке: традиции и инновации / Ж. О. Артыкбаев ; отв. ред.: Х. Аргынбаев, А. Кузембайулы; Центр обществ. наук ЦКО НАН РК. – Караганда: Полиграфия, 1993. – 330 с.

17 Muldagaliyeva A. A., Gumarova Sh. B., Issabayeva B. K., Zhirenshina K.A The socio-cultural functions of Kazakh kinship terms // Asian Social Science. – 2015. – Vol. 11. – №16. – P. 80-87.

18 Yerzhanov Y., Cobanoglu O., Zhanabayeva D. The role of Kazakh yryms-beliefs in the formation of the traditional worldview of the Kazakhs: philosophical and anthropological analysis // Әл-Фараби. – 2022. – № 4. – Б. 28-40.

19 Зиманов С.З. Казахский суд биев: общекультурологическая ценность. – Алматы: Арыс, 2009. – 405 с.

20 Bayram B., Yavuz C. Abyroy from status to contract: social honour in Kazakh culture // Central Asian Survey. – 2026. – Vol. 45. – №1 – P. 41-56.

21 «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы // [Электрондық ресурс] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000724 (қаралған күні: 30.05.2026).

22 Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: Ғылым. –1969. – 168 б.

23 Жангалиева А. Р., Жаңабаев Ж. М. Қазақ дүниетанымындағы кеңістік пен уақыт түсініктерінің қалыптасуы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы. – 2023. – Т. 143, №2. – Б. 152–166.

Transliteration

1 Podmaskin V.V. Narodnye znaniia kak predmet etnografii [Folk knowledge as a subject of ethnography] // Rossiia i ATR. - 1996. - №2. - S. 37-50. (in Russ)

2 Aubakirova S.S., Akhmetova G.G., Kozhamzharova M.Zh. Dasturli qazaq dunietanymyn zertteudin evolyutsiyasy // Adam alemi. – 2023. – № 4 (98). – B. 59-66. (in Kaz)

3 Berkes F. Sacred Ecology: Traditional Ecological Knowledge and Resource Management. - 4th ed. - London; New York: Routledge, 2018. - 394 p.

4 Ahantaeva A., Ahantaeva G. Qazaqtyn etnograf galymy Khalel Argynbaevtyn 4 iri gylymi enbegine tarihnamalyq sholu [Historiographical review of 4 major works of Kazakh ethnographer Khalel Argynbayev] // Museum.kz. - 2023. - № 4. – B. 98-104. (in Kaz)

5 Argynbaev Kh. Marriage and Marriage Rites Among the Kazakhs in the Nineteenth and Early Twentieth Centuries // Central Asian Studies. - The Hague: Mouton, 1978. - P. 331-350.

6 Traditsionnaya kultura zhizneobespecheniya kazakhov. Ocherki teorii i istorii. – Almaty: Gylym, 1998. – 234 s. (in Russ)

7 Altayev Z., Imanbayeva Z. The values of traditional Kazakh culture // Central Asian Journal of Art Studies. - 2021. - Vol. 6. - № 2. – P. 10-23.

8 Ryskaliyev T., Esengaliyeva V.A., Sarkulova G.S., Sarkulova M.S. On the originality of Kazakh philosophy // Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series. - 2023. - No. 3. - P. 226-235. (in Russ)

9 Kasabek A., Alikenova K. Sotsiokulturnye istoki kazakhskoy filosofii [Sociocultural origins of Kazakh philosophy] // Nomothetika: Filosofija. Sociologija. Pravo. – 2016. – T. 35. – № 3 (224). – S. 13-18. (in Russ)

10 Alimbai N. Koshpendiler zheti atasynyn ekzogamdyk-obshchinalyk kurylymy [The exogamous-communal structure of the seven ancestors of the nomads] // Etnografiia. - 2020. - T. 2. - No. 4. - B. 7-26. (in Kaz)

11 Seidimbek A. Qazaqtyn auyzsha tarihy: zertteu- Astana: Foliant, 2023. - 728 b. (in Kaz)

12 Akhmetova S.K. Kazakh Funeral Ceremonies as a Transition to the Other World // Problems of Archaeology, Ethnography, Anthropology of Siberia and Neighboring Territories. - 2024. - Vol. 30. - P. 869-873. (in Russ)

13 Argynbaev Kh. Mal auruların emdeudegi qazaqtyn halyqtyq tazhiribesi turaly [On Kazakh folk practice in treating livestock diseases]. - Almaty: Qazmemauylsharedebas, 1963. - 52 b. (in Kaz)

14 Argynbaev Kh. Qazaqtyn otbasylyq dastүrleri.- Almaty: Қainar baspasy, 2005. –216 b. (in Kaz)

15 Arghynbaev, Kh. A. The Kinship System and Customs Connected with the Ban on Pronouncing the Personal Names of Elder Relatives among the Kazakhs // Kinship and Marriage in the Soviet Union: Field Studies / ed. by T. Dragadze. – London; Boston: Routledge & Kegan Paul, 1984. – P. 40-59.

16 Artykbaev, Zh.O. Kazahskoe obshhestvo v XIX veke: tradicii i innovacii / Zh. O. Artykbaev; otv. red.: Kh. Argynbaev, A. Kuzembajuly; Centr obshhestv. nauk CKO NAN RK. – Karaganda: Poligrafija, 1993. – 330 s. (in Russ)

17 Muldagaliyeva A. A., Gumarova Sh. B., Issabayeva B. K., Zhirenshina K.A The socio-cultural functions of Kazakh kinship terms // Asian Social Science. – 2015. – Vol. 11. – №16. – P. 80-87.

18 Yerzhanov Y., Cobanoglu O., Zhanabayeva D. The role of Kazakh yryms-beliefs in the formation of the traditional worldview of the Kazakhs: philosophical and anthropological analysis // Әл-Фараби. – 2022. – № 4. – Б. 28-40.

19 Zimanov S.Z. Kazakhskiy sud biev: obshchekulturologicheskaia tsennost [The Kazakh court of biys: general cultural value]. - Almaty: Zheti zharghy, 2009. - 248 s. (in Russ)

20 Bayram B., Yavuz C. Abyroy from status to contract: social honour in Kazakh culture // Central Asian Survey. – 2026. – Vol. 45. – №1 – P. 41-56.

21 «Ulttyq ruhani zhangyru» ulttyq zhobasyn bekitu turaly: Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2021 zhylgy 12 qazandagy № 724 qaulysy [On approval of the national project «National Spiritual Revival»] // [Elektrondyq resurs] URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000724 (qaralgan kuni: 30.05.2026). (in Kaz)

22 Arghynbaev, Kh. Qazaqtyn mal sharuashylygy zhajynda etnografialyq ocherk. – Almaty: Gylym. –1969. – 168 b. (in Kaz)

23 Zhangaliyeva A., Zhanabayev Zh.M. Formation of concepts of space and time in the Kazakh worldview // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Historical Sciences. Philosophy. Religion Series. - 2023. - №2. - P. 152-166. (in Kaz)

С.Г. Акапова, М.С. Саркулова, Х.А. Шимшек, У.У. Аймбетова

Народное знание в традиционном казахском обществе: эпистемологический и философский анализ

Аннотация. В статье рассматривается эпистемологические и философские основания народного знания традиционного казахского общества. Народное знание интерпретируется не как совокупность повседневных практик, а как целостная познавательная и эпистемическая система, сформированная посредством родовой памяти, общественного сознания, социальных норм, традиций и языка и передававшаяся из поколения в поколение. Теоретическую основу исследования составляют научные труды и богатое наследие казахского этнографа Халела Аргынбаева. Его фундаментальные исследования, посвященные институту семьи, брачным традициям, системе родства и народному опыту в области животноводства, рассматриваются как важнейший источник исторической реконструкции традиционного мира казахов. В исследовании использованы структурно-функциональный анализ, герменевтический и сравнительно-

типологический методы. В результате анализа выделены три основных измерения народного знания: прагматическое, социально-нормативное и онтологическое. Институт «Жеті ата» рассматривается как механизм подтверждения достоверности знания, обряды и традиции – как формы познания, а шежире – как особая форма коллективной памяти. Результаты исследования показывают, что народное знание в традиционном казахском обществе представляло собой целостную эпистемическую систему, а научное наследие Халела Аргынбаева имеет важное значение для ее историко-философского осмысление.

Ключевые слова: народное знание, эпистемология, традиционное общество, Халел Аргынбаев, шежире, Жеті ата, народная медицина, казахская философия.

S. Akapova, M.S. Sarkulova, H.A. Shimshek, U. Aimbetova

Folk Knowledge in Traditional Kazakh Society: An Epistemological and Philosophical Analysis

Abstract. This article examines the epistemological and philosophical foundations of folk knowledge in traditional Kazakh society. Folk knowledge is interpreted not as a collection of everyday practices but as an integrated cognitive and epistemic system formed through clan memory, social consciousness, social norms, traditions, and language, and transmitted from generation to generation. The theoretical framework of the study is based on the scholarly works and academic legacy of the Kazakh ethnographer Khalel Argynbayev. His fundamental studies on the family institution, marriage traditions, kinship system, and traditional knowledge related to pastoralism are regarded as important sources for the historical reconstruction of the traditional Kazakh world. The research employs structural-functional analysis, hermeneutic, and comparative-typological methods. The findings identify three principal dimensions of folk knowledge: pragmatic, socio-normative, and onto-cosmological. The zheti ata institution functions as a mechanism for validating knowledge, while rituals and traditions are interpreted as forms of cognition and shezhire (genealogical traditions) as a distinctive form of collective memory. The study demonstrates that folk knowledge in traditional Kazakh society constituted an integrated epistemic system and highlights the significance of Khalel Argynbayev's scholarly legacy for its historical and philosophical interpretation.

Keywords: folk knowledge, epistemology, traditional society, Khalel Argynbayev, shezhire, zheti ata, traditional medicine, Kazakh philosophy.

Авторлардың үлесі. **Акапова С., Саркулова М.С.,** зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеп, ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізді, зерттеу әдіснамасын айқындады, Халел Арғынбаевтың ғылыми мұрасын философиялық тұрғыдан талдап, мақаланың бастапқы және соңғы нұсқасын дайындады; **Шимшек Х.А.** зерттеудің ғылыми тұжырымдамасын жетілдіруге ғылыми кеңес берді, мақаланы ғылыми редакциялады. **Аймбетова У.У.,** мақаланың ғылыми мазмұнын талқылауға, құрылымын жетілдіріп, соңғы нұсқасын редакциялады.

Келіп түсті 12.08.2026
Қабылданды 14.10.2026

ҒТАХР 02.51.11 https://doi.org/10.48010/2026.4/1999-5911.04

МОРАЛЬ ПАРАДОКСЫ: ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ МОРАЛЬДЫҚ АГЕНТ

[1]Г.Б. Нұрадин, [2]Н.Ж. Құдайбергенова*
[1]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті (Тараз, Қазақстан)
[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)
[1]gnuradin@mail.ru, [2]nazgul.zhanysovna@gmail.com

[1]G.B. Nuradin, [2]N. Kudaibergenova*
[1]M.H. Dulaty Taraz University (Taraz, Kazakhstan)
[2]Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)
[1]gnuradin@mail.ru, [2]nazgul.zhanysovna@gmail.com

***Сілтеме**:* Нұрадин Г.Б., Құдайбергенова Н.Ж. Мораль парадоксы: дәстүрлі тәрбие және заманауи моральдық агент // *Әл-Фараби*. – 2026. – Т. 24. № 4(96). – 45-58 бб.

Аңдатпа. Зерттеу «заманауи моральдық агент» қалыптастырудағы дәстүрлі қазақ тәрбиесіндегі адамгершілік нормаларының тиімділігін қарастырады. Авторлық ұстаным - парадоксты шешуге, моральдық агент құрылымының мазмұны мен бағыттарын нақтылау арқылы күрделі прагматикалық-танымдық міндеттерін орындауға бағытталған іздеу әрекеттерін талқылау. Негізгі зерттеу сұрағы: белгілі бір мәдени және дәстүрлі ортада қалыптасқан моральдық нормалар осы ортадан түбегейлі ерекшеленетін жағдайларда өміршеңдігін сақтай ала ма? Бұл сұраққа жауап іздеуде Аристотельдің «фронезис» тұжырымдамасы, Канттың «категориялық императиві» және Кант идеяларынан шабыттанған Л.Колбергтің моральдық даму теориялары пайдаланылады. Зерттеудің негізгі ғылыми ұстанымы - А.Макинтайрдың «сынған моральға сын» және Дж.Доридің моральдық тұрақтылыққа қарсы «ситуациялық тезисі» тұжырымдамалары. Зерттеудің философиялық өзегін Оксфорд ғалымдары О.С. Карри, Д.О. Муллинс және Х.Уайтхаус ұсынған «жеті әмбебап моральдық принцип» құрайды. Бұл қағидаттар қазақ педагогикасының академиялық негізін қалаған Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, Қ.Ж.Қожахметова және Ш.Т.Таубаеваның жұмыстарында бекітілген ұлттық тәрбие нормаларымен «салыстырмалы талдау» әдісімен өлшенеді. Талдау нәтижелері дәстүрлі қазақ тәрбиесінің нормалары жалпыадамзаттық ережелермен мағыналы үйлесімділікте екенін көрсетті. Алайда, осы нормалардың бір бөлігі қауымдастық контекстінде терең тамыр жайғандықтан, аталған контекст өзгерген жағдайда олардың жұмысының тиімділігі төмендейді: рухани иммунитеттің әлсіздігі, моральдық дайындықтың болмауы және жағдайға бейімделе алмау айқын көрінеді. Зерттеудің ғылыми ерекшелігі - моральдық тәрбиенің философиялық

* Автор-корреспондент: Н.Ж. Құдайбергенова, nazgul.zhanysovna@gmail.com

педагогика аясындағы практикалық маңызы ретінде тәрбиедегі нормалардың «неге!» деген түбіріне негіздеме беру емес, оның «не істеу керек?» деген ережеден маңызды екенін дәлелдеу арқылы ұлттық тәрбие моделін жаңғыртуға теориялық негіз ұсыну. Зерттеуде адалдық категориясының этикалық, философиялық және психологиялық мәртебесі қарастырылады.

Түйін сөздер: мораль парадоксы, моральдық агент, дәстүрлі тәрбие, дәстүрлі мораль, халық педагогикасы, қазақ этнопедагогикасы, этикалық тұлға.

Кіріспе

Білім философиясы - адам істері философиясының маңызды аспектісі. Адамның адамшылық істері мен мінез-құлық тәрбиесі бүгінгі күні кең философиялық және пәнаралық зерттеулердің өткір тақырыбы. Алайда адамның адамгершілік жолындағы «жалпыадамзаттық тәрбие формасы», «ұлттық дәстүрлі тәрбие формасы» және «жеке адамның мінезін тәрбиелеу формасы» арасындағы моральдық шекаралық айырманың парадоксалды тұстары бар. Ежелгі гректің «күтпеген», «қарама-қарсы» мағынасына ие «paradoxos» сөзі жалпыадамзаттық ойға қайшы келетін пайымдаулар ретінде адамзаттың тәрбие тарихындағы парадигмаларды өзгертіп отыратын прогрестің қозғалтқышы. Барлық парадокстардың шешімі табылмайды, бірақ ол қозғалыстағы зерттеу объектісінің даму сәті бола алады. Қозғалыстың осы сәтін талдау нәтижесінде моральдық тәрбие туралы нақтыланған жаңа түсінік қалыптасады, бұрын қалыптасқан тәрбие формасына түзетулер енгізіледі, тіпті кейбір тұжырымдар жоққа шығарылады.

Логикалық парадокстарды логикалық тұрғыдан тұжырымдау керек, одан ұтатынымыз логиканың практикалық қолданылған тұжырымдарының дұрыстығын минимумға дейінгі тәуелді болатын ұғымдарға азайту. Ал тәрбие формасындағы моралдық парадокстар тәрбие теориясының іргелі кемшіліктерін емес, керісінше, «форма» ұғымын артық онтологиялық мазмұнмен жүктеу салдарынан туындаған концептуальды шиеленістерді көрсетеді. Шешім стратегиясы үш тәрбие формасын минималды анықтамаға дейін азайтудан тұрады. Шешімді негізгі бөлімде талқылау қолайлығы үшін төмендегі үш тұжырымды Т1, Т2, Т3 деп шарттанамыз.

- Т1 жалпыадамзаттық тәрбие формасы – «процедуралық инвариант»;
- Т2 ұлттық дәстүрлі тәрбие формасы – «мәдени код»;
- Т3 жеке мінез тәрбиесінің формасы – «интериоризация».

Бұл тұжырымдама философиялық педагогика теориясы мен практикасы үшін маңызды: ол Т2-ні Т1-ге қайшы ретінде емес, оның нақты мәдени жүзеге асуы ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Т3 - сыртқы күштеп тәрбиелеу емес, алғашқы сыртқы нормативтің ерікті интериоризациялануы арқылы автономды болмысқа айналу процесі.

Дәстүрлі педагогикалық мәдениетте тәрбие көпшілікке ортақтығымен бірге ұжымдық сипатқа да ие. Ұжымдықтың өзі халықтық тәрбиенің көпшілікке ортақтығының нақты көрінісінің бірі. Халық педагогикасында барлық адам

тәрбиеге қатысады, барлық нәрсе тәрбиелейді, соның ішінде ұжымның да рөлі бар, мысалы, балалар, ересектер, отбасы, қауым, ауыл. Жалпыға ортақ адам тәрбиесі секілді игілікті іске араласпау қандайда болмасын халықтың дәстүрлі педагогикасының заңдылықтарына сай келмейтін құбылыс [1, 77-78 бб.].

Парадокс - жалған немесе ойдан шығарылған емес, ол ғылым дамуының ең шиеленіскен тұсында күрмеуді шешіп оны дұрыстық дәрежесімен дәлелдеген соң ғана парадокс болуын тоқтатады. Моралдық парадокстың болуы этикалық ғылыми білімнің толық еместігін және теорияны жетілдіру қажеттігін түсінуге ұмтылу. Авторлық позиция парадоксты шешуге бағытталған ізденіс әрекеттерін талқылау, заманауи моралдық агент құрылымының мазмұны мен бағыттарын нақтылау арқылы күрделі прагматикалық-танымдық әрекеттерді орындау.

Ата-ана мен қоғам өскелең ұрпақты жақсы, адал, адамгершілікке тәрбиелейді. Бұл ниет соншалықты дұрыс қағида, сондықтан ешқандай күмән жоқ, бірақ осы сәтте философиялық тұрғыдан бір маңызды сұрақ туындайды: бұл тәрбие берілген контекстен мүлдем өзгеше ортада да тиімді жұмыс істей ала ма? Егер бала өсіп, дәстүрлі тәрбие берілетін ортадан алыстап кетсе, бұл нормалар оны қолдай ма, жоқ па, әлде оған кедергі бола ма? Бұл жай ғана педагогикалық сұрақ емес, терең философиялық талқылау сұрағы. Оны шешу үшін «дәстүрлі тәрбие және моральдық агент деген ұғымдар нені білдіреді?», «дәстүр мен контекст арасындағы байланыс қандай?», «адамгершілік пен жалпыадамзаттық мораль арасындағы байланыс тәрбие арқылы қалай беріледі?» деген сұрақтарға жауап іздеу керек.

Әдіснама

Зерттеу - практикалық философия бағытында отандық ғылыми айналымда алғашқылардың бірі ретінде жүргізілді. Зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік басылымдарда практикалық философияның этика, дизайн-ойлау, интегралды білім беру, балаларға арналған философия, моральдық философия, саяси этика бағыттарында ғылыми жариялымдар ретінде көрініс табуда. Практикалық философия - адамдардың философиялық әлеуетін зерттеуге және оларды үнемі өзгеріп отыратын әлемге дайындау үшін қолдануға бағытталған. Зерттеудің әдістемелік базасы таңдалған әдебиеттерге жүйелі шолу мен тақырыптық талдауды қамтиды. Шолу процесі зерттеу нысанына қатысты теориялық зерттелімдерді іздеуді, тиісті мәтіндерді анықтауды, маңызды тұжырымдарды талдауды басшылыққа ала отырып олардың практикалық салдарларын көрсету үшін сыни тұрғыдан бағаланды. Моралдық философия бағытын зерттеу нәтижелері үш деңгейлі әдіснамалық негіздерге сүйене отырып алынды:

Біріншісі, философиялық-теориялық деңгей. Аристотель, Кант пен Колбергтің моральдық теориялары зерттеу негізі ретінде қабылданады: практикалық даналық - жалпы принципті нақты жағдайға қолдана білу қабілеті және заманауи моральдық агент құрылымын бағалаудың өлшем-критерийі болады. А.Макинтайрдың контексттен үзілген моральға қатысты сыны мен Джон Доридің ситуациялық тезисі теориялық кеңістікті шектейді: мінез тұрақты болмайды, бірақ ол мүлде жоқ та емес - бұл зерттеудің негізгі гипотетикалық алаңы;

Екіншісі, салыстырмалы-аналитикалық деңгей. Негізгі зерттеу процедурасы: О.С. Карри, Д.О. Маллинс және Х. Уайтхаустың жеті жалпыадамзаттық моральдық ережесін Қ.Б. Жарықбаев, С. Қалиев, Қ.Ж. Қожахметова және Ш.Т. Таубаеваның еңбектерінде бекітілген қазақи тәрбие нормаларымен жүйелі салыстыру. Салыстыру екі бағытта жүргізіледі: қалыптасқан нормалар мен жалпыадамзаттық ережелермен сәйкестендірілген «мазмұндық үйлесімділік» және қауымдық, ортақтық шекарасынан тыс жерде тиімділігін жоғалтатын «контексттік тәуелділік»;

Үшіншісі, парадокс-аналитикалық деңгей. Бір деңгейде қарастырылған бірнеше деңгейлі ұғымды өз жігімен деңгейлеп ажырату арқылы зерттеудің орталық сұрағын логикалық парадокс ретінде талдау және тұжырымдау. Парадоксты шешу бағыты: «не істеу керек» нұсқауынан «неліктен» сұрағын негіздеуге ауыстыру. Сонымен, зерттеудің әдіснамалық негізін концептуалдық талдау, салыстырмалы философия және ойша эксперимент әдістері құрайды.

Дәстүрлі тәрбие vs моральдық агент

Аталған тақырыпша зерттеудің орталық шиеленісін ашық тұжырымдайды. Философиялық зерттеу дәстүрінде мұндай қарсы қою риторикалық тәсіл емес, әдіснамалық ұстаным, яғни бұл екі ұғым бірін-бірі жоққа шығармайды, керісінше, бірін-бірі анықтайды. XX ғасырдың танымал моральтанушы ғалымы А. Макинтайр «After virtue: a study in moral theory» [2] (Ізгіліктен кейін: мораль теориясын зерттеу) еңбегінде дәстүр мен жаңғырту арасындағы шиеленісті дәл осы қарсы қою арқылы ашқан болатын, онда дәстүр жеңіліп қалмайды, бірақ сынақтан өтеді. Осы зерттеуде де Т2 нормалары жоққа шығарылмайды, олар «заманауи моральдық агент» қалыптастыру өлшемі арқылы сынақтан өткізіледі. Тақырыпша мазмұнның бағытын Т2-ның контексттен тәуелсіз, өз бетінше моральдық шешім қабылдай алатын моральдық агентті қалыптастыра алу қабілеттілігі анықтайды.

«Дәстүрлі тәрбие» ұғымының мәдени-метафизикалық бірлігін, онтологиялық тұтастығы мен танымдық трансценденттілігін құрастырушы автор – Халық. «Моральдық агент» ұғымының авторы – эвдемонияға [3] ұмтылатын, категориялық императивке [4] бағынатын, пайданы максималдайтын, өз ресурстарын рационалды есептей алатын [5], өз таңдауына толық жауап беретін [6], іс-әрекетті салдарына қарай бағалайтын, мақсатқа жету үшін оңтайлы іс-әрекет таңдайтын, реактивті көзқарасқа [7] ие этикалық тұлға. Аталған екі ұғымның өмірмәнділігі дұрыс, әрі орныққан, бірақ XXI ғасырдағы цифрлық революция екеуінің аралық шекарасын онтологиялық ұғым ретінде емес функционалды деңгей ретінде қайта тұжырымдауға мәжбүрлейді, нәтижесінде тәрбие формасының нормативтік кеңістігін нақтылау мүмкіндігі туады.

Кіріспеде шешім стратегиясы ретінде ұсынылған үш тәрбие формасының минималды анықтамасы аксиомалық базаны қайта талқылау арқылы парадокстан шығудың формальды жолы бола алады. Т1 - тәрбие формаларының инварианты

ретінде мазмұндық норматив емес, процедуралық принцип: зорлық-зомбылықты болдырмау, өзара мойындау, жауапкершілік. Т1 трансценденттеле келе өз мазмұнын Т2-ден шығарады, алайда ол Т3 үшін қарсы шешім болуы мүмкін. Тарқату үшін «адал болу» моральдық қасиетін алайық: Т1 – өтірік айтпау, шындықтан қашпау т.б. сақтау арқылы «Т1 норма» қалыптастыру үшін «адал болуды» негіздейді; Т2 – тегінің, ауылының, руының ар-намысын таптамау үшін «адал болуды» құптайды; Т3 – адалдықты Т1-Т2 арналарынан алып бойына сіңіреді және өмірлік принцип ретінде ұстанып мемлекеттік мүддеге опасыздық жасауға бейім, лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдаланатын, көлеңкелі экономиканы қолдайтын ортаға түседі. Осы жерде қазақстандық қоғамдағы практикалық тәрбие жұмысында жиі кездесетін моральдық парадокс туындайды: оның сіңірген адалдық принципі, еліме адал қызмет етемін деген гуманистік мотивациясы оны қолдамайды, кедергі болады, тіпті өзіне қарсы жұмыс істейді.

Туындаған моральдық парадокске еліміздің оңтүстік өңір тұрғындарынан тұратын 570 респондент қатысқан дәстүрлі құндылықтарды зерттеу бағытындағы сауалнама нәтижесі жанама көрсеткіш бола алады. Зерттеушілер сауалнама нәтижесі арқылы оңтүстік өңірлерде қазақы болмыстың сақталғандығын растайды және дәстүрлі құндылықтың адам өміріндегі маңыздылығын айқындайды. Сондықтан эмпирикалық деректер оңтүстік өңірлер тұрғындарының аксиологиялық бағдарында жаһандық либералды-индивидуалистік құндылықтарға қарағанда, дәстүрлі әлеуметтік нормалар мен ұжымдық консерватизмнің әлдеқайда жоғары бағаланатынын көрсетті [8] деп тұжырымдайды.

Парадоксты шешу бағытын талдау сценарийлеріне көшпес бұрын агенттің моральдық қасиеттері табиғи берілмейді, олар тәрбие, тәжірибе және дәстүр арқылы қалыптасады деген тұжырымды теориялық тұрғыда негіздеу қажет.

Аристотель «Никомах этикасында» моральдық қасиеттер тәжірибе мен тәрбие арқылы сіңеді және адам жақсы істі қайталап жасай бергенде ғана жақсы болады [3, II.1, 1103a–b] деп тұжырымдайды. Аристотельдің «фронезис» - іс жүзіндегі даналығында «адам тек жалпы нормаларды білуімен ғана шектелмейді, ол нақты жағдайды дұрыс түсіне алады және ережені ұтымды пайдалана алады» [3, VI.8, 1142a] деп негізделген. Демек, тәрбие - компас, ал агент жолды өзі тануы және табуы тиіс. И.Кант бойынша: моральдық агент - ақыл-ой иесі, практикалық парызды түсінуге қабілетті тұлға. Тек ақылды жан ғана моральдық заңды өзіне береді. «Адам - мақсат, ол ешқашан құрал болмау керек» [4]. Кант философиясымен шабыттанған Л.Колберг моральдық даму теорияларын, оның ішінде моральдық таным мен моральдық мотивацияны қарастырды. «Мораль - туа біткен немесе тікелей сіңімді норма емес, бұл танымдық даму кезеңдері арқылы құрылатын психикалық құрылым. Адам адамгершілікті үйренбейді, оны өзі құрастырады, өйткені ол әр жаңа кезеңнің алдыңғысынан туындайтын әділеттіліктің күрделірек концепциясы [9]. «Егер бір адам өзінің жеке басын анықтайтын моральдық міндеттемелерді қалыптастырса, онда ол өзінің «моральдық сәйкестілігіне» немесе белгілі бір «моральдық міндеттемелері» бар

адам ретінде өзін-өзі көрсетуге итермелейді» деген идея [10]. Бір ұжымның әділ принциптерге сәйкес жұмыс істеуі туралы ұжымдық міндеттемесі сол ұжым мазмұнының айқын аспектісі болады және ол ұжымға тек сол міндеттемеге сай адамдар ғана мүше бола алады, ол ұжымдастардың әділдік принциптерін өз принциптері ретінде анықтауына тікелей ықпал етеді. Бұл адамгершілік тәрбиесі мен мінез-құлық тәрбиесі арасындағы алшақтықты қысқартады. Дж.Дьюи адамгершілікті тәрбие ортасымен, яғни мектеппен диалогта қарастырады: «Мектептің мақсаты - тәжірибелік ойлауы бар қоғаммен бірлесе алатын адам тәрбиелеу» [11] Демек тәрбие тек ережелер жиынтығы емес, ол тәрбиелік ортамен болуы тиіс тұрақты өзара байланыс процесі. А.Макинтайр осы мәселені одан да тереңірек ашты. Ол «әрбір моральдық философия белгілі бір социологияны болжайды», «мораль дәстүрден бөлек өмір сүре алмайды!» деген орталық тезис ұсынылады: [2, 23 p.] Т2 арқылы сіңген мораль өз мағынасын тек сол дәстүр аясында ғана толық сақтайды. Жаңа ортада оның негіздемесі жоғалады тек «ереже» ғана қалады, бірақ оның «неге» деген сұраққа жауабы жоқ. Дж.Дорис ситуационизм теориясын ұсына отырып, адам мінезі ситуацияға байланысты өзгеретінін дәлелдейді: «Адамдар тұрақты моральдық қасиеттерге ие деген болжам эмпирикалық тұрғыдан дәлелденбеген» [12, 22 p.]. Бұл тәрбие арқылы берілген «жақсы болу» нормасы жаңа контексте іске аспай қалуы мүмкін дегенді ашық түрде білдіреді. М.Нуссбаум мүмкіндіктер тәсілі арқылы тәрбиені ережелер жиынтығы ретінде емес, адамның ішкі мүмкіндіктерін ашу процесі ретінде қарастырады [13]. Осы тұрғыдан алғанда, тәрбиенің контекстке бейімделе алуы оның сапасының өлшемі.

Жоғарыдағы теорияларды негіздей отырып «Белгілі бір мәдени және дәстүрлі ортада қалыптасқан моральдық нормалар осы ортадан түбегейлі ерекшеленетін жағдайларда өз өміршеңдігін сақтай ала ма?» деген зерттеу сұрағына айналған моральдық парадокстың шешімдік талқылауына ойша эксперимент құрылып нәтижесі үш сценарий арқылы ұсынылады. Бірақ бұл барлық жағдайда да идеалды нұсқа болмауы мүмкін.

Бірінші сценарий - норма сынады. Тегін танып, рулық, ауылдық ортада Т2 алып жаһандық ортаға келген адамның өмірлік принципіндегі «үлкенді сыйла», «өтірік айтпа», «адал бол» нормасы корпоративтік ортада лауазымы кіші бастықпен келіспеуге, шындыққа жанаспайтын жарнама жасауға немесе сыни пікір айтуға кедергі болады. Бұл жағдаятты Макинтайрша айсақ: мораль - «жетім», ереже бар, бірақ оның негіздемесі жоқ. Парадокс-аналитикалық әдіс бойынша бір деңгейде қарастырылған бірнеше деңгейлі ұғымды өз жігімен деңгейлеп ажырату керек. Осы екі қажеттілікті қанағаттандыру үшін парадокс шешімдерін ұсынуға болады. «Адал болу» ұғымын «бәріне ашық болу», «ешқашан кері нәтиже бермейтін ештеңе жасамау», «әрқашан бар шындықты айту» деп бірнеше деңгейге ажыратайық. Бұдан «адалдық - өтірікпен өмір сүру емес», «адалдық - принциптерге опасыздық жасамау», «адалдық - бұл өз мүддесін қорғаудан бас тарту емес» деген тұжырымдар шығады. Ол егер сіз түскен жаһандық орта сіздің сенімділігіңізді, ашықтығыңызды немесе ар-ұжданыңызды пайдаланып жатса,

онда «адал болу» моралін «адалдық шекараларын» құру тактикасына ауыстыру керек. «Адалдық шекарасы» тактикасы нені неліктен істеуім керек деген сұраққа жауап береді. Мысалы, адал емес ортада «бәрін айту шарт емес», «барлығына сену парыз емес», «жоспарды немесе әрекетті толық ашу міндетті емес» деген принциптерге сүйеніп, кіммен қалай қатынас құру дайындығы орын алады. «Шындықты айту» және «барлық ақпаратты тарату» бір әрекет емес екенін түсіну кезеңі басталады.

Екінші сценарий - норма бейімделді. Аристотельдің фронезис тұжырымдамасы бойынша моральдық агент жалпы нормаларды жаңа жағдайға икемдей біледі. Мысалы, «жақсылыққа жауап қайтар» принципі рулық шеңбер мен жаһандық кәсіби ортада да жұмыс істей алады, себебі ол нақты бір контекстке емес, адамдар арасындағы жалпы өзара іс-қимылға негізделген. Аристотельді Дьюи құптайды: тәрбие арқылы дамыған тәжірибелік ойлау жаңа жағдайда тез бейімделуге мүмкіндік береді. Бірінші сценарийді толық әрі тұрақты орындау екінші сценарийдің негізіне айналады, бірақ «деңгейлік ажырату» тәсілі тоқтамайды. Әділетсіз ортаға шексіз мейірімділік беру - өзіңе жасаған әділетсіздікке айналады. Басқаларға зиян тигізбеу мен өзіңе де зиян келтірмеу жолдарын ажырату қажет. Өзіңізді қорғау эгоизм емес.

Үшінші сценарий - норма қазыққа айналады. М.Нуссбаум бойынша «кейде дәстүрлі тәрбие контексттен тыс та жұмыс істейді, ол адамның ішкі мүмкіндігіне айналып оны жаман ортада ұстап тұрады» [14, p.33]. Тәрбие арқылы қалыптасып адамның ішкі мүмкіндігіне айналған «адалдық нормалары» кей жағдайда этикалық қару, кейде этикалық қалқан ретінде коррупцияға, манипуляцияға немесе топтық қысымға қарсы тұруға серпін береді. Бұл адалдық адресатын қайта анықтау қажеттілігін туғызады. Көп жағдайда адам алдымен адалдықты өзіне емес өзгелерге бағыттайды: басқа адамдарға адал болу үшін алдымен өз ар-ұжданына, өз міндеттеріне адал болу.

Үш сценарийдің талдамалық қорытындысы: Т2-ден шыққан нормалардың контекстке тұрақтылығы олардың бастапқы негіздемесіне байланысты. Нормалар нақты бір ортаның рәсіміне байланған болса, онда ол орта жоғалғанда норма да жоғалады. Нормалар Т1-ге, яғни өзара сыйластыққа, адалдыққа, батылдыққа негізделген болса, онда олар жаңа ортада да өз өміршеңдігін сақтайды. Практикалық формулада егер алғашқы екі сценарий бұзылса, онда тепе-теңдік жоғалады. Адал емес ортадағы ең тұрақты позиция: «мен өтірік айтпаймын, бірақ бәрін айтпаймын», «мен опасыздық жасамаймын, бірақ өзімді құрбан етпеймін», «мен әділетсіздік жасамаймын, бірақ әділетсіздікке бой алдырмаймын». Мұнда моральдық парадокс адалдықтан бас тарту арқылы емес, адалдықты даналықпен толықтыру арқылы шешіледі. Ғылыми тұрғыдан Л.Кольбергтің алты сатылық тезисіне жүгінсек: ең жетілген мораль қоғамнан, мәдениеттен, заңнан тыс тұрады. Адам алтыншы сатыда заңға қайшы келсе де, әділеттілік принципін таңдайды.

Әлемдік кросс-мәдени зерттеу vs қазақ халықтық педагогикасы

2019 жылы Оксфорд университетінің О.С.Карри, Д.О.Маллинс және Х.Уайтхаус сынды ғалымдары жүргізген кең ауқымды кросс-мәдени зерттеуі [15] 60 мәдениеттің 600-ден астам дерегін талдай отырып 7 әмбебап моральдық ережені бекітті. Бекітілген қарапайым жалпыадамзаттық жеті ереже қазақтың дәстүрлі тәрбиесінен еш алыс емес және кросс-мәдени зерттеу қорытындысының саны қазақтың киелі 7 санына сәйкес келеді. Ережелерді қазақ педагогикасындағы ғылыми негізделген тұжырымдармен салыстыру Т1 және Т2 тәрбие формасының мазмұндық үйлесімділігін анықтаса, ережелер жиынтығы мен оның ситуациялық синтезінен құралған конвенциялық-контексттік мәртебе заманауи моральдық агентке негіз бола алады.

1-кесте. Салыстырмалы талдау

№	Жеті моральдық ереже	Қазақ тәрбиесіндегі балама	Конвенциялық-контексттік мәртебе
1	Туыстарыңа көмектес!	Жеті ата, рулық жіктеме, туған жерге адалдық – ***ұлттық генеология***	Контекстке тәуелді: тек, ру, туған ел жоқ жерде адам әлсірейді - ***тұрақсыз***
Abstract. This article examines, from a socio-philosophical perspective, the influence of national achievements in football on the transformation of a state's international image and the identity of a tourist destination. Drawing upon Benedict Anderson's concept of the *imagined*

community, Stuart Hall's understanding of identity as a social construct, Joseph Nye's theory of *soft power*, and Manuel Castells' theory of the *network society*, the study seeks to substantiate the interrelationship between sporting success, national identity, international image, and tourism destination identity within an integrated conceptual framework. As its empirical case, the research examines the qualification of the Uzbekistan national football team for the 2026 FIFA World Cup and the international media and tourism resonance generated by this historic achievement. The study employs socio-philosophical analysis, comparative analysis, discourse analysis, content analysis, and conceptual modeling. The findings demonstrate that football success should be understood not merely as a sporting achievement but as a multidimensional socio-philosophical mechanism that reinforces national pride and social cohesion, expands the country's presence in the global digital information space, and enhances its attractiveness as a tourism destination. The five-stage conceptual model proposed in this article provides a theoretical foundation for future empirical research on the interconnections between sport, national identity, international image, and destination branding.
Keywords: football success; national identity; soft power; sports diplomacy; international image; tourism destination identity; Uzbekistan.

Вклад авторов. **Мирзарахимов Б.Х**., концепция и дизайн исследования, методология, анализ литературы, написание текста, редактирование и подготовка окончательного варианта текста.

Поступила: 15.08.2026
Принята:14.10.2026

ҒТАХР 02.41. https://doi.org/10.48010/2026.4/1999-5911.10

ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ КӨПТҮРЛІЛІГІ

[1]А.Т. Кулсариева, [2]Б.А. Кулыбек*
[1]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
[2]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент, Қазақстан)
[1]aktolkyn777@mail.ru, [2]bagdatkali541997@gmail.com

[1]A.T. Kulsariyeva, [2]B.A. Kulybek
[1]Kazakh National Women's Teacher Training University (Almaty, Kazakhstan)
[2]M. Auezov South Kazakhstan University (Shymkent, Kazakhstan)
[1]aktolkyn777@mail.ru, [2]bagdatkali541997@gmail.com

***Сілтеме**:* Кулсариева А.Т., Кулыбек Б.А. Жаңғыру және қазіргі заманның көптүрлілігі // *Әл-Фараби*. – 2026. – Т. 24. № 4(96). – 136-150 бб.

Аңдатпа. Мақалада жаңғыру қоғамдық қатынастарды, институттар мен мәдени құндылықтарды өзгертетін көпөлшемді үдеріс ретінде зерттеледі. Зерттеудің мақсаты - қазіргі заман нысандарының көптүрлілігінің әлеуметтік-мәдени негіздерін айқындау және қоғамдық өзгерістерді бағалаудағы адами өлшемнің маңызын анықтау. Зерттеудің әдіснамалық негізін салыстырмалы, тарихи-философиялық және аксиологиялық тәсілдер құрайды. Индустриялық, постиндустриялық және постмодерндік қоғам тұжырымдамалары салыстырылып, бастапқы және екінші реттік жаңғырудың, батыстанудың, қуып жетуші дамудың, постмодернизацияның, неомодернизация мен демодернизацияның айырмашылықтары ашылады. Жаңғыру траекторияларының көптүрлілігі институционалдық өзгерістердің, мәдени дәстүрлер мен әлеуметтік субъектілер қызметінің өзара ықпалдастығымен айқындалатыны анықталды. Білімнің, ақпарат пен символдық ресурстардың рөлі артуы әлеуметтік жіктелу, қоғамдық қатысу және бірегейліктің қалыптасу тетіктерін өзгертетіні көрсетілді. Тұлға автономиясының кеңеюі жаңа тәуелділіктермен, ресурстарға қол жеткізудегі теңсіздікпен және адамгершілік жауапкершілігінің күшеюімен қатар жүретіні айқындалды. Жаһандық өзара байланыстардың тереңдеуі қауымдастықтардың мәдени, этностық және діни төлтумалығын сақтауға ұмтылысымен ұштасатыны анықталды. Жаңғыруды кезеңдердің әмбебап реттілігіне немесе батыстық тәжірибені қайталауға телуге болмайтыны туралы қорытынды жасалды. Оның нәтижелерін өмір сапасы, тұлға еркіндігі, білімнің қолжетімділігі, әлеуметтік байланыстардың орнықтылығы және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері тұрғысынан бағалау қажеттілігі негізделді. Адами өлшем технологиялық және институционалдық жаңаруды тұлғаның дамуы мен қоғамдық ынтымақтастық жағдайларымен сабақтастыруға мүмкіндік беретін біріктіруші өлшемшарт ретінде ұсынылады. Алынған нәтижелер жаңғырудың

* Автор-корреспондент: Б.А. Кулыбек, bagdatkali541997@gmail.com

тарихи тұрғыдан әртүрлі нысанда жүзеге асатын үдеріс ретіндегі түсінігін нақтылап, мәдени сабақтастық пен азаматтық қатысудың маңызын ашады, сондай-ақ жаһандық өзгерістер жағдайында қазіргі қоғамның әртүрлі үлгілерін салыстырмалы бағалаудың негіздерін айқындауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: жаңғыру, қазіргі заман, постмодерн, жаһандану, мәдениет, бірегейлік, автономия, ақпарат.

Кіріспе

Жаңғыру қоғамдық өзгерістерді әлеуметтік-философиялық тұрғыдан пайымдауда маңызды орын алады, өйткені ол дамудың экономикалық және технологиялық негіздерімен қатар, адамның болмыс тәсілдерін, құндылық бағдарлары мен бірлескен өмір нысандарын да қамтиды. Әлеуметтік институттардың өзгеруі, ақпараттық байланыстардың кеңеюі және мәдени өзара ықпалдастықтардың күрделенуі қазіргі заманның мазмұны мен жүріп жатқан өзгерістердің бағыттылығын бағалау өлшемшарттары туралы мәселені алға тартады. Осы тұрғыдан жаңғыру институционалдық жаңару, мәдени сабақтастық және тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері арасындағы арақатынас мәселесі ретінде көрінеді.

Жаңғырудың классикалық теориялары қазіргі қоғамның қалыптасуын негізінен индустрияландырумен, рационалданумен, секулярланумен және тұлға автономиясының орнығуымен байланыстырды. Бұл ретте Батыстың тарихи тәжірибесі өзге қоғамдарды бағалауға негіз болатын әмбебап үлгі ретінде жиі қабылданды. Алайда қоғамдық даму жолдарының көптүрлілігі жаңғыруды міндетті кезеңдердің бірыңғай реттілігі ретінде түсінудің шектеулілігін көрсетті. Жаңа технологиялар мен институттарды игеру дәстүрлі құндылықтардың сақталуымен қатар жүруі мүмкін, ал экономикалық өзгерістер әртүрлі саяси және мәдени салдарларға әкелуі ықтимал. Сондықтан жаңарудың әмбебап үрдістерінің нақты қоғамдардың тарихи және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерімен өзара ықпалдасу тәсілдерін зерттеу айрықша маңызға ие болады.

Қоғамдық өмірді ұйымдастырудың постиндустриялық нысандарына көшу жаңғыру зерттеулерінің проблемалық өрісін кеңейтеді. Білімнің, ақпарат пен коммуникацияның рөлі артуы жұмыспен қамту құрылымын, әлеуметтік теңсіздік тетіктері мен қоғамдық қатысу жағдайларын өзгертеді. Сонымен бірге бірегейліктің, символдық мойындалудың және өмірлік стратегияларды еркін таңдаудың маңызы күшейеді. Бұл үдерістер қайшылықты сипатқа ие: жеке мүмкіндіктердің кеңеюі жаңа тәуелділіктермен, ал жаһандық өзара байланыстардың тереңдеуі қауымдастықтардың мәдени дербестігін сақтауға ұмтылысымен ұштасады. Осыған байланысты институционалдық және технологиялық өзгерістерді олардың адам өміріне тигізетін салдарларымен сабақтастыра қарастыру қажеттілігі туындайды.

Зерттеудің негізгі мәселесі жаңғыру үдерістерінің көптүрлілігін ашуға және олардың адами өлшемін айқындауға мүмкіндік беретін теориялық негіздерді анықтаудан тұрады. Мақаланың мақсаты – жаңғырудың негізгі

тұжырымдамаларына әлеуметтік-философиялық талдау жүргізу және әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қазіргі қоғамдағы тұлғаның орны үшін маңызын анықтау. Осы мақсатқа қол жеткізу модерн мен постмодерн түсіндірмелерін салыстыруды, жаңғыру үлгілерін ажыратуды, сондай-ақ құндылықтардың, бірегейліктің және әлеуметтік белсенділік нысандарының өзгерістерін қарастыруды көздейді.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдіснамалық негізін әлеуметтік-философиялық, салыстырмалы және аксиологиялық тәсілдердің үйлесімі құрайды. Әлеуметтік-философиялық тәсіл жаңғыруды институционалдық, экономикалық және мәдени өзгерістердің өзара байланысында қарастыруға, олардың адамның қоғамдағы орны үшін маңызын ашуға мүмкіндік береді. Салыстырмалы тәсіл жаңғыру тұжырымдамаларын салыстыру, олардың бастапқы алғышарттарын, қазіргі заман өлшемшарттарын және қоғамдық дамудың бағыттылығы туралы түсініктерін анықтау үшін қолданылады. Аксиологиялық тәсіл әлеуметтік өмірдің құндылықтық негіздеріндегі өзгерістерді, дәстүр мен жаңарудың, тұлға автономиясы мен ұжымдық жауапкершіліктің арақатынасын зерделеуге бағытталған.

Тарихи-философиялық реконструкция жаңғыру туралы теориялық түсініктердің өзгеруін – индустриялық қоғамға өту үлгілерінен постиндустриялық даму мен постмодерн тұжырымдамаларына дейін - қадағалау үшін қолданылады. Тұжырымдамалық талдау арқылы «модерн», «жаңғыру», «постмодернизация», «батыстану» және «бірегейлік» ұғымдарының мазмұны нақтыланып, олардың мағыналары мен қолданылу аясы ажыратылады. Проблемалық-тақырыптық талдау қарастырылатын тұжырымдамаларды мәдени сабақтастық, әлеуметтік жіктелу, білім мен ақпараттың рөлі, тұлға еркіндігі және оның өзін-өзі жүзеге асыруы мәселелері төңірегінде біріктіруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық материалын жаңғыруға, постиндустриялық қоғамға және әлеуметтік-мәдени өзгерістерге арналған еңбектер құрайды. Олар тарихи мәнмәтін мен авторлық ұстанымдардың айырмашылықтары ескеріле отырып қарастырылады. Қоғамдық үдерістердің сипаттамалық тұжырымдары мен қоғамның қалаулы құрылымы туралы нормативтік түсініктерді ажыратуға ерекше назар аударылады. Бұл жекелеген үлгілердің әмбебаптыққа ұмтылысын сыни тұрғыдан бағалауға және технологиялық дамуды әлеуметтік прогреспен теңестіруден аулақ болуға мүмкіндік береді.

Индустриялық модерннен постмодернге: қоғам мен тұлғаның трансформациясы

Қазіргі қоғамның қалыптасуы, яғни жаңғыру, қоғамдық құрылыстың негіздерін қамтитын күрделі әрі қайшылықты үдеріс болып табылады. С. Хантингтон (Huntington S. P.) оның тоғыз негізгі сипаттамасын бөліп көрсетеді:

революциялық сипат, кешенділік, жүйелілік, жаһандық ауқым, ұзақ мерзімділік, кезеңділік, гомогенділік, қайтымсыздық және прогрессивтілік [1]. Революциялық сипат қоғамдық құрылымдар мен негізгі институттардың түбегейлі өзгеруінен; кешенділік қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларының қамтылуынан; жүйелілік жүріп жатқан өзгерістердің өзара байланысынан; жаһандық ауқым жаңғыру үдерістерінің дүниежүзілік деңгейде таралуынан көрінеді. Ұзақ мерзімділік пен кезеңділік өзгерістердің уақытқа созылуын және олардың бірізді жүзеге асуын білдіреді. Гомогенділік қазіргі қоғамдардың құрылымдық және институционалдық сипаттамаларының жақындасуын көздейді, ал қайтымсыздық пен прогрессивтілік өзгерістердің бағыттылығын және олардың нәтижелерінің орнығуын көрсетеді.

Дж. Джермани (Germani G.) жаңғырудың мазмұнын экономикалық, саяси және әлеуметтік салалардағы өзгерістердің өзара байланысы арқылы ашады. Экономикада оның негізгі көрінісі индустрияландыру болып табылады. Саяси салада жаңғыру демократиялық конституциялық режимдердің қалыптасуымен шектелмейді: ол орнықты экономикалық және әлеуметтік дамуға жағдай жасайтын әртүрлі саяси құрылыс нысандары аясында жүзеге асуы мүмкін. Сол сияқты әлеуметтік жаңғыру да тұлғалық ұстанымдардың, нормалардың, әлеуметтік қатынастар мен институттардың өзгеруіне ашық болған жағдайда ұйымдастыру нысандарының көптүрлілігіне мүмкіндік береді [2].

Дж. Коулмен (Coleman J. S.) жаңғыруды қоғам мүмкіндіктерінің саналы әрі дәйекті түрде кеңеюімен байланыстырады. Бұл үдеріс әлеуметтік жіктелу салдарынан туындайтын қайшылықтар мен қақтығыстарды тежеуге мүмкіндік беретін әлеуметтік ықпалдасу мен қоғамдық құрылыстың жаңа тетіктерін қалыптастыруды көздейді. Халықтың қоғамдық өмірге қатысуын кеңейту және ресурстарды теңдік талаптарына сәйкес бөлуді жетілдіру де елеулі маңызға ие болады. Жаңғырудың тағы бір маңызды сипаттамасы - қоғамның жаңа мақсаттарды икемді түрде айқындап, оларға қол жеткізу жолдарын әзірлеу қабілеті [3].

1970–1980 жылдары әлеуметтік-экономикалық даму мен саяси ұйымдасудың қалыптасқан үлгілерін қайта пайымдауға бетбұрыс байқалды. Осы ізденістің бір бағытын қызметтің шағын ауқымына, орталықсыздандыруға және біртіндеп жүзеге асатын институционалдық өзгерістерге басымдық берген Т. Питерс (Peters T. J.) [4], Б. Стоукс (Stokes B.) [5]., Р. Уотермен (Waterman R. H.) [4], Э. Шумахер (Schumacher E. F.) [6] және басқа авторлардың тәсілдері құрады. Бастапқы ұстанымдарының айырмашылықтарына қарамастан, бұл тәсілдер жергілікті бастамаларға және әлеуметтік жүйелерді кезең-кезеңімен жаңартуға деген қызығушылықтың артуын көрсетті.

Мұндай қайта пайымдаудың алғышарты орталықтандырылған басқарудың, өндірісті шамадан тыс ірілендірудің, күнделікті өмірді стандарттау мен қатаң регламенттеудің шектеулерін анықтау болды. Осы жағдайда «шағынның іріге қарсы тұруы» қозғалысы шаруашылық пен әлеуметтік ұйымдасудың неғұрлым икемді әрі адам қажеттіліктеріне сай нысандарына ұмтылысты білдірді. Шағын

ауқымды экологиялық таза өндіріс, орталықсыздандыру, қызметтің жекелеген түрлерін автоматтандыру, жергілікті өзін-өзі басқаруды және өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту оның негізгі бағдарларына айналды. Постиндустриялық қоғамның қалыптасуы аясында «шағын да көркем» қағидаты жергілікті шешімдер, ресурстарды ұтымды пайдалану және бастамаларды қолдау арқылы елеулі нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігін білдірді.

Э. Шумахер шаруашылық өмірді ұйымдастыруға технологиялардың адам қажеттіліктері мен табиғат мүмкіндіктеріне сәйкестігіне негізделген тәсілді ұсынды. Ірі ауқымды өндірісті сынай отырып, ол оның табиғи және адами ресурстарды шамадан тыс жұмсау, қоршаған ортаны ластау, қызметкерлердің басқару құрылымдарына тәуелділігін күшейту сияқты жойқын салдарларына назар аударды. Шумахер мұндай үлгінің баламасын буддизмнің қарапайымдылық пен зорлық жасамау қағидаттарына сүйене отырып, қанағатшылдықпен, табиғат пен адамға ұқыпты қарым-қатынаспен байланыстырды [6]. Бұл тәсілдің өзегінде күнделікті қам-қарекеті, қажеттіліктері және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылысы бар адам тұрады. Осыдан шағын және орта кәсіпкерліктің, жергілікті білім беру бастамаларының, тұлға дербестігі мен жергілікті қауымдастықтарды қолдаудың айрықша маңызы туындайды.

Осы тәсіл аясында шағын және орта кәсіпорындарды дамыту халықтың әл-ауқатын арттыру шарттарының бірі ретінде қарастырылады. Отбасылық кәсіпкерлік, өнімдердің алуан түрлілігі және еңбекті ұйымдастырудың икемді нысандары жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейтіп, жеке бастамаларға жол ашады. Бұл өзгерістермен адам дамуына деген өзгеше көзқарас та байланысты: даралықты ашу, өмірлік мақсаттар мен оларды жүзеге асыру жолдарын дербес айқындау басымдыққа ие болады. Э. Тоффлердің түсінігінде жаңа қоғамның келешегі адамның өз өмірлік әлемін қалыптастыруға қатысу мүмкіндіктерінің кеңеюімен сабақтасады [7].

Индустриялық өркениет халық пен өндірістің ірі қалаларда шоғырлануымен, өнеркәсіптік аймақтардың ұлғаюымен және қалалық өмір салтының таралуымен сипатталды. Ауылдық аумақтардың индустриялық орталықтар қажеттіліктеріне бағындырылуы экологиялық жүктеменің артуымен және қоғамдық өмірдің үйреншікті нысандарының өзгеруімен қатар жүрді. Еңбектің жоғары қарқындылығы, халықтың шамадан тыс тығыз қоныстануы және күнделікті тәжірибелердің бұқаралануы психологиялық шиеленістің қосымша көздерін туындатып, тұлға автономиясының аясын тарылтты.

Ақпараттық және компьютерлік технологиялардың дамуы еңбек пен тұрмысты кеңістіктік және уақыттық тұрғыдан ұйымдастыруды өзгертуге мүмкіндік береді. Э. Тоффлердің «электрондық үй» тұжырымдамасында тұрғын үй отбасылық өмір мен кәсіби қызметті біріктіретін кеңістік ретіндегі маңызын қайта иеленеді. Үйді байланыс құралдарымен және техникалық жүйелермен жабдықтау ақпарат алуға, жұмыс байланыстарын сақтауға және өндірістік міндеттердің бір бөлігін қашықтан орындауға мүмкіндік береді [7]. Мұндай үлгі қалалық қызметтердің қолжетімділігін урбандалу деңгейі төмен ортада

өмір сүрудің артықшылықтарымен ұштастыруды көздейді. Сонымен бірге оның гуманистік әлеуеті технологиялық өзгерістердің адам дербестігін қаншалықты кеңейтетініне және оның толыққанды өмір сүруіне қандай жағдай жасайтынына байланысты.

Постиндустриялық қоғамға өту қажеттіліктердің, құндылық бағдарларының және әлеуметтік мінез-құлық уәждерінің сапалық өзгерістерімен қатар жүреді. Бұл өзгерістер экономикалық қатынастардың түрленуімен, технологиялар мен коммуникацияның жаңа нысандарының дамуымен байланысты. Еңбек адамның өмірлік мақсаттары мен әлеуметтік бірегейлігі қалыптасатын бірден-бір орталық ретіндегі орнын біртіндеп жоғалтады. Сонымен бірге тұтынудың, бос уақытты өткізудің және өмірлік тәжірибелерді еркін таңдаудың маңызы артады. Тұтыну қоғамында гедонистік ұстанымдар күшейеді: ләззат алуға, эмоциялық толымдылыққа және әсерлердің алуан түрлілігіне ұмтылу күнделікті мінез-құлықтың елеулі уәждерінің біріне айналады. *Homo faber* - жасампаз адам бейнесімен қатар, шығармашылыққа, тәжірибе жасауға және тәжірибенің жаңа нысандарын игеруге бағдарланған *homo ludens* - ойнаушы адам бейнесінің маңызы арта түседі. Бұл ретте бос уақыт дербес құндылық әрі тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының маңызды шарты ретінде көрінеді [8].

Постмодерн әлеуметтік байланыстардың жоғары серпінділігімен, нормалардың өзгермелілігімен және ықтимал даму бағыттарының көптігімен ерекшеленетін қоғамның жалпы күйін сипаттайды. Қоғамдық күйлердің қатаң реттілігі мен бірмәнді себептік шарттылығын көздейтін сызықтық үлгілер арқылы жүріп жатқан өзгерістерді сипаттау барған сайын қиындай түседі. Өткен, қазіргі және болашақ арасындағы байланыс сақталғанымен, ол кездейсоқтық, белгісіздік және әртүрлі бағыттағы үдерістердің өзара ықпалы арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан броундық қозғалыс метафорасы тәртіптің жоқтығынан гөрі оның қалыптасуының күрделілігін білдіреді: қоғамдық өмірдің уақытша конфигурациялары дамудың бірыңғай траекториясына тоғыспайтын көптеген әрекеттер мен үрдістердің қиылысында пайда болады.

З. Бауманның (Bauman Z.) пікірінше, постмодерн XX ғасырдың соңында неғұрлым дамыған қоғамдарда өзінің табиғатын және әлеуметтік өмірді ұтымды ретке келтіруге деген ұмтылысының шектерін ұғынған модерн ретінде қалыптасады. Осы тұрғыдан азаматтық әлеуметтілік автономды субъектілердің өздігінен туындайтын белсенділік кеңістігі ретінде көрінеді. Олардың әрекеттері ең алдымен бірлескен өмір сүру ортасын өзгертуге, қолжетімді ресурстарды пайдалануға және өз мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталады. Тұрақты тәртіпті, басқарылуды және болжамдылықты сақтау әлеуметтік өзара әрекетке қатысушылардың барлығын біріктіретін ортақ ұстаным болудан қалады [9, 187 б.].

Постмодерндік әлеуметтік орта күрделілігімен және әрекет орталықтарының көптігімен ерекшеленеді. Мемлекет те, жекелеген ұйым да ондағы үдерістерді жан-жақты басқаруды қамтамасыз ете алмайды. Біртұтас азаматтық кеңістікте мүдделері, мақсаттары мен қызмет салалары әртүрлі көптеген субъектілер өзара әрекеттеседі. Қоғамдық тәртіп олардың бастамаларының тоғысуы, мүдделерінің келісілуі және туындайтын қайшылықтар арқылы қалыптасады. Бұл ретте

ресурстарға қол жеткізу дербес қызметтің негізгі шарттарының біріне әрі оның мүмкіндіктері мен шектеулерін айқындайтын факторға айналады.

Әлеуметтік теңсіздік пен қоғамдық байлықты қайта бөлу мәселелерімен қатар, мойындалу, адам құқықтарын қорғау және әлеуметтік топтардың нақты автономиясын кеңейту талаптары барған сайын маңызды бола түседі. Саяси қызмет дербестікті шектейтін кедергілерді еңсеруге, қоғамдық өмірге қатысу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге және бірегейліктердің көптүрлілігін мойындауға бағытталады.

Бұл өзгерістер адамгершілік реттеуге де ықпал етеді. Құқықтық және институционалдық нормалардың маңызы сақталғанымен, субъектілердің өз іс-әрекеттерінің негіздері мен салдарлары үшін жеке жауапкершілігі күшейеді. Билік орталықтары мен нормативтік бағдарлардың көптігі дербес таңдау кеңістігін кеңейтеді, алайда оны жүзеге асыру мүмкіндіктері қолжетімді ресурстарға және адамның нақты тәуелсіздік дәрежесіне байланысты болады. Осылайша таңдау еркіндігі өзіндік рефлексия, өзін-өзі бақылау және өз әрекеттерін сыни бағалау қажеттілігімен ұштасады.

Жеке тәжірибе шеңберінен шығатын адамгершілік мәселелері бірлескен талқылауды және ұстанымдарды келісуді талап етеді. Диалог, жария пікірталас пен келіссөздер ортақ бағдарларды тұжырымдаудың, қалыптасқан нормаларды қайта қараудың және бірлескен өмір ережелерін түсіндірудің тәсілдеріне айналады. Осындай өзара әрекет барысында қатысушылардың автономиясын олардың өзге адамдар алдындағы жауапкершілігімен үйлестіру мүмкіндігі қалыптасады.

Жаңғырудың теориялық тәсілдері мен әлеуметтік-мәдени үлгілері

Л. Туроудың идеяларына сүйене отырып, XX–XXI ғасырлар тоғысында батыс қоғамдарының өзгеруін айқындаған бірқатар үдерістерді бөліп көрсетуге болады: 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басындағы коммунистік режимдердің ыдырауы, білім экономикасының қалыптасуы, халықтың қартаюын қоса алғанда, демографиялық өзгерістер және шаруашылық байланыстардың жаһандануы. Көпполярлылық жағдайында әлемдік тепе-теңдікті сақтау қоғамдық укладтардың, мүдделер мен өмір салттарының көптүрлілігін ескеруді талап етеді. Мұндай тепе-теңдік өзгермелі сипатқа ие болып, әртүрлі бағыттағы үдерістердің өзара ықпалы, жергілікті деңгейдегі келісімдер мен нақты жағдайларға сай қабылданатын шешімдер нәтижесінде қалыптасады [10].

Модерн теорияларының дамуы жаңғыру ұғымының нақтылануына, соның ішінде оның бастапқы және екінші реттік нысандарын ажыратуға ықпал етті. Бастапқы жаңғыру Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдерінде капитализмнің қалыптасуымен қатар жүрген әлеуметтік-мәдени өзгерістер кешенін білдіреді. Бұл өзгерістерге сословиелік және мұрагерлік шектеулердің әлсіреуі, дәстүрлі өмір салтының өзгеруі, азаматтық тең құқықтылықтың орнығуы және демократиялық институттардың қалыптасуы жатады. Осы үлгі

аясында жеке еркіндік, тұлға автономиясы және оның құқықтарының кеңеюі индустрияландыру мен капиталистік қатынастар дамуының елеулі алғышарттары ретінде қарастырылады. Мұндай түсінік Ағартушылық философиясында дамыған индивидуализм қағидатына, сондай-ақ Г. В. Ф. Гегель философиясындағы тұлға еркіндігі мен дербестігін пайымдауға сүйенеді. Бұл идеялар қазіргі қоғам туралы көптеген тұжырымдамалардың теориялық негіздеріне енді.

Екінші реттік жаңғыру қалыптасқан институционалдық, экономикалық және технологиялық үлгілерді игеруші қоғамдардағы өзгерістермен байланысты. Тарихи тұрғыдан батыстық ықпалдың таралуы жаңғырудың батыстанумен, яғни батыстық мәдени нормалар мен қоғамдық ұйымдасу нысандарын қабылдаумен жақындасуына ықпал етті. Алайда сырттан қабылданған үлгілердің жергілікті дәстүрлермен өзара ықпалдастығы дамудың әртүрлі нұсқаларын туындатады. Олардың арасында пайда болатын қайшылықтар мәдени және әлеуметтік шиеленісті күшейтуі мүмкін. Бұл, әсіресе, институционалдық өзгерістер қалыптасқан құндылықтармен және тәжірибелермен үйлеспеген жағдайда байқалады. Сондықтан жаңғыруды түсіну нақты тарихи жағдайларды және өзгерістерді әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу тәсілдерін ескеруді талап етеді.

Екінші реттік жаңғыру неғұрлым дамыған қоғамдардың қалыптасқан экономикалық, институционалдық және мәдени үлгілерін игеруші елдердегі әлеуметтік-мәдени өзгерістерді қамтиды. Бұл үдерістерде жергілікті дәстүрлермен және қоғамдық ұйымдасу нысандарымен өзара әрекеттескен Батыстың ықпалы тарихи тұрғыдан елеулі рөл атқарды [11], [12].

Теориялық тәсілдердің көптүрлілігіне қарамастан, жаңғыру тұжырымдамаларын қоғамдық ұйымдасудың дәстүрлі нысандарынан қазіргі нысандарына өту тетіктеріне және қазіргі заманның өзінің кейінгі өзгерістеріне деген назар біріктіреді. Бұл үдерістердің негізгі сипаттамаларына дәстүрлі құндылықтар рөлінің өзгеруі, секулярлану, тұлға автономиясының кеңеюі, қызметті ұйымдастырудың ұтымды тәсілдерінің дамуы, индустрияландыру және технологиялардың таралуы жатады. Аталған үрдістердің арақатынасы нақты қоғамның тарихи жағдайларына, мәдени ерекшеліктері мен институционалдық құрылымына байланысты.

Постиндустриялық және ақпараттық қоғам теорияларында ғылыми білімнің, білім беру мен ақпараттық технологиялардың рөлі артуы ерекше маңызға ие болады. Өнеркәсіптік кәсіпорындармен және корпорациялармен қатар, университеттердің, зерттеу орталықтары мен білімді өндіруді және таратуды қамтамасыз ететін ұйымдардың ықпалы күшейеді. Ақпарат және оны білімге, технологиялар мен практикалық шешімдерге айналдыру қабілеті қоғамдық дамудың аса маңызды ресурстарына айналады. Бұл ретте капиталдың, меншіктің және материалдық инфрақұрылымның маңызы сақталады, ал оларды пайдалану мүмкіндіктері зияткерлік ресурстармен барған сайын тығыз байланысады.

Елеулі өзгерістер мәдени саланы да қамтиды. Бұрынғы дүниетанымдық және құндылықтық жүйелердің біртұтастығы әлсіреп, ғылым, өнер, дін және философия арасындағы қатынастар күрделене түседі. Мәдени стильдердің

араласуы, бұқаралық мәдениеттің таралуы және ойын-сауық индустриясының дамуы дүниені қабылдау мен түсіндіру тәсілдерінің алуан түрлілігінің артуымен қатар жүреді. Э. Гидденстің көзқарастарын баяндауда жаһандық әлеуметтік байланыстардың қалыптасуы ортақ ақпараттық кеңістіктің кеңеюімен сабақтастырылады. Бұл үдерістер ұлттық мемлекеттің жағдайын өзгертіп, оның трансұлттық өзара әрекеттестіктерге тәуелділігін күшейтеді әрі жергілікті және өңірлік орталықтардың, қоғамдық қозғалыстар мен азаматтық бірлестіктердің маңызын арттырады [13].

Постиндустриялық және ақпараттық қоғам теориялары технологиялық өзгерістердің экономикалық қатынастардағы, әлеуметтік институттар мен күнделікті тәжірибелердегі өзгерістермен өзара байланысын ашады. Оларда ұсынылатын тарихи кезеңдеу үлгілері постиндустриялық қоғамның қалыптасуын қызмет көрсету, ақпарат өндіру және зияткерлік еңбек үлесі арта түсетін шаруашылық қызметтің өзгеше құрылымына өту ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Инновациялар мен шешім қабылдаудың негізіне айналатын теориялық білім ерекше маңызға ие болады. Материалдық өндірістің өзгеруімен қатар, тұлғааралық өзара әрекеттестік аясы кеңейеді: білім беру, басқару, зерттеушілік және кәсіби қызмет коммуникацияға, білім алмасуға және іс-әрекеттерді келісуге барған сайын көбірек тәуелді болады. Бұл ретте технологиялық өзгерістер қоғамдық қайта құрулардың алғышарттарын қалыптастырады, ал олардың нақты нысандары мен салдары мәдени, саяси және институционалдық жағдайлармен де айқындалады.

Жаһандану және қазіргі қоғамның адами өлшемі

Қазіргі қоғамды анықтауда қоғамдық ұйымдасудың жалпы қасиеттері мен тарихи дамудың нақты кезеңіне байланысты белгілерін ажырату қажет. Алғашқыларына өзін-өзі ұйымдастыру және әлеуметтік байланыстарды қайта өндіру қабілеті, салыстырмалы автономия және бірлескен өмірді реттейтін институттардың болуы жатады. Қазіргі қоғамның тарихи қалыптасуы индустрияландырумен, ірі өндірістің дамуымен, қызмет көрсету саласының кеңеюімен және урбандалумен байланысты. Бұл үдерістер аграрлық укладтарды, жұмыспен қамту құрылымын және адам қажеттіліктерін қанағаттандыру тәсілдерін өзгертеді.

Қазіргі қоғам дүниетанымдық плюрализммен, қоғамдық қатынастардың рационалдануымен, тұлға автономиясының кеңеюімен және жария институттардың зайырлы құрылымымен де сипатталады. Зайырлылық аражолдан бостандығы мен наным-сенімдердің көптүрлілігін сақтай отырып, діни және мемлекеттік биліктің аражігін ажыратуды білдіреді [14]. Қоғамдық өмірдің ашықтығы қалыптасқан нормаларды талқылау, шешімдерді қайта қарау және әртүрлі мүдделердің заңдылығын мойындау мүмкіндігі арқылы қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге утилитарлық ұстанымдар мен нарықтық өлшемшарттардың таралуы дәстүрлі құндылықтардың жағдайын өзгертіп, олардың әлсіреуіне де, қайта пайымдалуына да жағдай жасайды.

Экономикалық тұрғыдан индустриялық модерн ұйымдасқан капитализмнің, жаппай өндіріс пен стандартталған тұтынудың дамуымен байланысты. Нарықтардың кеңеюі бос уақыт индустриясы мен бұқаралық мәдениеттің өсуімен қатар жүреді; олардың күнделікті өмірге, өмірлік мақсаттар мен өзін-өзі таныту тәсілдеріне ықпалы барған сайын күшейеді. Тұтыну бірегейлікті қалыптастыру және әлеуметтік жағдайды білдіру тетіктерінің бірі ретінде маңызға ие болады.

Экономиканың өмірдің әртүрлі салаларына ықпалының күшеюі азаматтық қоғамды қоғамдық мүдделерді қорғау және әлеуметтік қатынастардың тек нарық талаптарына бағындырылуына қарсы тұру нысандарын әзірлеуге итермелейді. Сонымен қатар жеке өмірдің дербестігі артып, оның жария кеңістікпен байланыстары өзгереді. Мұндай жағдайда азаматтық бірлестіктер делдалдық және қорғау қызметтерін атқарып, адамдардың мемлекетпен, экономикалық ұйымдармен және мәдениет индустриясымен өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ ынтымақтастық пен ұжымдық әрекетке мүмкіндік жасайды.

Жаңғыру теориясын жаңарту әлеуметтік өзгерістердің кеңістіктік өлшемін, ең алдымен олардың жаһандық сипатын ескеруді көздейді. Трансұлттық байланыстардың кеңеюі және ұлттық-мемлекеттік шекаралар рөлінің өзгеруі Канттың дүниежүзілік азаматтық ахуал туралы идеясына қызығушылықтың қайта жануына ықпал етеді. Х. Булл (Bull H.), Дж. Розенау (Rosenau J. N.) және халықаралық қатынастардың басқа да теоретиктерінің зерттеулерінде мемлекетаралық саясат шеңберінен шығатын өзара әрекеттестіктің алғышарттары қарастырылады. Жаһандық азаматтық қоғам ұғымы ұлттық шекаралардан асатын қоғамдық байланыстар мен бастамалар кеңістігін белгілеуге мүмкіндік береді. Оның жаһандық сипаты өзара әрекеттестіктердің географиялық ауқымынан да, жалпыадамзаттық мәселелерге ортақтастық санасының қалыптасуынан да көрінеді [15], [16].

Мұндай кеңістіктің қалыптасуында экологиялық және құқық қорғау қозғалыстары, сондай-ақ мәдени көптүрлілікті қолдайтын ұйымдар маңызды рөл атқарады. Желілік байланыстардың икемділігі мен мемлекеттік құрылымдарға қатысты салыстырмалы дербестігінің арқасында олар тұрғылықты жері мен азаматтық тиесілілігі әртүрлі адамдардың ынтымақтасуына мүмкіндік жасайды. Қалыптасатын бірлестіктер қоғамдық қатысудың, ынтымақтастық пен мәдени алмасудың жаңа кеңістіктерін құрады.

Қарастырылған тәсілдерді қазіргі қоғамның қалыптасуы мен өзгеруін айқындайтын факторларды анықтауға деген ұмтылыс біріктіреді. Бұл ретте қоғамдық даму құрылымдық жағдайлардың, күтпеген мән-жайлар мен адамдардың мақсатты әрекеттерінің өзара ықпалдасу нәтижесі ретінде көрінеді. Өзгерістердің елеулі бөлігі бірыңғай басқару орталығынсыз қалыптасады, алайда олардың бағыттылығы институционалдық шешімдерге, ұжымдық бастамаларға және қатысушылардың өз мүдделерін келісу қабілетіне де байланысты.

Қазіргі қоғамда әлеуметтік қақтығыстар өндірістік қатынастар аясынан барған сайын жиі шығып, тұтынуды, бос уақытты өткізу мен мәдени тәжірибелерді қамтиды. Меншік пен саяси билік үшін күреспен қатар, өмірлік

мүмкіндіктерді кеңейтуге, бірегейлікті мойындауға және өмір салтын еркін таңдауға байланысты талаптардың маңызы артады. Ақпарат қоғамдық ықпалдың негізгі ресурстарының біріне айналады. Әлеуметтік ақпарат саяси және қоғамдық маңызы бар үдерістер, азаматтардың, ұйымдар мен институттардың өзара әрекеттестігі туралы мәліметтерді қамтиды. Ақпараттық ағындардың мазмұнын, оларға қол жеткізу шарттары мен оларды түсіндіру тәсілдерін айқындау мүмкіндігі биліктің елеулі факторына айналады. Сондықтан өнеркәсіптік және технологиялық дамумен қатар, мәдениеттің, коммуникация мен символдық өзара әрекеттестіктің рөлі күшейеді.

Қорытынды

Жүргізілген талдау жаңғыруды қоғамдық институттарды, экономикалық қатынастарды, мәдени құндылықтар мен адам қызметінің тәсілдерін қамтитын көпөлшемді және тарихи тұрғыдан әртүрлі нысанда жүзеге асатын үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Оның мазмұны индустрияландырумен, технологиялық жаңарумен немесе ұйымдық үлгілерді қабылдаумен шектелмейді. Тұлғаның қоғамдағы орнының, әлеуметтік ықпалдасу нысандарының және бірлескен өмір негіздерінің өзгеруі елеулі маңызға ие. Сондықтан жаңғыруды бағалау құрылымдық өзгерістерді адамның еркін әрі мазмұнды даму мүмкіндіктерімен сабақтастыра қарастыруды талап етеді.

Теориялық тәсілдерді салыстыру қоғамдық прогрестің негізінен сызықтық үлгілерінен қазіргі заман траекторияларының көптігін мойындауға бетбұрысты анықтады. Жаңғырудың бастапқы, екінші реттік және кейінгі нысандарын ажырату тарихи жағдайлардың, бастапқы ресурстардың және жаңа институттарды игеру тәсілдерінің айырмашылықтарын көрсетеді. Дәстүрлер мен инновациялардың өзара әрекеттестігі қатар өмір сүру, қақтығыс және синтез нысандарында көрінуі мүмкін. Бұл ретте мәдени төлтумалықты сақтау өзгерістердің қоғамдық тұрғыдан мағыналылығы мен сабақтастығын қамтамасыз ететін ресурс бола алады.

Қоғамдық ұйымдасудың постиндустриялық және ақпараттық нысандарының қалыптасуы білімнің, коммуникация мен символдық ресурстардың рөлінің артуымен қатар жүреді. Бұл үдерістер өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейтеді, сонымен бірге теңсіздік пен тәуелділік тетіктерін күрделендіреді. Білім алуға, ақпаратқа және шешім қабылдауға қол жеткізу адамның нақты автономиясының маңызды шартына айналады. Осыған сәйкес жеке таңдау ауқымының кеңеюі қолжетімді ресурстармен, құқықтық кепілдіктермен және азаматтық қатысу мүмкіндіктерімен бекітілгенде қоғамдық маңызға ие болады.

Жаңғырудың қайшылықты сипаты жаһандық өзара тәуелділік пен қауымдастықтардың мәдени, этностық және діни бірегейлігін сақтауға ұмтылысы арасындағы қатынастарда ерекше айқын көрінеді. Оларды үйлестіру диалог, қоғамдық ынтымақтастық және ортақ жауапкершілік институттарын дамытуды көздейді. Осындай жағдайда азаматтық қоғам жеке бастамаларды ортақ мүдделермен сабақтастыруға, ал өмірлік ұстанымдардың алуан

түрлілігін ынтымақтасудың негізіне айналдыруға мүмкіндік беретін кеңістік қалыптастырады.

Адами өлшем жаңғырудың қарастырылған қырларын біріктіріп, оны мазмұндық тұрғыдан бағалау өлшемшарттарын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Оларға өмір сапасын арттыру, тұлға дербестігін кеңейту, білімнің қолжетімділігі, маңызды әлеуметтік байланыстарды сақтау және адамдардың қоғамның болашағын айқындауға қатысуы жатады. Одан арғы зерттеулердің перспективалары тарихи және мәдени тәжірибесі әртүрлі қоғамдарда институционалдық және технологиялық жаңарудың осы мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін нақты жағдайларын анықтаумен байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1 Huntington S. P. The Change to Change: Modernization, Development, and Politics // Comparative Politics. – 1971. – Vol. 3, No. 3. – P. 283–322.

2 Germani G. The Sociology of Modernization: Studies on Its Historical and Theoretical Aspects with Special Regard to the Latin American Case. – New Brunswick, NJ: Transaction Books, 1981. – ISBN 978-1412839044.

3 Coleman J. S. Foundations of Social Theory. – Cambridge, MA: Belknap Press of Harvard University Press, 1990. – 993 p.

4 Peters T. J., Waterman R. H. Jr. In Search of Excellence: Lessons from America's Best-Run Companies. – New York: Harper & Row, 1982. – 360 p. – ISBN 0-06-015042-4.

5 Stokes B. Helping Ourselves: Local Solutions to Global Problems. – New York; London: W. W. Norton & Company, 1981. – 160 p. – ISBN 978-0-393-01362-7.

6 Schumacher E. F. Small Is Beautiful: A Study of Economics As If People Mattered. – New York: Harper & Row, 1973. – 290 p. – ISBN 978-0-06-136122-7.

7 Тоффлер Э. Третья волна / пер. с англ. К. Ю. Бурмистрова [и др.]. – М.: АСТ, 2009. – 784 с.

8 Изотов М. З. Человеческий капитал как основа инновационного развития общества (социально-философский анализ) // Адам әлемі (Мир человека). – 2013. – № 3. – С. 45–53.

9 Bauman Z. Intimations of Postmodernity. – London; New York: Routledge, 1992. – 234 p. – ISBN 978-0-415-06750-8.

10 Туроу Л. Новая постиндустриальная волна на Западе. – М., 1999. – С. 186–187.

11 Сартаева Р. С. К проблемам модернизации государственного строительства в современном Казахстане // Адам әлемі. – 2022. – Т. 92, № 2. – С. 58–70. – DOI: 10.48010/2022.2/1999-5849.06.

12 Хамидов А. А. Модернизация сознания как задача и как проблема // Адам әлемі. – 2022. – Т. 93, № 3. – С. 58–71. – DOI: 10.48010/2022.3/1999-5849.06.

13 Гидденс Э. Последствия современности / пер. с англ. Г. К. Ольховикова, Д. А. Кибальчича; науч. ред. Т. А. Дмитриев. – М.: Праксис, 2011. – 352 с. – (Образ общества). – ISBN 978-5-901574-90-4.

14 Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: әлеуметтік-мәдени негіздер: монография / жалпы ред. З. К. Шәукенова, С. Е. Нұрмұратов. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 92 б. – ISBN 978-601-7082-77-2.

15 Bull H. The Anarchical Society: A Study of Order in World Politics. – London: Macmillan Press, 1977. – XV, 335 p. – ISBN 0-333-19914-6.

16 Rosenau J. N. Turbulence in World Politics: A Theory of Change and Continuity. – Princeton, NJ: Princeton University Press, 1990. – XVIII, 480 p. – ISBN 0-691-02308-5.

Transliteration

1 Huntington S. P. The Change to Change: Modernization, Development, and Politics // Comparative Politics. – 1971. – Vol. 3, N 3. – P. 283–322.

2 Germani G. The Sociology of Modernization: Studies on Its Historical and Theoretical Aspects With Special Regard to the Latin American Case. – New Brunswick, NJ: Transaction Books, 1981. – ISBN 978-1412839044.

3 Coleman J. S. Foundations of Social Theory. – Cambridge, MA: Belknap Press of Harvard University Press, 1990. – 993 p.

4 Peters T. J., Waterman R. H. Jr. In Search of Excellence: Lessons from America's Best-Run Companies. – New York: Harper & Row, 1982. – 360 p. – ISBN 0-06-015042-4.

5 Stokes B. Helping Ourselves: Local Solutions to Global Problems. – New York; London: W. W. Norton & Company, 1981. – 160 p. – ISBN 978-0-393-01362-7.

6 Schumacher E. F. Small Is Beautiful: A Study of Economics As If People Mattered. – New York: Harper & Row, 1973. – 290 p. – ISBN 978-0-06-136122-7.

7 Toffler Je. Tret'ja volna [The Third Wave] / per. s angl. K. Ju. Burmistrova [i dr.]. – M.: AST, 2009. – 784 s.

8 Izotov M. Z. Chelovecheskij kapital kak osnova innovacionnogo razvitija obshhestva (social'no-filosofskij analiz) [Human capital as the foundation of innovative societal development (a socio-philosophical analysis)] // Adam alemi (Mir cheloveka). – 2013. – N 3. – S. 45–53.

9 Bauman Z. Intimations of Postmodernity. – London; New York: Routledge, 1992. – 234 p. – ISBN 978-0-415-06750-8.

10 Turou L. Novaja postindustrial'naja volna na Zapade [The new post-industrial wave in the West]. – M., 1999. – S. 186–187.

11 Sartaeva R. S. K problemam modernizacii gosudarstvennogo stroitel'stva v sovremennom Kazahstane [On the problems of modernizing state-building in contemporary Kazakhstan] // Adam alemi. – 2022. – T. 92, N 2. – S. 58–70. – DOI: 10.48010/2022.2/1999-5849.06.

12 Hamidov A. A. Modernizacija soznanija kak zadacha i kak problema [Modernization of consciousness as a task and a problem] // Adam alemi. – 2022. – T. 93, N 3. – S. 58–71. – DOI: 10.48010/2022.3/1999-5849.06.

13 Giddens Je. Posledstvija sovremennosti [The Consequences of Modernity] / per. s angl. G. K. Ol'hovikova, D. A. Kibal'chicha; nauch. red. T. A. Dmitriev. – M.: Praksis, 2011. – 352 s. – (Obraz obshhestva). – ISBN 978-5-901574-90-4.

14 Sagikyzy A. Gumanistik dunietanym: aleumettik-madeni negizder [Humanistic worldview: sociocultural foundations]: monografija / zhalpy red. Z. K. Shaukenova, S. E. Nurmuratov. – Almaty: QR BGM GK Filosofija, sajasattanu zhane dintanu instituty, 2013. – 292 b. – ISBN 978-601-7082-77-2.

15 Bull H. The Anarchical Society: A Study of Order in World Politics. – London: Macmillan Press, 1977. – XV, 335 p. – ISBN 0-333-19914-6.

16 Rosenau J. N. Turbulence in World Politics: A Theory of Change and Continuity. – Princeton, NJ: Princeton University Press, 1990. – XVIII, 480 p. – ISBN 0-691-02308-5.

ISSN 1999-5911 (Print)
ISSN 2960-2173 (Online)

Кулсариева А.Т., Кулыбек Б.А.
Модернизация и многообразие форм современности

Аннотация. В статье исследуется модернизация как многомерный процесс преобразования общественных отношений, институтов и культурных ценностей. Цель исследования - выявить социокультурные основания многообразия форм современности и определить значение человеческого измерения для оценки общественных преобразований. Методологическую основу составляют сравнительный, историко-философский и аксиологический подходы. Сопоставлены концепции индустриального, постиндустриального и постсовременного общества, раскрыты различия между первичной и вторичной модернизацией, вестернизацией, догоняющим развитием, постмодернизацией, неомодернизацией и демодернизацией. Установлено, что многообразие модернизационных траекторий обусловлено взаимодействием институциональных изменений, культурных традиций и деятельности социальных субъектов. Показано, что возрастание роли знания, информации и символических ресурсов преобразует механизмы социальной дифференциации, общественного участия и формирования идентичности. Расширение индивидуальной автономии сопровождается новыми зависимостями, неравенством доступа к ресурсам и усилением нравственной ответственности. Выявлено, что глобальная взаимосвязанность сочетается со стремлением сообществ сохранять культурную, этническую и религиозную самобытность. Сделан вывод о несводимости модернизации к универсальной последовательности этапов или воспроизведению западного опыта. Её результаты следует оценивать через качество жизни, свободу личности, доступность знаний, устойчивость социальных связей и возможности самореализации. Человеческое измерение выступает объединяющим критерием, позволяющим соотносить технологическое и институциональное обновление с условиями развития личности и общественной солидарности. Полученные результаты уточняют понимание модернизации как исторически вариативного процесса, раскрывают значение культурной преемственности и гражданского участия, а также создают основу для сравнительной оценки различных моделей современного общества в условиях глобальных изменений.

Ключевые слова: модернизация, современность, постсовременность, глобализация, культура, идентичность, автономия, информация.

Kulsariyeva A.T., Kulybek B.A.
Modernization and the Diversity of Forms of Modernity

Abstract. The article examines modernization as a multidimensional process transforming social relations, institutions, and cultural values. The study aims to identify the sociocultural foundations of the diversity of forms of modernity and to establish the significance of the human dimension in evaluating societal transformations. The methodology combines comparative, historical-philosophical, and axiological approaches. Conceptions of industrial, post-industrial, and postmodern society are compared, and distinctions are drawn between primary and secondary modernization, Westernization, catch-up development, postmodernization, neomodernization, and demodernization. The findings establish that the diversity of modernization trajectories is shaped by the interaction of institutional changes, cultural traditions, and the activities of social actors. The growing importance of knowledge, information, and symbolic resources is shown to transform mechanisms of social differentiation, public participation, and identity formation. Expanding individual autonomy is accompanied by new dependencies, unequal

access to resources, and increased moral responsibility. The study demonstrates that global interconnectedness coexists with communities' aspirations to preserve their cultural, ethnic, and religious distinctiveness. It concludes that modernization cannot be reduced to a universal sequence of stages or the replication of Western experience. Its outcomes should be evaluated in terms of quality of life, individual freedom, access to knowledge, the resilience of social ties, and opportunities for self-realization. The human dimension serves as an integrative criterion linking technological and institutional renewal to the conditions for personal development and social solidarity. The findings refine the understanding of modernization as a historically variable process, reveal the importance of cultural continuity and civic participation, and provide a basis for comparatively evaluating diverse models of contemporary society amid global change.

***Keywords*:** Modernization, modernity, postmodernity, globalization, culture, identity, autonomy, information.

Қаржыландыру Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылған (BR24993269 «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық қоғамның құндылық бағдарларының эволюциясы және трансформациясы»).

Авторлардың үлесі. **Құлсариева А.Т.,** ғылыми жетекшілік, әдіснама, мәтінді дайындау; **Құлыбек Б.А.,** хат-хабарға жауапты автор, зерттеу жүргізу, мақаланы форматтау және қолжазбаны дайындау.

Келіп түсті 31.09.2026
Қабылданды 14.10.2026

МРНТИ 02.41.21 https://doi.org/10.48010/2026.4/1999-5911.11

СИМВОЛИЧЕСКИЙ ОБРАЗ КАЗАХСКОЙ ЖЕНЩИНЫ В ТРАДИЦИОННОЙ И СОВРЕМЕННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХСТАНА: ФИЛОСОФСКО-АКСИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

[1]А.Ш. Нурмагамбетова, [2]Б.М. Божбанбаев*, [3]З.К. Аюпова
[1,3]Казахский национальный педагогический университет им. Абая (Алматы, Казахстан)
[2]Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова (Алматы, Казахстан)
[1]aysa_kz@mail.ru, [2]bbozhbanbaev@gmail.com, [3]zaure567@yandex.ru

[1]A.Sh. Nurmagambetova, [2]B.M. Bozhbanbaev*, [3]Z. K. Ayupova
[1,3]Abai Kazakh National Pedagogical University **(**Almaty, Kazakhstan)
[2]T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts **(**Almaty, Kazakhstan)
[1]aysa_kz@mail.ru,, [2]bbozhbanbaev@gmail.com, [3]zaure567@yandex.ru

Ссылка: Нурмагамбетова А.Ш., Божбанбаев Б.М., Аюпова З.К. Символический образ казахской женщины в традиционной и современной культуре Казахстана: философско-аксиологический анализ // *Аль-Фараби*. – 2026. – Т. 24. № 4(96). – С. 151-167.

Аннотация. Цель исследования заключается в философско-аксиологическом анализе символического образа казахской женщины как динамической структуры традиционной и современной культуры Казахстана. Методологическую основу составляют культурно-философский, герменевтический, структурно-семиотический и аксиологический подходы, позволяющие рассматривать символ как механизм смыслопорождения и трансляции ценностей. В результате установлено, что в традиционной культуре символический образ казахской женщины функционирует через устойчивую систему ценностей, связанных с материнством, семейным очагом, воспитанием и межпоколенческой преемственностью, обеспечивая сохранение культурной памяти и национальной идентичности. Показано, что в современных условиях модернизации и цифровизации происходит расширение семантического поля данного образа за счёт включения правовых, социальных и медиадискурсивных интерпретаций, связанных с категориями равенства, свободы, безопасности и прав человека. Сделан вывод о том, что символический образ казахской женщины представляет собой динамическую форму культурного опыта, в которой сочетаются традиционные и современные ценностные системы, обеспечивая преемственность и трансформацию культурной идентичности.

Ключевые слова: казахская женщина; символ; культура; аксиология; культурная память; ценности; традиция; идентичность; культурная трансформация; философия культуры.

* Автор-корреспондент: Б.М. Божбанбаев, bbozhbanbaev@gmail.com

Введение

В культурно-философском измерении символический образ казахской женщины представляет собой форму осмысления культуры как пространства ценностей и смыслов. Женский образ выступает не только социально-историческим феноменом, но и символической конструкцией, через которую общество воспроизводит представления о норме, морали и идентичности.

Abstract. The aim of this study is to conduct a philosophical and axiological analysis of the symbolic image of the Kazakh woman as a dynamic structure of both traditional and contemporary culture in Kazakhstan. The methodological framework is based on cultural-philosophical, hermeneutic, structural-semiotic, and axiological approaches, which make it possible to interpret the symbol as a mechanism of meaning production and value transmission. The study shows that in traditional culture, the symbolic image of the Kazakh woman functions through a stable system of values associated with motherhood, the family hearth, upbringing, and intergenerational continuity, thereby ensuring the preservation of cultural memory and national identity. It is demonstrated that in contemporary conditions of modernization and digitalization, the semantic field of this image expands through legal, social, and media discursive interpretations related to the categories of equality, freedom, security, and human rights. It is concluded that the symbolic image of the Kazakh woman represents a dynamic form of cultural experience in which traditional and modern value systems coexist, ensuring both continuity and transformation of cultural identity.

Keywords: Kazakh woman; symbol; culture; axiology; cultural memory; values; tradition; identity; cultural transformation; philosophy of culture.

Вклад авторов. **Нурмагамбетова А.Ш.,** концептуализация исследования, разработка основной идеи статьи, написание основной части рукописи, анализ и интерпретация результатов исследования. **Божбанбаев Б.М.,** разработка методологии исследования, подготовка введения и заключения, научное редактирование и критический анализ содержания статьи. **Аюпова З.К.,** подготовка аннотации и ключевых слов, подбор и анализ научной литературы, оформление библиографического списка и проверка соответствия статьи требованиям журнала.

Поступила: 28.08.2026
Принята:14.10.2026

ҒТАХР 21.41.25 (63) https://doi.org/10.48010/2026.4/1999-5911.12

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ: ДІНИ, МӘДЕНИ ЖӘНЕ САЯСИ ФАКТОРЛАР

[1] Ж.Ж. Нұрғожа, [2] Д.М. Кокеева*
[1,2] Нұр-Мүбәрак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
[1]zhadyrash1001@gmail.com, [2]dmkbuddy@gmail.com

[1] Zh.Zh. Nurgozha, [2] D.M. Kokeyeva*
[1,2] Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan
[1]zhadyrash1001@gmail.com, [2]dmkbuddy@gmail.com

***Сілтеме**:* Нұрғожа Ж.Ж., Кокеева Д.М. Тәуелсіз Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі: діни, мәдени және саяси факторлар // *Әл-Фараби*. – 2026. – Т. 24. № 4(96). – 168-181 бб.

Аңдатпа. Тәуелсіз Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесінің өзгеруі құқықтық жаңғыру, дәстүрлі мәдени нормалардың қайта пайымдалуы және діни сананың жаңғыруы сияқты өзара байланысты үдерістер аясында қалыптасты. Кеңестік кезеңде әйелдердің білім алуы, еңбек етуі және қоғамдық өмірге қатысуы заң жүзінде қамтамасыз етілгенімен, гендерлік теңдік әлеуметтік тәжірибеде дәстүрлі еңбек бөлінісімен және отбасылық міндеттермен қатар жүрді. Тәуелсіздік кезеңінде әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін құқықтық-институционалдық негіз кеңейіп, әйелдің дербес құқық субъектісі ретіндегі мәртебесі нығайды. Сонымен бірге ұлттық бірегейлікті қайта пайымдау, дәстүрлі құндылықтардың жаңғыруы және исламның қоғамдық кеңістіктегі көрінуінің артуы әйелдің әлеуметтік рөліне қатысты түсініктердің өзгеруіне ықпал етті. Зерттеудің мақсаты тәуелсіз Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесінің трансформациясын құқықтық жаңғыру, дәстүрлі мәдени нормалар және діни түсініктердің өзара байланысы тұрғысынан талдау болып табылады. Зерттеудің негізгі әдебиеттік корпусы 2017-2024 жылдары жарияланған ғылыми еңбектерден құралды, ал бұдан бұрынғы зерттеулер тарихи және теориялық негізді айқындау үшін пайдаланылды. Зерттеу пәнаралық сапалық тәсілге, сапалық мазмұндық талдауға, тарихи-салыстырмалы және дискурстық талдау элементтеріне, сондай-ақ әлеуметтік-философиялық пайымдауға негізделеді. Талдау нәтижелері әйелдердің құқықтық мәртебесінің институционалдық тұрғыдан нығайғанын, алайда формальды құқықтық теңдік пен әлеуметтік тәжірибе арасында белгілі бір алшақтықтың сақталуы мүмкін екенін көрсетеді. Дәстүр мен дін әйелдердің мәртебесіне тек шектеуші фактор ретінде емес, әлеуметтік және мәдени бірегейлікті қалыптастыратын құндылықтық негіз ретінде де ықпал етеді. Осыған байланысты аталған зерттеуімізде Қазақстандағы әйелдердің қазіргі

* Автор-кореспондент: Д.М. Кокеева, dmkbuddy@gmail.com

мәртебесін құқық, дін, дәстүр және әлеуметтік тәжірибенің өзара ықпалдастығы арқылы кешенді түрде түсіндіруге талпыныс жасалынды.

Түйін сөздер: Қазақстан, әйелдер құқығы, посткеңестік трансформация, гендерлік саясат, құқық, дін, дәстүр.

Кіріспе

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы қоғамдық өмірдің саяси, құқықтық және әлеуметтік-мәдени салаларында елеулі өзгерістерге алып келді. Бұл үдерістер әйелдердің қоғамдағы орны мен әлеуметтік-құқықтық мәртебесіне де тікелей әсер етті. Кеңестік кезеңде әйелдердің білім алуы, еңбек етуі және қоғамдық-саяси өмірге қатысуы заң жүзінде қамтамасыз етілгенімен, гендерлік қатынастар мемлекеттік саясат пен әлеуметтік тәжірибенің күрделі арақатынасы негізінде қалыптасты. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл мұраға ұлттық мемлекеттілік, дәстүрлі құндылықтардың жаңғыруы, діни сананың жандануы және халықаралық құқықтық стандарттардың ықпалы қосылды.

1991 жылдан кейін Қазақстанда ұлттық және мәдени бірегейлікті қайта пайымдау үдерісі күшейді. Дәстүрлі әдет-ғұрыптар мен отбасылық құндылықтарға деген қызығушылықтың артуы және діннің қоғамдық кеңістікте қайта көрінуі әйелдің әлеуметтік рөліне қатысты түсініктердің де өзгеруіне ықпал етті. Осы жағдайда әйел мәртебесі құқықтық теңдік, ұлттық дәстүр және діни құндылықтардың өзара тоғысқан тұсында қалыптасты.

Әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесін тек заңнамалық өзгерістер арқылы түсіндіру жеткіліксіз. Құқықтық нормалар әйелдерге тең мүмкіндіктердің институционалдық негізін қалыптастырғанымен, олардың нақты әлеуметтік тәжірибеде жүзеге асуы мәдени нормаларға, отбасылық қатынастарға және діни түсініктерге де байланысты. Сондықтан құқықтық теңдік пен әлеуметтік шынайылық арасындағы арақатынасты қарастыру зерттеудің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Қазақстандағы әйелдер мәртебесіне қатысты зерттеулер бірнеше бағытта дамып келеді. А. Абдулина, Р. Айткен, М. Ларуел, Д. Кандиоти сынды ғалымдар посткеңестік қоғамдағы гендерлік қатынастардың трансформациясын, кеңестік кезеңнен қалған әлеуметтік тәжірибелердің сабақтастығын және әйелдердің қоғамдық рөлінің өзгеруін қарастырса, Т.К. Ким, К.Н. Изекенова әйелдердің құқықтық жағдайын, гендерлік теңдікті қамтамасыз етудің заңнамалық негіздерін және құқықтық реформалардың әлеуметтік салдарына зерттеулер жүргізді. Сонымен қатар ислам мен гендерлік қатынастардың арақатынасын, діни бірегейлікті және әйелдің әлеуметтік рөлінің діни түсіндірілуін М.Т. Шайкенова, А.К. Болысбаева, С.Б. Қағазбекова және басқа да қазақстандық зерттеуші ғалымдар талдап өтеді. Аталған еңбектер әйел мәртебесінің өзгеруін бір ғана фактор арқылы түсіндірудің мүмкін еместігін көрсетеді. Құқықтық жаңғыру әйелдердің формальды құқықтарын кеңейтсе, дәстүрлі мәдени нормалар мен діни түсініктер олардың әлеуметтік рөлдерін айқындауға ықпал етеді. Бұл факторлардың арақатынасы біржақты сипатқа ие емес. Себебі дәстүр мен дін кей

жағдайда әлеуметтік шектеулерді күшейтуі мүмкін, ал басқа жағдайда мәдени және діни бірегейлікті сақтаудың, моральдық бағдар қалыптастырудың және әлеуметтік қолдаудың негізіне айналады.

Осы зерттеуде негізгі назар құқық, дін және дәстүрдің әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесіне өзара ықпалына аударылғандықтан, зерттеудің негізгі әдебиеттік корпусы 2017-2024 жылдары жарияланған еңбектерден құралды. Сонымен қатар бұдан бұрын жарық көрген зерттеулер әйел мәртебесінің тарихи және теориялық алғышарттарын анықтау мақсатында пайдаланылды.

Зерттеудің мақсаты – тәуелсіз Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесінің өзгеруін құқықтық жаңғыру, дәстүрлі мәдени нормалар және діни түсініктердің өзара байланысы тұрғысынан талдау. Осы мақсатқа сәйкес зерттеудің негізгі міндеті тәуелсіз Қазақстан жағдайында әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі құқықтық жаңғыру, діни түсініктер және дәстүрлі мәдени нормалардың өзара ықпалы нәтижесінде қалай өзгергендігімен тұжырымдалады. Осылайша, Қазақстандағы әйелдер мәртебесінің өзгеруі құқықтық теңдіктің институционалдық тұрғыдан орнығуымен қатар, діни және дәстүрлі мәдени нормалардың қайта түсіндірілуімен сипатталады. Осыған байланысты формальды құқықтық теңдік пен әйелдердің күнделікті әлеуметтік тәжірибесіндегі нақты мүмкіндіктер арасында белгілі бір алшақтық сақталуы мүмкін.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеу пәнаралық сапалық тәсілге негізделеді және дінтану, құқықтану, гендерлік зерттеулер мен әлеуметтік философия бағыттарының тұжырымдарын өзара байланыстыра қарастырады. Мұндай тәсіл әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесін тек нормативтік немесе діни тұрғыдан емес, құқықтық институттар, мәдени нормалар және әлеуметтік тәжірибе арасындағы өзара ықпалдастық ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің дереккөздік негізін Қазақстандағы әйелдердің мәртебесіне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, нормативтік-құқықтық актілер және ғылыми жарияланымдар құрайды. 2017-2024 жылдардағы зерттеулер негізгі әдебиеттік негіздеме ретінде алынды, ал одан бұрын жарық көрген еңбектер зерттеудің тарихи және теориялық негізін айқындайтын іргелі дереккөздер ретінде пайдаланылды.

Зерттеуде сапалық мазмұндық талдау әдісі қолданылды. Талдау барысында дереккөздердегі негізгі мазмұндық бағыттар төмендегідей бірнеше тақырыптық категорияға бөлінді: әйелдердің құқықтық теңдігі; құқықтық қорғаудың институционалдық тетіктері; әйелдердің қоғамдық және әлеуметтік рөлі; дәстүрлі мәдени нормалар; исламдық түсініктер мен діни бірегейлік; формальды құқықтық теңдік пен әлеуметтік тәжірибе арасындағы арақатынас. Бұл категориялар зерттелген еңбектердегі негізгі ұстанымдарды жүйелеуге және олардың арасындағы ортақ әрі ерекшеленетін тұстарды анықтауға мүмкіндік береді.

ISSN 1999-5911 (Print)
ISSN 2960-2173 (Online)

Тарихи-салыстырмалы әдіс әйелдердің мәртебесін кеңестік және тәуелсіздік кезеңдері аясында салыстыру үшін пайдаланылды. Кеңестік кезеңдегі формальды гендерлік теңдік, әйелдердің еңбек пен қоғамдық өмірге кеңінен тартылуы және осы кезеңде қалыптасқан әлеуметтік рөлдер тәуелсіздік кезеңіндегі құқықтық және мәдени өзгерістермен салыстырылды. Бұл тәсіл әйел мәртебесінің трансформациясындағы сабақтастық пен жаңа үрдістерді ажыратуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің әлеуметтік-философиялық қыры әйел мәртебесін адам қадір-қасиеті, теңдік, еркіндік, автономия және әлеуметтік субъектілік ұғымдары арқылы пайымдаудан көрінеді. Бұл жерде негізгі назар құқықтың формальды түрде бекітілуіне ғана емес, сол құқықтарды нақты әлеуметтік өмірде жүзеге асыру мүмкіндігіне аударылады. Сонымен қатар дәстүр мен модернизацияның, діни сенім мен жеке таңдаудың, зайырлы құқықтық тәртіп пен мәдени-діни құндылықтардың арақатынасы қарастырылады.

Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесі: тарих, дін және заңнама

Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесін зерттеу посткеңестік қоғамдағы гендерлік өзгерістерді түсіндіретін кең ғылыми пікірталастың бір бөлігі болып табылады. Бұл бағыттағы еңбектерді төмендегідей үш топқа бөліп қарастыруға болады: (1) әйел мәртебесінің тарихи және әлеуметтік трансформациясын зерттейтін еңбектер, (2) құқықтық-институционалдық өзгерістерді қарастыратын зерттеулер, (3) дін, дәстүр және гендерлік қатынастардың арақатынасын талдайтын жұмыстар.

Бірінші бағыттағы зерттеулер әйелдердің қазіргі мәртебесін кеңестік кезеңнің әлеуметтік мұрасымен байланыстырады. А. Абдулина [1, 135 б.], Р. Айткен [2, 189-210 бб.] посткеңестік Орталық Азиядағы әйелдер жағдайын кеңестік гендерлік саясат пен тәуелсіздік кезеңіндегі әлеуметтік өзгерістердің сабақтастығы тұрғысынан қарастырады. Кеңестік модернизация әйелдердің білім алуына, еңбекке және қоғамдық өмірге араласуына мүмкіндік бергенімен, әйелдің отбасы ішіндегі негізгі қамқоршы ретіндегі дәстүрлі рөлі сақталды. Осылайша, формальды теңдік пен әлеуметтік міндеттердің дәстүрлі бөлінісі қатар өмір сүргендігін көреміз.

М. Ларуэль Орталық Азиядағы ұлттық бірегейлік пен мәдени өзгерістерді талдай отырып, тәуелсіздік кезеңінде ұлттық және діни құндылықтардың қоғамдық маңызы артқанын атап өтеді [3, 264 б.]. Бұл үдеріс әйелдің әлеуметтік рөліне қатысты түсініктерге де ықпал еткені белгілі. Дениз Кандиоти посткеңестік қоғамдардағы гендерлік өзгерістерді зерттей отырып, модернизация әйелдерге жаңа мүмкіндіктер бергенімен, дәстүрлі әлеуметтік құрылымдардың толық жойылмағанын өз зерттеуінде тілге тиек етеді [4, 617 б.]. Аталған еңбектерден Қазақстандағы әйел мәртебесінің өзгерісін дәстүр мен жаңғырудың өзара байланысы арқылы қарастырудың маңызын аңғаруымызға болады.

Әйелдердің құқықтық жағдайы бойынша Ким Тэ Кен Қазақстандағы әйелдер құқықтарының өзгерісін тарихи және құқықтық тұрғыдан талдап, құқықтық реформалардың әйелдердің мәртебесін институционалдық тұрғыдан нығайғанын атап өтеді [5, 41 б.]. К.Н. Изекенова Қазақстандағы әйелдердің құқықтық жағдайын заңнамалық реттеу мәселелерін қарастырып, құқықтық нормалардың гендерлік теңдікті қамтамасыз етудегі маңызын айқындайды [6, 124 б.]. Ал Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңы ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін белгілейді [7]. Заңда гендерлік теңдік құқықтар мен мүмкіндіктердің формальды теңдігімен қатар, оларды нақты жүзеге асыруға қажетті жағдайларды қамтамасыз ету тұрғысынан қарастырылады [7].

Дін мен гендерлік қатынастардың арақатынасы туралы М.Т. Шайкенова ислам және гендер мәселесін талдай отырып, исламдағы әйелдің қадір-қасиеті мен әлеуметтік рөліне қатысты түсініктерді қарастырады [8, 75 б.]. С.Б. Қағазбекова және басқа отандық зерттеушілер қазіргі ислам елдеріндегі гендерлік қатынастардың әртүрлі интерпретацияларын талдайды [9, 156 б.]. Бұл зерттеулер әйелдің діни мәртебесін діни мәтіндермен қатар олардың тарихи және мәдени түсіндірілуі арқылы қарастырудың қажеттігін көрсетеді.

А.К. Болысбаева өз зерттеуінде мұсылман әйелдеріндегі діни бірегейліктің қалыптасуын зерттей отырып, әйелдің діни ұстанымдары оның өзіндік бірегейлігі мен әлеуметтік болмысын қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетсе [10, 85-93 бб.], әлемдік діндердегі әйел мәртебесін салыстырмалы түрде қарастырған С.Б. Қағазбекова және әріптестері діни дәстүрлердегі әйел рөлінің тарихи кезеңдерге және интерпретациялық тәсілдерге қарай өзгеріп отырғанын айтады [11, 140-146 бб.]. А.К. Болысбаеваның қазақ мұсылман әйелінің әлеуметтік портретіне арналған зерттеуі де дін, дәстүр және қазіргі әлеуметтік өзгерістердің өзара байланысын түсінуге мүмкіндік береді [12, 85–93 бб.].

Г. Найзабаева басқа ғалымдармен бірлескен зерттеуінде әйелдердің дәстүрлі өмірлеріндегі өзгерістерді талдай отырып, модернизация мен дәстүрдің қатар жүруі әйелдердің әлеуметтік рөлін күрделендіретінін атап өтеді [13, 57 б.]. Бұл тұжырым әйелдердің қазіргі әлеуметтік мәртебесін тек құқықтық өзгерістермен емес, әлеуметтік-мәдени трансформациямен бірге қарастыру қажеттігін айқындайды.

Зерттеулердің басым бөлігінде әйел мәртебесінің жекелеген қырлары – құқықтық жағдай, дін, дәстүр немесе әлеуметтік рөл жеке қарастырылатыны байқалады. Сондықтан осы зерттеу аталған факторларды өзара байланыста қарастыруымен ерекшеленіп, әйелдердің мәртебесін құқықтық нормалар мен діни-мәдени құндылықтардың қарама-қайшылығы ретінде ғана емес, олардың өзара бейімделуі мен қайта түсіндірілуі нәтижесінде қалыптасатын әлеуметтік құбылыс ретінде пайымдауға бағытталғандығын аңғаруға болады.

ISSN 1999-5911 (Print)
ISSN 2960-2173 (Online)

Тәуелсіз Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесінің тарихи трансформациясы

Қазақстандағы әйелдердің қазіргі әлеуметтік-құқықтық мәртебесін түсіну үшін кеңестік кезеңде қалыптасқан гендерлік қатынастардың тарихи алғышарттарын ескеру қажет. Кеңестік саясат әйелдердің білім алуына, еңбек етуіне және қоғамдық-саяси институттарға қатысуына кең мүмкіндік беріп, формальды құқықтық теңдікті орнықтырды. Алайда бұл теңдік әлеуметтік өмірдегі гендерлік міндеттердің толық қайта бөлінуіне әкелген жоқ. Әйел бір мезгілде еңбек нарығының белсенді қатысушысы және отбасының негізгі қамқоршысы ретінде қабылданды.

Кеңестік кезеңде қалыптасқан формальды теңдік тәуелсіздік алғаннан кейін де әйелдердің құқықтық мәртебесінің маңызды алғышарты болып қалды. Сонымен бірге тәуелсіздік ұлттық мемлекеттілік пен мәдени бірегейлікті қайта қалыптастыру қажеттілігін алға шығарды. Осы кезеңде дәстүрлі құндылықтар мен діни түсініктер қоғамдық кеңістікте қайта көріне бастады. М. Ларуэль еңбегінен Орталық Азиядағы бұл үдерісті ұлттық бірегейлік пен мәдени дәстүрдің жаңғыруымен байланыстырғанын көруге болады [3, 267 б.].

Д. Кандиоти посткеңестік қоғамдардағы гендерлік өзгерістерді талдай отырып, модернизация әйелдерге жаңа мүмкіндіктер бергенімен, дәстүрлі әлеуметтік құрылымдардың толық жойылмағанын көрсетеді [4, 617 б.]. Қазақстан жағдайында да әйелдердің білім алуы, кәсіби қызметі және қоғамдық өмірге қатысуы кеңейгенімен, отбасылық жауапкершіліктің басым бөлігі әйелге жүктелуі мүмкін. Демек, әлеуметтік мәртебенің өзгеруі бұрынғы нормалардың толық жойылуын емес, олардың жаңа қоғамдық жағдайларға бейімделуін білдіреді.

Осы тұрғыдан тәуелсіз Қазақстандағы әйел мәртебесінің трансформациясын дәстүр мен жаңғырудың қарапайым қарама-қарсылығы ретінде қарастыру жеткіліксіз. Бұл кеңестік кезеңнен қалған формальды теңдік қағидалары, тәуелсіздік жағдайындағы құқықтық реформалар және жаңарған дәстүрлі-діни түсініктер қатар ықпал ететін күрделі үдеріс болмақ.

Құқықтық жаңғыру және әйелдердің тең құқықтарын институционалдық бекіту

Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстанда әйелдердің құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық база біртіндеп жетілдірілді. Әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мемлекеттік гендерлік саясаттың маңызды бағыттарының біріне айналды. 2009 жылғы 8 желтоқсанда қабылданған №223-IV Заң ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктерін айқындап, гендерлік теңдікке жағдай жасаудың құқықтық негізін белгіледі [7, https://adilet.zan.kz]. Қолданыстағы заңда гендерлік теңдік тек құқықтардың формальды теңдігі ретінде емес,

саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени өмірге нақты қатысу мүмкіндігімен байланыстырылған.

Құқықтық тұрғыдан алғанда, әйелдер мен ерлердің теңдігі мемлекеттік деңгейде мойындалғанымен, заңда бекітілген қағидалардың әлеуметтік өмірде іске асуы әрдайым біркелкі бола бермейді. Осыған орай, К.Н. Изекенова Қазақстандағы әйелдердің құқықтық жағдайын заңнамалық реттеу мәселесін қарастыра отырып, құқықтық нормалардың гендерлік теңдікті қамтамасыз етудегі маңызын көрсетеді [6, 124 б.].

Бұл мәселе әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесін бағалауда формальды және нақты теңдік ұғымдарының арақатынасын ескеруді талап етеді. Формальды теңдік барлық азаматтарға бірдей құқықтық мүмкіндік беруді білдірсе, нақты теңдік сол құқықтарды жүзеге асыруға қажетті әлеуметтік жағдайлардың болуын көздейді. Мысалы, әйелдердің еңбек нарығына қатысуына заңдық кедергілердің болмауы олардың басшылық қызметтерге тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз етпейді. Отбасылық міндеттердің бөлінуі, әлеуметтік күтулер және қалыптасқан гендерлік стереотиптер кәсіби мүмкіндіктерге әсер етуі мүмкін.

Т.К. Ким Қазақстандағы әйелдер құқықтарының эволюциясын құқықтық реформалар мен әлеуметтік дәстүрлердің өзара ықпалы тұрғысынан қарастырып, құқықтық қорғаудың күшейгеніне қарамастан, шынайы гендерлік теңдік мәселесінің өзектілігін көрсетеді [5, 41 б.]. Бұл тұжырым әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесін тек заңнаманың дамуымен өлшеудің жеткіліксіз екенін аңғартады.

Құқықтық жаңғырудың маңызды нәтижесі әйелдің отбасы шеңберіндегі тұлға ғана емес, дербес құқықтары мен заңды мүдделері бар азамат ретінде танылуы болмақ. Осы өзгеріс әйелдің әлеуметтік субъектілігін кеңейтуге мүмкіндік береді. Алайда оның нақты жүзеге асуы әлеуметтік ортаға, мәдени нормаларға және институционалдық қолдауға тәуелді.

Дәстүр мен діни түсініктердің әйелдердің әлеуметтік мәртебесіне ықпалы

Тәуелсіздік кезеңіндегі әлеуметтік өзгерістермен қатар Қазақстанда діни сана мен дәстүрлі мәдени құндылықтардың қоғамдық маңызы артты. Бұл үдеріс әйелдің әлеуметтік рөліне қатысты түсініктердің қайта пайымдалуына ықпал етті. Алайда дәстүр мен дінді әйел құқықтарын шектейтін біртұтас жүйе ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан негізсіз. Олардың мазмұны тарихи кезеңге, әлеуметтік ортаға және нақты түсіндіру үлгісіне байланысты өзгеріп отырады.

М.Т. Шайкенова исламдағы әйелдің мәртебесін қарастыра отырып, исламдық дәстүрдегі әйелдің қадір-қасиеті мен қоғамдағы орны мәселелеріне назар аударады [8, 75 б.]. Зерттеу әйелдердің төмен мәртебесін діннің өзімен тікелей байланыстырудан гөрі, діни қағидалардың нақты мәдени ортада қалай түсіндіріліп, қолданылатынын ескерудің маңызын көрсетеді.

С.Б. Қағазбекова және әріптестері әлемдік діндердегі әйел мәртебесін салыстыра отырып, діни мәтіндер мен олардың тарихи интерпретацияларының

арақатынасын қарастырады [9, 156 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, әйелдің әлеуметтік рөліне қатысты діни түсініктер өзгермейтін қағидалар жиынтығы емес, әртүрлі тарихи және мәдени контексте түсіндірілетін құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазақстандағы діни бірегейліктің қалыптасуын зерттеген А.К. Болысбаева діни ұстанымдардың әйелдің өзін-өзі тануына және әлеуметтік болмысына ықпал ететінін көрсетеді [10, 87 б.]. Әйелдің діни киім таңдауы немесе белгілі бір діни нормаларды ұстануы оның әлеуметтік мәртебесін төмендететін белгі ретінде біржақты түсіндірілмеуі керек. Мұндай таңдау жеке діни сенімнің, мәдени бірегейліктің және әлеуметтік өзін-өзі танытудың бір формасы болуы мүмкін. Сонымен бірге діни түсініктердің әлеуметтік ортада әртүрлі түсіндірілуі әйелдің таңдау еркіндігіне қатысты пікірталастарды да туындатады. Бұл жерде зайырлы құқықтық тәртіп пен діни сенімнің арақатынасын қарастыру маңызды. Қазақстан жағдайында құқықтық жүйе азаматтардың теңдігін қамтамасыз етуге бағытталса, діни сенім адамның жеке таңдауы ретінде қарастырылады. Сондықтан әйелдің діни болмысы мен оның азаматтық құқықтарын бір-біріне қарама-қарсы қоюдан гөрі, олардың өзара үйлесу мүмкіндіктерін зерттеу орынды.

Дәстүрлі мәдени нормалар да осындай екіжақты сипатқа ие. Отандық зерттеуші Г. Найзабаева әйелдердің дәстүрлі өмірлеріндегі өзгерістерді талдай отырып, модернизация мен дәстүрдің қатар жүруі әйелдердің әлеуметтік рөлдерін күрделендіретінін көрсетеді [13, 57 б.]. Әйел бір жағынан қазіргі білім, еңбек және қоғамдық қызмет кеңістігіне белсенді араласса, екінші жағынан отбасы мен мәдени дәстүрді сақтауға қатысты әлеуметтік міндеттерді жалғастырады.

А.К. Болысбаеваның қазақ мұсылман әйелінің әлеуметтік портретіне арналған зерттеуі де әйелдің қазіргі мәртебесін дәстүр, діни бірегейлік және әлеуметтік өзгерістердің өзара байланысында қарастыруға мүмкіндік береді [12, 91 б.]. Осыдан дәстүрдің әйел мәртебесіне ықпалын тек шектеу ретінде бағалау жеткіліксіз екені көрінеді. Дәстүр әлеуметтік жауапкершілік, отбасыаралық байланыс және мәдени сабақтастықты қамтамасыз ететін құндылықтар жүйесі ретінде де қызмет етеді. Негізгі мәселе дәстүрдің болуында емес, оның әйелдің қадір-қасиеті мен дербес таңдау құқығына қатысты қалай түсіндірілетіні мен іске асырылуында екендігін ұғыну қажет.

Құқықтық теңдік пен әлеуметтік тәжірибенің арақатынасы: әлеуметтік-философиялық талдау

Жоғарыда қарастырылған тарихи, құқықтық және діни-мәдени үдерістер әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесінің бір ғана өлшем арқылы анықталмайтынын көрсетеді. Оның мазмұны құқықтық нормалар, мәдени құндылықтар және нақты әлеуметтік тәжірибенің өзара байланысы арқылы қалыптасады.

Бірінші өлшем – құқықтық-институционалдық деңгей. Бұл деңгейде әйелдердің ерлермен тең құқықтары заңнамалық тұрғыдан бекітіліп, оларды қорғаудың мемлекеттік тетіктері қалыптасты. Тәуелсіздік кезеңіндегі құқықтық жаңғыру әйелді құқық субъектісі ретінде орнықтыруға маңызды негіз қалады.

Екінші өлшем – діни-мәдени деңгей. Діни түсініктер мен дәстүрлі нормалар әйелдің қоғамдағы орнына қатысты моральдық және әлеуметтік бағдарлар қалыптастырады. Бұл нормалар кей жағдайда әйелдің қоғамдық мүмкіндіктерін шектеуі мүмкін, алайда олардың барлығын патриархалдық сипатпен түсіндіру дұрыс емес. Діни және мәдени құндылықтардың ішінде әйелдің қадір-қасиетін, білім алуын, отбасы мен қоғамдағы жауапкершілігін қолдайтын ұстанымдар да бар.

Үшінші өлшем – әлеуметтік-практикалық деңгей. Құқықтық теңдік пен мәдени-діни нормалардың күнделікті өмірдегі нақты арақатынасы осы деңгейде көрінеді. Әйелдердің еңбекке, білімге және қоғамдық өмірге белсенді араласуы олардың әлеуметтік субъектілігінің кеңейгенін көрсетеді. Сонымен қатар отбасы ішіндегі міндеттердің дәстүрлі бөлінуі және әйелге қатысты әлеуметтік күтулер құқықтық мүмкіндіктердің толық іске асуына белгілі бір дәрежеде ықпал етуі мүмкін.

Осы үш өлшемді әлеуметтік-философиялық тұрғыдан қарастырғанда, әйел мәртебесінің негізгі мәселесі тек «теңдік бар ма, жоқ па?» деген сұрақпен шектелмейді. Негізгі мәселе – әйелдің құқық иеленуші, дербес шешім қабылдай алатын және қоғамдық өмірге толыққанды қатысатын әлеуметтік субъект ретінде мойындалуында. Мұнда адам қадір-қасиеті, еркіндік және автономия ұғымдары маңызды теориялық негізге айналады. Сондықтан құқықтық теңдік пен әлеуметтік тәжірибе арасындағы алшақтықты тек құқықтық жүйенің әлсіздігі ретінде түсіндіруге болмайды. Ол құқықтық нормалардың өзгеру қарқыны мен әлеуметтік түсініктердің өзгеру қарқыны әрдайым бірдей болмайтынын көрсетеді. Заңнамалық өзгерістер салыстырмалы түрде қысқа мерзімде жүзеге асуы мүмкін, ал әлеуметтік нормалар мен отбасылық тәжірибелердің өзгеруі ұзақ уақытты талап етеді.

Осы тұрғыдан Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесінің эволюциясы дәстүр мен модернизацияның, діни сенім мен азаматтық құқықтың, формальды теңдік пен әлеуметтік тәжірибенің өзара ықпалы арқылы жүріп жатқан күрделі үдеріс ретінде сипатталады. Әйелдің қазіргі мәртебесін бағалауда осы факторлардың бірін екіншісіне қарсы қоюдан гөрі, олардың өзара байланысын түсіндіру анағұрлым нәтижелі болмақ.

Қорытынды

Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесінің өзгеруі тек құқықтық реформалардың нәтижесі емес, ол құқықтық жаңғыру, діни түсініктер және дәстүрлі мәдени нормалардың өзара ықпалы арқылы қалыптасқан күрделі үдеріс. Формальды құқықтық теңдік институционалдық тұрғыдан бекітілгенімен, оның әлеуметтік тәжірибеде жүзеге асуы мәдени және діни контекстке байланысты әркелкі сипатта болуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері тәуелсіз Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесінің өзгеруі бір ғана құқықтық реформалардың нәтижесі емес, құқықтық жаңғыру, дәстүрлі мәдени нормалар және діни түсініктердің өзара ықпалы арқылы қалыптасқан күрделі әлеуметтік үдеріс екенін көрсетеді.

Біріншіден, кеңестік кезеңде орныққан формальды гендерлік теңдік тәуелсіздік кезеңіндегі құқықтық өзгерістердің маңызды алғышарттарының бірі болды. Әйелдердің білім алуы, еңбек етуі және қоғамдық өмірге қатысуы кеңейгенімен, әлеуметтік рөлдердің дәстүрлі бөлінісі толық жойылған жоқ. Сондықтан тәуелсіздік кезеңіндегі гендерлік өзгерістерді бұрынғы әлеуметтік тәжірибелерден толық үзіліс ретінде емес, сабақтастық пен қайта пайымдау үдерісі ретінде бағалаған жөн.

Екіншіден, тәуелсіздік жылдарында әйелдердің тең құқықтарын қамтамасыз ететін құқықтық-институционалдық негіз нығайды. Әйелдің отбасы мүшесі ретіндегі дәстүрлі мәртебесімен қатар, оның дербес құқықтары мен заңды мүдделері бар азамат және әлеуметтік субъект ретіндегі орны күшейді. Алайда формальды құқықтық теңдік әлеуметтік өмірдегі мүмкіндіктердің теңесуін білдірмейді. Отбасылық міндеттер, әлеуметтік күтулер және дәстүрлі гендерлік стереотиптер құқықтарды іске асыруға ықпал ететін факторлар ретінде сақталуы мүмкін.

Үшіншіден, дін мен дәстүрдің әйел мәртебесіне ықпалын біржақты шектеуші фактор ретінде бағалау дұрыс емес. Діни түсініктер әртүрлі интерпретацияланады және әйелдің қадір-қасиеті, білім алуы, отбасы мен қоғамдағы орны мәселелеріне қатысты әрқилы әлеуметтік мағына қалыптастыратыны сөзсіз. Сол сияқты дәстүр де тек патриархалдық шектеулер жиынтығы емес, мәдени сабақтастық пен әлеуметтік бірегейліктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Себебі дәстүр мен діни нормалардың әйелдің еркіндігіне, қадір-қасиетіне және дербес таңдауына қатысты қалай түсіндірілетіндігімен көрінеді.

Төртіншіден, әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесін түсіндіруде формальды құқық пен нақты әлеуметтік тәжірибенің арақатынасы шешуші мәнге ие. Құқықтық теңдік институционалдық деңгейде бекітілгенімен, оның күнделікті өмірде жүзеге асуы әлеуметтік және мәдени ортаға тәуелді. Сондықтан гендерлік теңдікті бағалау заңнамалық кепілдіктермен қатар әйелдердің нақты әлеуметтік субъектілігін, таңдау еркіндігін және қоғамдық өмірге қатысу мүмкіндіктерін ескеруді қажет етеді.

Осылайша, зерттеудің мақсатқа сай негізгі міндеттерін аша отырып, тәуелсіз Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік-құқықтық мәртебесінің эволюциясы құқық, дін және дәстүрдің қарапайым қарама-қайшылығы арқылы емес, олардың өзара ықпалдасуы, бейімделуі және қайта түсіндірілуі арқылы жүретінін айтуға болады. Құқықтық жаңғыру әйелдердің тең құқықтарын институционалдық тұрғыдан бекітсе, діни және дәстүрлі мәдени нормалар олардың әлеуметтік рөлдері мен бірегейлігінің мазмұнына ықпал етеді. Ал осы екі деңгейдің нақты әлеуметтік тәжірибеде тоғысуы әйелдердің қазіргі мәртебесінің ерекшелігін айқындайды. Сондықтан әйелдердің әлеуметтік-құқықтық жағдайын одан әрі жетілдіру тек жаңа құқықтық нормаларды қабылдаумен шектелмеуі тиіс. Құқықтық кепілдіктерді әлеуметтік тәжірибемен ұштастыру, әйелдердің дербес шешім қабылдау мүмкіндігін кеңейту және дәстүрлі әрі діни құндылықтарды адам қадір-қасиеті, теңдік, еркіндік және әлеуметтік субъектілік қағидаттарымен үйлестіру маңызды. Бұл Қазақстандағы гендерлік теңдіктің құқықтық қана емес, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан орнығуына жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі

1 Абдулина А. Документы Оренбургского архива социально-политической истории о работе среди женщин-мусульманок в начале 1920-х гг. // Вестник КазНУ. Серия историческая, 2020. – 98(3). – С. 132–138. https://doi.org/10.26577/JH.2020.v98.i3.14

2 Aitken R. Women and transition in Central Asia: Soviet legacy and post-Soviet reality. Central Asian Affairs, 2020. – 7(2). – 189–210 pp. https://doi.org/10.1163/22142290-00702004

3 Marlene Laruelle Laruelle, M. Central peripheries: Nationhood in Central Asia // Monograph. – London University College: UCL Press, 2021. – 264 p. DOI:10.2307/j.ctv1gn3t79 https://doi.org/10.14324/111.9781800080133 (UCL Press)

4 Deniz Kandiyoti (2007). The politics of gender and the Soviet paradox: neither colonized, nor modern? // Central Asian Survey, 2007. – 26(4). – P. 601–623. https://doi.org/10.1080/02634930802018521

5 Kim, T. K. Change to Women's Rights in Kazakhstan and Future Challenges // Korea Journal Central: Research Institute of Asian Women, 2024. – 63(3). – P. 41–72. DOI: 10.14431/jaw.2024.12.63.3.41

6 Изекенова К.Н. Қазақстанда әйелдердің құқықтық жағдайын заңнама арқылы реттеу тәртібі // Қазақстандық қоғам және құқық, 2018. – 2(49). – 124–130 бб.

7 Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы №223-IV Заңы. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223_

8 Шайкенова М.Т. Ислам және гендер: Әйелдің қоғамдағы орны // Хабаршы. Философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы, 2018. – 4(63). – 70–76 бб. http://bulletin-religious.kaznu.kz/index.php/relig/article/view/150

9 Кагазбекова С.Б. және т.б. Қазіргі Ислам елдеріндегі гендерлік қатынастарды интерпретациялау // Хабаршы. Философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы, 2019. – 2(68). – 152-160 бб. https://doi.org/10.26577/jpcp.2019.v68.i2.017

10 Болысбаева А.К. Мұсылман әйелдерінде діни біртектіліктің қалыптасу процесінің ерекшеліктері // Хабаршы. Философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы, 2017. – 2(60). – 95–102 бб. https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/517

11 Кагазбекова С.Б. және т.б. Әлемдік діндер контекстеріндегі әйел статусы: салыстырмалы талдау // Хабаршы. Философия, мәдениеттану және саясаттану сериясы, 2018. – 1 (63). – 138-149 бб. https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/416

12 Болысбаева А.К. Қазақ мұсылман әйелінің әлеуметтік портреті: ретроспективасы және қазіргі ахуалы // Хабаршы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы, 2018. – 2 (64). – 85–93 бб.

13 Naizabayeva G., et al. Changes in Traditional Occupations of Women // Journal of Ethnic and Cultural Studies (JECS), 2022. – 9 (4). – 55–69 pp. http://dx.doi.org/10.29333/ejecs/1295

Transliteration

1 Abdulina A. Documenti Orenburgskogo arhiva sosialno-politicheskoi istorii o rabote sredi jenshin-musulmanok v nachale 1920h gg. [Documents of the Orenburg Archive of Socio-Political History About Work Among Women-muslims in the Beginning of the 1920 s.] // KazNU Bulletin. Historical series, 2020. – 98(3). – S.132–138. https://doi.org/10.26577/JH.2020.v98.i3.14 (in Russ)

2 Aitken, R. Women and transition in Central Asia: Soviet legacy and post-Soviet reality // Central Asian Affairs, 2020. – 7(2). – P. 189–210. https://doi.org/10.1163/22142290-00702004

3 Marlene Laruelle Laruelle. Central peripheries: Nationhood in Central Asia // Monograph. – London University College: UCL Press, 2021. – 264 p. DOI:10.2307/j.ctv1gn3t79 https://doi.org/10.14324/111.9781800080133 (UCL Press) (in English)

4 Kandiyoti D. The politics of gender and the Soviet paradox: neither colonized, nor modern? // Central Asian Survey, 2017. – 26(4). – P. 601–623. https://doi.org/10.1080/02634930802018521 (in English)

5 Kim, T. K. Change to Women's Rights in Kazakhstan and Future Challenges // Korea Journal Central: Research Institute of Asian Women, 2024. – 63(3). – P. 41–72. DOI : 10.14431/jaw.2024.12.63.3.41 (in English)

6 Izekenova K.N. Qazaqstanda aielderdin qūqyqtyq jagdayyn zannama arqyly rettey tartibi [Legal regulation of women's rights in Kazakhstan] // Qazaqstandyq Qogam jane Quqyq, 2018. – 2(49). – B. 124-130. (in Kazakh)

7 Kazakhstan Respublikasinin 2009 jilgi 8 jeltoksandagi №223-IV Zani. Erler men aielderdin ten kukiktarynyn jane ten mumkindikterinin memlekettik kepildikteri turali [Law of the Republic of Kazakhstan dated December 8, 2009 No. 223-IV. On state guarantees of equal rights and equal opportunities for men and women] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223_

8 Shaikenova M.T. Islam jane gender: Aieldin qogamdagy orny [Islam and gender: The role of women in society] // Khabarshy. Filosofiya, Madeniettany jane Sayasattanu Seriiasy, 2018. – 4(63). – B. 70–76. http://bulletin-religious.kaznu.kz/index.php/relig/article/view/150 (in Kazakh)

9 Kagazbekova S, et al. Qazirgi Islam elderindegi genderlik qatynastardy interpretatsiyalau [Interpretation of gender relations in modern Islamic countries] // Khabarshy. Filosofiya, Madeniettany jane Sayasattanu Seriiasy, 2019. – 2(68). – B. 152–160. https://doi.org/10.26577/jpcp.2019.v68.i2.017 (in Kazakh)

10 Bolysbayeva A.K. Kazakh musulman aielinin aleumettik portreti: retrospektivasi jane ahuali [Social portrait of a Kazakh Muslim woman: a retrospective and current state] // Filosofiya, Madeniettany jane Sayasattanu Seriiasy, 2018. – 2 (64). – B. 85–93. https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/517 (in Kazakh)

11 Kagazbekova S., et all. Alemdik dinder konteksterindegi aiel statusy: salystyrmaly taldau [The status of a woman in the contexts of world religions: a comparative analysis] // Khabarshy. Filosofiya, Madeniettany jane Sayasattanu Seriiasy, 2018. – 1 (63). – B. 38–149. https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/416 (in Kazakh)

12 Bolysbayeva A.K. Musliman aielderinde dini birtektiliktin qalyptasy prosesinin erekshelikteri [The process of forming religious identity among Muslim women] // Filosofiya, Madeniettany jane Sayasattanu Seriiasy, 2017. – 2(60). – B. 95–102. https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/517 (in Kazakh)

13 Naizabayeva G., et al. Changes in Traditional Occupations of Women // Journal of Ethnic and Cultural Studies (JECS), 2022. – Vol.9, No. 4. – P. 55–69. http://dx.doi.org/10.29333/ejecs/1295 (in English)

Ж.Ж. Нұрғожа, Д.М. Кокеева

Социально-правовой статус женщин в независимом Казахстане: взаимосвязь традиции, религии и права

Аннотация. Изменение социально-правового статуса женщин в независимом Казахстане происходило в контексте взаимосвязанных процессов правовой модернизации, переосмысления традиционных культурных норм и возрождения религиозного сознания. В советский период право женщин на образование, труд и участие в общественной жизни было закреплено законодательно, однако гендерное равенство в социальной практике сосуществовало с традиционным разделением труда и семейными обязанностями. В период независимости расширилась правовая и институциональная основа обеспечения равных прав и возможностей женщин, что способствовало укреплению их статуса как самостоятельных субъектов права. Вместе с тем переосмысление национальной идентичности, возрождение традиционных ценностей и усиление присутствия ислама в общественном пространстве повлияли на изменение представлений о социальной роли женщин.

Цель исследования заключается в анализе трансформации социально-правового статуса женщин в независимом Казахстане через взаимосвязь правовой модернизации, традиционных культурных норм и религиозных представлений. Основной корпус литературы исследования составили научные работы, опубликованные в 2017-2024 годах, тогда как более ранние исследования были использованы для определения исторических и теоретических основ рассматриваемой проблемы. Исследование основано на междисциплинарном качественном подходе, качественном контент-анализе, элементах историко-сравнительного и дискурсивного анализа, а также социально-философском осмыслении. Результаты анализа показали, что правовой статус женщин укрепился на институциональном уровне, однако между формальным правовым равенством и социальной практикой может сохраняться определённый разрыв. Традиция и религия влияют на статус женщин не только как потенциально ограничивающие факторы, но и как ценностные основания, формирующие социальную и культурную идентичность. В связи с этим в исследовании предпринимается попытка комплексного осмысления современного статуса женщин в Казахстане через взаимосвязь права, религии, традиции и социальной практики.

Ключевые слова: Казахстан, права женщин, постсоветская трансформация, гендерная политика, право, религия, традиции.

Zh.Zh. Nurgozha, D.M. Kokeyeva

The socio-legal status of women in independent Kazakhstan: the relationship between tradition, religion and law

Abstract. The change in the social and legal status of women in independent Kazakhstan took place within the framework of such interrelated processes as legal modernization, rethinking of traditional cultural norms and modernization of religious consciousness. Although in the Soviet period women's Education, Labor and participation in public life were legally ensured, gender equality in social practice was accompanied by the traditional division of Labor and family responsibilities. During the period of independence, the legal and institutional framework that ensured equal rights and opportunities for women expanded, and the status of a woman as an independent subject of law was strengthened. At the same time, the rethinking of national identity, the revival of traditional values and the increase in the manifestation of Islam in the public space contributed to a change in perceptions regarding the social role of a woman.

ISSN 1999-5911 (Print)
ISSN 2960-2173 (Online)

The purpose of the study is to analyze the transformation of the socio-legal status of women in independent Kazakhstan from the point of view of legal modernization, the relationship of traditional cultural norms and religious concepts. The main literary body of the study consisted of scientific works published in 2017-2024, and earlier research was used to determine the historical and theoretical basis. The study is based on an interdisciplinary qualitative approach, qualitative content analysis, elements of historical-comparative and discursive analysis, as well as socio-philosophical reasoning. The results of the analysis show that the legal status of women has been institutionally strengthened, however, a certain gap may remain between formal legal equality and social experience. Tradition and religion contribute to the status of women not only as a limiting factor, but also as a value basis that forms social and cultural identity. In this regard, in this study, an attempt was made to comprehensively explain the current status of women in Kazakhstan through the interaction of law, religion, traditions and social practices.

Key words: Kazakhstan, Women's rights, post-Soviet transformation, gender policy, law, religion, traditions.

Авторлардың үлесі. **Нұрғожа Ж.,** мақала мәтінін жазу, мұсылман әйелдерінің әлеуметтік рөлін талдау. **Кокеева Д.М.**, мәтінді редакциялау, толықтыру, әдебиеттік шолу, техникалық рәсімдеу.

Келіп түсті 17.07.2026
Қабылданды 14.10.2026

IRSTI 21.31.35 https://doi.org/10.48010/2026.4/1999-5911.13

MULTIPLE RELIGIOUS IDENTITIES: BETWEEN BELONGING AND SELF-DEFINITION

[1]L. Toktarbekova[*], [2]N. Pirnazarov
[1]Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies CS MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)
[2] TIIAME National Research University; Sarbon University (Tashkent, Uzbekistan)
[1]lauratoktarbekova@gmail.com; [2]n_pirnazarov@tiiame.uz

[1]Л.Н. Токтарбекова[*], [2]Н. Пірназаров
[1]ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты (Алматы, Қазақстан)
[2]«Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» ұлттық зерттеу университеті; Сарбон университеті (Ташкент, Өзбекстан)
[1]lauratoktarbekova@gmail.com , [2]n_pirnazarov@tiiame.uz

Citation: L. Toktarbekova, N. Pirnazarov. Multiple Religious Identities: Between Belonging And Self-Definition // *Al-Farabi.* – 2026. – Vol. 24. № 4(96). – P. 182-194 .

Abstract. This article examines women's religious identity as a multiple configuration shaped by gender, everyday religious practices, family relationships, ethnocultural continuity, and digital communication. It asks how women negotiate religious belonging and self-identification in contemporary Kazakhstan. Drawing on lived religion, social identification, doing gender, and religious agency, the article brings the work of Nancy Ammerman, Richard Jenkins, Candace West and Don H. Zimmerman, Linda Woodhead, and Birgit Meyer into dialogue with published studies of women's religiosity.

The article employs conceptual analysis and a comparative interpretation of published empirical findings. It distinguishes multiple religious belonging, understood as engagement with more than one religious tradition, from the multiple character of identity within a single tradition. The Kazakhstani material primarily illuminates the latter: the negotiation of Islamic norms, family expectations, cultural affiliations, individual agency, and online self-presentation.

The analysis suggests that tactical and consolidating gender strategies can coexist. Women may sustain religious and family commitments while using education, professional activity, and digital media to expand their scope for action. Digital platforms create opportunities for self-representation while also exposing users to overlapping audiences and social scrutiny. These conclusions constitute a contextual interpretation of existing research rather than findings from a new, nationally representative empirical study.

Keywords: Multiple Religious Identities, Religious Belonging, Lived Religion, Doing Gender, Women's Agency, Digital Religiosity, Kazakhstan.

* Author-correspondent: L. Toktarbekova, lauratoktarbekova@gmail.com

Introduction

Contemporary religious studies and the sociology of religion increasingly examine religion as an everyday, embodied experience alongside its doctrines, institutions, and prescriptions. The concept of lived religion is central to this approach. Ammerman's account directs attention to the material and embodied dimensions of everyday religious life [1]. It makes it possible to examine religiosity through practices, bodily disciplines, moral choices, visual self-presentation, and everyday experiences of faith, as well as through formal affiliation and doctrinal commitments.

Research on multiple religious belonging challenges the assumption that religious affiliation is necessarily exclusive. It examines engagement with the communities and practices of more than one religious tradition [2]. This phenomenon must, however, be distinguished from a multiple religious identity: the intersection of religious commitment with gender, family, ethnicity, professional life, and digital participation. Such intersections do not in themselves establish belonging to multiple religions. This distinction guides the present analysis of women's religious identity in Kazakhstan.

Gender is one of the key factors shaping multiple religious identity. Here, gender should be understood not merely as a social characteristic of an individual, but also as a system of power relations, cultural expectations, bodily norms, and modes of self-presentation. Religious identity does not take shape in an abstract realm of "pure faith"; rather, it develops within specific social contexts in which men and women are assigned different roles, forms of piety, patterns of behavior, and socially acceptable ways of expressing their religiosity.

Richard Jenkins's theory of social identity makes it possible to approach identity as a process involving the interplay between self-identification and external identification. Candace West and Don Zimmerman's concept of "doing gender" explains gender as practical activity reproduced through the body, speech, clothing, and social interaction. Linda Woodhead links religion and gender as interdependent systems of power distribution and proposes a typology of gender strategies in religion. The studies of M. Voss Roberts, J. Berghuijs, Novak and colleagues, B. Meyer, S. Mohamad, E. Baulch, and A. Pramiyanti illuminate different dimensions of religious plurality, materiality, embodiment, and digital religiosity.

Қазақстандағы исламдық кітап мұрасын, сирек кітаптар мен қолжазбаларды зерттеу мәселесі соңғы жылдары отандық ғылымда біртіндеп назарға алына бастады. Бұл бағытта отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде исламдық қолжазба мәдениеті, кітаптану, кодикология және дәстүрлі діни білім беру мәселелері әртүрлі қырынан қарастырылды (Муминов, 2015; Қамбарбекова, 2011; Насруллаев, 2024). Қазақстандағы көптілді қолжазба мұрасын арнайы қарастырған Ы.М. Палтөре мен Ж.Т. Омарбекова араб, парсы және шағатай тілдеріндегі жазба мұраны исламдық білім жүйесі, мәдени жады және мәтіндік трансмиссия аясында зерттеп, қолжазбаларды жекелеген библиографиялық бірлік ретінде ғана емес, аймақтық білім дәстүрі мен интеллектуалдық сабақтастықты танытатын мәдени дереккөз ретінде қарастырады (Палтөре, Омарбекова, 2026: 250). Аталған зерттеулерде исламдық қолжазбалардың тарихи маңызы, мәтіндік дәстүрдің қалыптасуы, медреселік білім беру жүйесі және араб графикалы мұралардың ғылыми сипаттамасы кеңінен талданғанымен, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығы қоры арнайы зерттеу нысаны ретінде әлі де жеткілікті деңгейде қарастырылған жоқ.

Институт 2024 жылғы 31 шілдеде құрылғаннан кейін Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен исламдық сирек кітаптар мен қолжазбаларды жинақтау жұмыстары жүйелі түрде жүргізіле бастады. Соның нәтижесінде араб, парсы және түркі (шағатай, татар, осман түрік) тілдеріндегі қолжазбалар мен сирек баспа кітаптарынан тұратын жаңа ғылыми қор қалыптасты. Алайда бұл

қордағы материалдардың басым бөлігі қазіргі уақытқа дейін толық ғылыми айналымға енгізілмеген, олардың жанрлық құрылымы, мәтіндік ерекшеліктері, кітаптанулық және кодикологиялық сипаттамалары кешенді түрде зерттелмеген. Сондықтан қордың ғылыми әлеуетін анықтау бүгінгі исламтану, қолжазбатану және кітаптану ғылымдарының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қор құрамын талдау оның кездейсоқ жинақ емес, Қазақстандағы дәстүрлі исламдық білім беру жүйесінің қалыптасу тарихын бейнелейтін тұтас интеллектуалдық мұра екенін көрсетеді. Мұнда Құран, тәфсір, хадис, фиқһ, ақида, сопылық, ахлақ, араб тілі грамматикасы, қирағат, діни қиссалар, дұғалар жинақтары, медреселік оқу құралдары және діни-ағартушылық әдебиеттер сияқты ислам ғылымдарының негізгі бағыттарын қамтитын еңбектер сақталған. Мұндай жанрлық әртүрлілік қордың бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан исламдық ғылыми дәстүрдің сабақтастығын көрсететін маңызды деректік база екенін дәлелдейді.

Қордың тағы бір маңызды ерекшелігі – оның көптілді құрылымы. Әсіресе Алтын Орда дәуіріне жататын Рабғұзидың *«Қиссас әл-әнбия»* шығармасының қолжазба нұсқасының сақталуы, Әмір Темір мен Тоқтамыс арасындағы текетірес кезеңін арқау етіп, халықтық аңыз нұсқаларында Тоқтамыс ханның ұлы Сүһейіл мен Әмір Темірдің қызы Гүлдүрсін арасындағы трагедиялық махаббат хикаясын баяндайтын *«Сүһейіл мен Гүлдүрсін»* дастанының болуы (Қыдыр, 2026: 218–219), сондай-ақ араб тіліндегі канондық еңбектердің, парсы және түркі тілдеріндегі аудармалардың, шархтар мен хашиялардың бір қорда шоғырлануы исламдық білімнің Орталық Азия кеңістігінде таралуы мен өңірлік ерекшеліктерге сәйкес бейімделу үдерісін айқын көрсетеді. Араб тілі ислам ғылымдарының негізгі канондық әрі ғылыми тілі ретінде орныкса, парсы тілі классикалық мұраны түсіндірудің, әдеби өңдеудің және ғылыми интерпретацияның маңызды құралы қызметін атқарды. Ал түркі тілдері (шағатай, татар және қазақтың жазба дәстүрі) исламдық білімді жергілікті әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеп, діни-ағартушылық қызметтің негізгі тіліне айналды. Сонымен қатар қорда сақталған қадимдік және жәдидтік оқу-ағарту дәстүріне қатысты төте жазумен жарық көрген еңбектер XX ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының дәстүрлі исламдық білім жүйесін ұлттық және заманауи білім беру талаптарымен ұштастыруға бағытталған ағартушылық қызметін айғақтайды. Бұл басылымдар қазақ қоғамындағы діни білімнің мазмұндық жаңғыруын ғана емес, ұлттық жазба мәдениеті мен рухани сананың қалыптасуындағы зиялы қауымның тарихи рөлін де көрсетеді.

Сонымен қатар қорда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қадимдік және жәдидтік оқу дәстүрлеріне қатысты көптеген басылымдардың сақталуы ерекше назар аудартады. Араб тілі грамматикасы, қирағат, әліппе, медреселік оқу құралдары мен діни-ағартушылық әдебиеттер дәстүрлі мұсылман мектептеріндегі оқу бағдарламасының құрылымын, педагогикалық әдістердің эволюциясын және исламдық білім беру реформаларының сипатын зерделеуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда, қордағы сирек кітаптар тек діни мазмұндағы шығармалар емес, Орталық Азиядағы мұсылман қоғамының

әлеуметтік және мәдени жаңғыру тарихын бейнелейтін маңызды тарихи дереккөздер болып саналады.

Біздің пікірімізше, Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығының ғылыми құндылығы ең алдымен оның қорындағы кітаптардың бұрын жүйелі түрде ғылыми сипатталмағандығында және олардың көпшілігінің ғылыми айналымға енгізілмеуінде жатыр. Сондықтан қордағы материалдарды халықаралық кодикологиялық талаптарға сәйкес ғылыми каталогтау, реестрлеу, цифрландыру, реставрациялау және мәтінтанулық зерттеулер жүргізу алдағы уақыттағы басым ғылыми бағыттардың бірі болуы тиіс. Бұл жұмыстар Қазақстандағы исламдық кітап мұрасын ғылыми тұрғыдан жаңа деңгейде танытуға, сондай-ақ оны әлемдік қолжазбатану және исламтану ғылымының зерттеу кеңістігіне енгізуге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты қордағы сирек кітаптар мен қолжазбаларды жанрлық, тілдік және хронологиялық тұрғыдан жүйелеу ерекше маңызға ие. Сондықтан келесі бөлімде Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығы қорындағы жазба мұралар мазмұны мен функционалдық ерекшеліктеріне қарай негізгі жанрлық топтарға жіктеліп қарастырылады.

Ортағасырлық түркі-мұсылман жазба әдебиетін зерттеуші Төрәлі Қыдыр исламдық әдеби мұраны көтерген тақырыбы мен ішкі мазмұнына қарай діни-дидактикалық, діни-сопылық, діни-танымдық және діни-канондық әдебиеттер деп шартты түрде төрт топқа жіктейді (Қыдыр, 2018: 72–73). Осы зерттеуде аталған ғылыми ұстаным негізге алынды. Дегенмен, Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығының қоры әртүрлі тарихи кезеңдерде жазылған әрі мазмұндық-функционалдық сипаты сан алуан қолжазбалар мен баспа кітаптардан тұратындықтан, жекелеген шығармалар бірнеше жанрдың белгілерін қатар қамтуы мүмкін. Сондықтан төменде ұсынылған жіктеу қатаң жанрлық шекара ретінде емес, қор материалдарын ғылыми тұрғыдан жүйелеуге арналған шартты классификация ретінде қарастырылады.

Осы жіктеуді философиялық тұрғыдан қарастырғанда, қордағы діни-канондық, діни-танымдық, діни-дидактикалық және діни-сопылық әдебиеттер адамның танымдық, моральдық және рухани қалыптасуының өзара сабақтас қырларын танытады. Діни-канондық мәтіндерде білім мен сенімнің негіздері айқындалса, діни-танымдық және медреселік әдебиетте білімді игеру мен дүниетаным қалыптастыру, діни-дидактикалық шығармаларда әдеп пен мінез тәрбиесі, ал сопылық-ахлақтық мұрада жүрек тазалығы, нәпсі тәрбиесі, тәубе, сабыр, шүкір, тақуалық және мағрифат арқылы рухани жетілу мәселелері алдыңғы қатарға шығады. Осы тұрғыдан қор материалдарының мазмұнын байланыстыратын ортақ философиялық желіні білім – иман – әдеп/амал – рухани тәрбие – кемелдік сабақтастығы арқылы пайымдауға болады. Мұнда білім тек ақпаратты меңгеру емес, иманды саналы түрде орнықтыратын танымдық негіз болса, иман сол білімге құндылықтық мән береді; әдеп пен амал оның адам мінезі мен әрекетіндегі көрінісіне, ал рухани тәрбие адамның ішкі болмысын жетілдіру тетігіне айналады. Сондықтан кемелдік бір рет қол жеткізілетін нәтиже емес, адамның білімі, сенімі, мінезі мен әрекеті арасында тұтастық

қалыптастыруға бағытталған үздіксіз рухани үдеріс ретінде көрінеді. Осы мағынада ИҒЗИ қорындағы исламдық жазба мұра тарихи-библиографиялық және кодикологиялық дерек қана емес, дәстүрлі исламдық дүниетанымдағы адам қалыптастыру идеясын танытатын философиялық-интеллектуалдық мұра ретінде бағаланады.

І. Діни-канондық әдебиет

Құран Кәрімнің қолжазба және баспа нұсқалары;

Қордағы діни-канондық әдебиеттің негізгі бөлігін Құран Кәрімнің қолжазба және баспа нұсқалары құрайды. Олардың қатарында;

«Құран Кәрім» (القرآن الكريم) қолжазбасы бар. Қолжазбаның көшірілу мерзімі – 1330–1333 h. (1912–1915 жж.). Хаттаты – Мирза Мұхаммед. Қолжазба Халифа Қожа Мұхаммед Расул Домулла Мұхаммед Сабыр қаридың Ташкент нұсқасы бойынша көшірілген.

«Кәләм Шәріп» (كلام شريف) Қазан қаласындағы «Домбрауски» баспаханасында Мұхаммед Әли ибн Минаһаж әд-Дин Құдыреттің қаражаты есебінен 1328 h. / 1910 жылы жарық көрген.

Сонымен қатар қорда «Құран аяттарының каллиграфиялық үлгілері» (نماذج لكتابة آيات القرآن الكريم) сақталған. Бұл үлгілер Құран аяттарын көркем жазу дәстүрі мен исламдық каллиграфияның ерекшеліктерін танытатын маңызды жазба мұралардың қатарына жатады.

Тәпсір әдебиеті;

Қордағы тәпсір әдебиетінің көрнекті үлгілерінің бірі – «Тафсир-и Хусайни» (تفسير حسيني). Бұл еңбек XV ғасырдағы парсы әлемінің әйгілі ғалымы, Құран тәпсіршісі, сопы, уағызшы және парсы әдебиетінің көрнекті өкілі Хұсейн Уаиз Кашифидің (араб.: حسين واعظ كاشفي) Құран тәпсірі болып табылады.

Ақида, фиқһ және ғибадат әдебиеті;

Исламдық діни білімнің негізгі салаларын қамтитын ақида, фиқһ және ғибадат әдебиеттері қорда ерекше орын алады. Олардың қатарына; «Мұхтасар әл-Құдури» (المختصر القدوري – «әл-Құдуридің ықшам фиқһ еңбегі»), «Мұхтасар Иман» (مختصر ايمان– «Иманның ықшам баяны»)

«Тәржәмә-и Мұхтасар әл-Уиқая» (ترجمة مختصر الوقاية – «Мұхтасар әл-Уиқая» еңбегінің аудармасы»),

«Нурул Идоһ» (نور الإيضاح – «Үкімдерді түсіндіру нұры»),

«Руза, Зәкат уа Хаж» (روزه، زكات وحج – «Ораза, зекет және қажылық»),

«Муният әл-мусалли тәржимәси» (منية المصلي ترجمه سى – «Намаз оқушының мұраты» еңбегінің аудармасы»),

«Ислам, ақида, ғибадат және өмір» (الإسلام، العقيدة، العبادة والحياة – «Ислам, сенім негіздері, құлшылық және өмір»),

«Мың бір хадис» (مئة بر حديث – «Мың бір хадис»),

«Таһарат» (طهارت – «Дәрет және тазалық»), سؤال جوابلى علم حال رساله سى – «Сұрақ-жауап түріндегі ғылымхал рисаласы»

«Түрки Назм-и Шарх-и Кайдани» (تركي نظم شرح كيداني – «Фиқһ-и Кайданиға түркі тілінде жазылған назым-шарх»)сияқты шығармалар жатады.

Бұл еңбектерде Ханафи мәзһабының құқықтық қағидалары, құлшылық үкімдері және ислам сенімінің негіздері жүйелі түрде баяндалған. Орта ғасырлардан бастап мұндай шығармалар мұсылман медреселеріндегі негізгі оқу әдебиеттерінің бірі ретінде қолданылып, дәстүрлі исламдық құқықтық білімнің қалыптасуы мен сабақтастығын қамтамасыз етті.

Исламдық құлшылық тәжірибесіне арналған дұға және діни амалдар әдебиеті;

Қорда исламдық құлшылық тәжірибесіне арналған дұға және діни амалдар әдебиеті де кеңінен қамтылған. Олардың қатарында,

«Дұғау Исму Ағзам» (دعاء اسم الأعظم – «Алланың Ұлық есіміне арналған дұғалар»),

«Мажрибатуд Дәйрабия» (مجربات الديربي – «әд-Дәйрабидің сыналған дұғалары мен тәжірибелік амалдары»),

«Нәжат-намә» (نجت نامه – «Құтқару кітабы»),

«Дұға-и Әнғам» (دعاء أنعام – «Әнғам сүресіндегі дұғалардың қасиеттері»),

«Мәжму›а-йи Нұр Ду›а-наме» (مجموعة نور دعاء نامه – «Нұр атты дұғалар жинағы»)

«Мәжмуғат әд-дуға» (مجموعات الدعاء – «Дұғалар жинағы») сияқты еңбектер бар. Соңғы жинақта тоқсан түрлі қиындық пен бейнетке арналған дұғалар мен аяттар берілген.

Бұл еңбектер ғасырлар бойы мұсылман қауымының рухани өмірінде кеңінен пайдаланылып, жеке құлшылық мәдениеті мен рухани тәрбиенің қалыптасуына елеулі ықпал еткен.

II. Діни-танымдық әдебиет

Ислам тарихы және пайғамбарлар тарихына арналған әдебиеттер;

Қордағы ислам өркениетінің қалыптасу тарихы мен пайғамбарлар өміріне арналған әдебиеттер дәстүрлі діни білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігін құрайды. Бұл жанрға «Әнуарул Ғашиқин» (أنوار العاشقين – «Ғашықтардың нұрлары»),

«Тариқатул Ислам» (طريقة الإسلام – «Ислам жолы»),

«Расулдың (с.ғ.с.) hижраты баяны» (هجرة رسول الله ﷺ – «Алла Елшісінің (с.ғ.с.) hижраты»)

«Тарих әт-Табари» (تاريخ الطبري – «Табари тарихының түркі тіліндегі аудармасы») атты еңбектер жатады.«Тарих әт-Табари» – Әбу Жағфар Мұхаммед ибн Жәрир әт-Табаридің (أبو جعفر محمد بن جرير الطبري, ٢٢٤–٣١٠ h. / 839–923 ж.) пайғамбарлар мен патшалар тарихына арналған еңбегі. Бұл шығармаларда пайғамбарлар тарихы, ислам өркениетінің қалыптасу кезеңдері және Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өмір жолы баяндалып, мұсылман қауымының тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарған.

Медреселік білім беру жүйесінің бастапқы даярлық кезеңіне арналған оқу әдебиеттері;

Қорда медреселік білім беру жүйесінің бастапқы даярлық кезеңіне арналған оқу әдебиеттері де сақталған. Олардың қатарына;

«Қағидат әл-Бағдади» (قاعدة البغدادية),
«Мұғаллим әс-Сәни» (المعلم الثاني)
«Чахор китаб» (چهار کتاب – «Төрт кітап») сияқты еңбектер жатады.

Бұл шығармалар араб әліпбиін меңгеруге, әріптердің дұрыс дыбысталуын үйретуге, буындап оқуға және Құран оқу дағдысын қалыптастыруға арналған негізгі оқу құралдары ретінде дәстүрлі медреселерде кеңінен қолданылған. Олар шәкірттердің кейінгі діни және тілдік пәндерді игеруіне қажетті бастапқы даярлық деңгейін қалыптастырып, медреселік оқу бағдарламасының алғашқы баспалдағы қызметін атқарған.

Тіл білімі және медреселік оқу әдебиеті;

Қор құрамында дәстүрлі медреселердегі тілдік даярлық пен сауат ашу үдерісіне арналған оқу әдебиеттерінің едәуір бөлігі сақталған. Олардың қатарында;

«Балаларға қирағат» (بالالارغه قراءت – «Балаларға арналған қирағат»
«Қағидат әл-Бағдади» (قاعدة البغدادية – «Бағдади әліппесі»),
«Мұғаллим әс-Сәни» (المعلم الثاني – «Екінші мұғалім»),
«Мәбдаул Қирағат» (مبدأ القراءة – «Қирағаттың бастамасы»),
«Қирағатал-Тфал» (قراءة الأطفال – «Балаларға арналған қирағат»),
«Қироат-Түрки» (قراءة تركي – «Түркі тіліндегі қирағат»),
«Ән-Нумузаж фи ән-Наху» (الأنموذج في النحو – «Наху ғылымының үлгісі»),
«Шарх Молла Жәми» (شرح ملا جامي – «Молла Жәмидің түсіндірмесі»),
«Китаб ән-Нәху» (كتاب النحو – «Араб тілі синтаксисі»),
«Талхис әл-Мифтах» (تلخيص المفتاح – «Мифтахтың қысқаша мазмұны»)
«Әл-Кәфия ма‘а Наф‘ әт-Талиб» (الكافية مع نفع الطالب – «Әл-Кәфия және “Талапкерге пайда” түсіндірмесі»)
«Зад әт-талиб, тәржәмә әл-Кафия ли-Ибн әл-Хажиб» (زاد الطالب ترجمة الكافية لابن الحاجب– «Талапкердің азығы: Ибн әл-Хажибтің “әл-Кәфия” еңбегінің аудармасы») сияқты еңбектер бар.

«Шарх Молла Жәми» – Әбдуррахман Жәмидің Ибн әл-Хажибтің «әл-Кәфия» еңбегіне жазған түсіндірмесі. Бұл шығарма XV ғасырдан бастап Осман, Орта Азия, Үндістан және Еділ-Орал медреселерінде араб тілінің синтаксисін оқытатын негізгі оқулықтардың бірі ретінде қолданылған.

«Китаб ән-Нәху» – араб тілі синтаксисіне арналған қолжазба кітап. Оны Яманғандық Мұхи әд-Дин қажы дамлә мен Молла Құтб әд-Дин Махдумның ұлдары 1985 жылы, Рамазан айында медресе шәкірттеріне арнап жазған.

«Талхис әл-Мифтах» еңбегінің қолжазба нұсқасы Хасан Шәуқтың қаламымен жазылған. Кітапты Бәккаш ибн Бәккаш әс-Сәланики реттеп, құрастырған.

Бұл кітаптар медреселердегі бастауыш және орта деңгейдегі оқу бағдарламасының негізгі құрамдас бөлігі болып, араб тілін меңгерудің әдістемелік негіздерін қалыптастырған.

Шежірелер, тарихи және өмірбаяндық шығармалар;

Қор құрамында шежірелік, тарихи және өмірбаяндық сипаттағы шығармалар да кездеседі. Мұндай еңбектер белгілі бір әулеттің, тарихи тұлғаның немесе қоғамдық ортаның өткені жөнінде мәлімет бере отырып, мұсылман қауымының

тарихи жадын, әлеуметтік құрылымын және рухани сабақтастығын танытады. Олар исламдық жазба мәдениеттің тарихи-танымдық бағытын толықтыратын құнды дереккөздер қатарынан орын алады.

III. Діни-дидактикалық әдебиет

Діни-дидактикалық әдебиет исламдық дүниетаным мен адамгершілік құндылықтарды көркем, насихаттық және түсіндірмелік тәсілдер арқылы жеткізетін шығармаларды қамтиды. Мұндай туындылар халық арасында имандылық, ізгілік, сабыр, мейірімділік, тәубе және жауапкершілік ұғымдарын орнықтыруға бағытталған.

Діни-ағартушылық мазмұндағы қиссалар мен хикаяттар;

Қорда исламдық дүниетанымның көркем әдебиет арқылы таралуын бейнелейтін қисса-хикаяттар ерекше орын алады. Олардың қатарына;

«Кесік бас» (قصة الرأس المقطوع – «Кесілген бас қиссасы»),

«Малика» (مليكة – «Малика қиссасы»),

«Төрт дәруиш» (قصة أربعة الدراويش – «Төрт дәруіш қиссасы»),

«Қулуф пен Дилара» (قصة قلوف ودلارا – «Қулуф пен Дилара хикаясы»),

«Жәмилә» (جميلة – «Жәмилә қиссасы»),

«Бұлбұлдың Раушан гүлге махаббаты» (عشق البلبل إلى الورد – «Бұлбұлдың раушанға ғашық болуы»),

«Санәубар қиссасы» (قصة صنوبر – «Қисса-и Санәубар»),

«Бәдәвам» (مواودب – «Әрдайым»),

«Қисса-йи Бибі Се Шәнбе» (قصة بي بي سه شنبه – «Бибі Сейсенбі қиссасы»)

«Дурратун Насихин» (درة الناصحين – «Насихатшылардың інжу-маржаны»)

«Қулуф билә Дилара ғашықларның хикаяты» (قلوف بيله دلارا عاشقلرنك حكايتى – «Қулуф пен Дилара ғашықтарының хикаясы»

«Дөрт дәруиш хикаяты» (دورت درويش حكايتى – «Төрт дәруіш қиссасы»)

«Ишқ-и Бұлбұл илә Уәрд» (عشق البلبل إلى الورد – «Бұлбұлдың раушан гүлге махаббаты»),

«Назым Шариф» (نظم شريف – «Қасиетті назым») сияқты шығармалар жатаа ды.

«Бәдәвам» шығармасында иман, ислам негіздері, пайғамбарға сену, ізгі амал, тәубе және ақырет мәселелері өлеңмен баяндалған. Жалпы алғанда, бұл туындылар исламдық дүниетанымды көркем тілмен жеткізіп, халық арасында діни-адамгершілік құндылықтарды насихаттаудың маңызды құралы болған.

IV. Діни-сопылық әдебиет

Рухани-адамгершілік тәрбиеге, адамның ішкі кемелденуіне арналған насихаттық, ахлақтық және сопылық әдебиет;

Қордағы рухани-адамгершілік тәрбиеге арналған насихат, ахлақ және сопылық әдебиеттер ислам этикасын, адамгершілік қағидаларын, рухани тәрбие мен сопылық дүниетанымды насихаттайтын шығармалардан тұрады. Олардың қатарына;

«Кесік баш китабы» (كيسك باش كتابى – « «Кесік бас кітабы»)

«Дурратун Насихин» (درة الناصحين – «Насихатшылардың інжу-маржаны»),

«Мунаббихат таржимасы» (ترجمة المنبهات – «Мунаббихаттың аудармасы»),

«Китабу Мажмағул Әдәб» (كتاب مجمع الأدب – «Әдеп қағидаларының жинағы»),

«Ғибратнама уа Шүкірнама» (عبرت نامه و شكرنامه – «Ғибрат кітабы және Шүкір кітабы»),

«Шоқ Гүлістан» (گلستان – «Гүлістан»),

«Диуан-и Хафиз» (حافظ شيرازى – «Хафиз»)

«Рисәлә-и Ғәзиза» (رسالة عزيزه – «Қадірлі трактат» немесе «Ұлы хат») сияқты еңбектер жатады.«Рисәлә-и Ғәзиза» – «Рисәлә-и әзизе. Шәрх-и Сәбәт әл-ажизин» (رسالة عزيزه شرح ثبات العاجزين) атты тасбаспа кітап. Еңбек нақшбандия тариқатының көрнекті өкілі, сопы ақын Сопы Аллаярдың (1633–1721) «Сәбәт әл-ажизин» еңбегіне жазылған түсіндірме болып табылады. Шархтың авторы – Тәжеддин Йалчығыл оғлы (Tāj al-Dīn Yalçıghıl Oghlı). Зерттеулерге сәйкес, еңбек хижраның 1211 / 1796 жылы жазылған.

Төрт топ бойынша жүргізілген жіктеу Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығы қорындағы жазба мұралардың жанрлық және мазмұндық құрылымын айқындаумен қатар, олардың түркі-мұсылмандық рухани кеңістіктегі таралу ерекшеліктерін де көрсетуге мүмкіндік береді. Жоғарыда шартты түрде жүйеленген діни-канондық, діни-танымдық, діни-дидактикалық және діни-сопылық әдебиеттердің ішінде түркі даласының рухани-мәдени ортасына кеңінен таралып, халықтың діни дүниетанымы мен моральдық-этикалық ұстанымдарының қалыптасуына елеулі ықпал еткен бағыттардың бірі – діни-сопылық әдебиет.

Қорда сақталған осы сипаттағы шығармаларда ислам этикасы мен адамгершілік қағидалары, рухани тәрбие мен сопылық дүниетаным өзара сабақтастықта қарастырылады. Бұл еңбектерде сопылық ілімнің теориялық қағидаларымен қатар, білім мен иманның бірлігі, адамның рухани кемелденуі, нәпсі тәрбиесі, жүрек тазалығы, көркем мінез, Аллаға деген махаббат, шүкіршілік, сабырлылық, тақуалық және құлшылық мәселелері көркем-дидактикалық әрі насихаттық сипатта баяндалады. Осы тұрғыдан діни-сопылық әдебиеттер дәстүрлі исламдық білім жүйесінде білім мен иманды, әдеп пен амалды, рухани тәрбие мен кемелдікті өзара сабақтастырған маңызды жазба мұралар ретінде бағаланады.

Осы ғылыми тұжырымдарды нақты қор материалдары негізінде дәйектеу мақсатында төменде Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығында сақталған діни-сопылық әдебиеттердің кейбіріне тоқталып, олардың мазмұндық сипаты, жанрлық ерекшеліктері және дәстүрлі исламдық білім мен рухани мәдениеттегі орны қарастырылады.

«Кесік бас кітабы»

«Кесік бас кітабы» (كيسيك باش كتابى) – түркі-мұсылмандық ортада тараған діни-дидактикалық қиссалардың бірі. Шығарманың сюжеттік төркіні ортағасырлық түркі әдебиетіндегі Хұсам Кәтибтің «Жұмжұма» (جمجمه) дастанымен сабақтас. Зерттеулерде *жұмжұма* сөзі «бас сүйек» мағынасында түсіндіріліп, осы сюжеттік дәстүрдің қазақ арасында кейінірек «Қу бас» және «Кесікбас»

атауларымен тараған нұсқалары болғаны көрсетіледі. Демек, «Жұмжұма», «Қу бас» және «Кесік бас» атаулары сөзбе-сөз толық балама болмағанымен, олардың атаулық семантикасының өзегінде адамның басы/бас сүйегі мотиві жатыр және шығармалар ортақ сюжеттік дәстүрмен сабақтасады. Бұл байланысты В.В. Радлов жазып алған «Қу бас» нұсқасы да айғақтайды. Зерттеуші Р.Ф. Исламов «Қу бас» пен «Қисса-и Жұмжұма» мәтіндерін салыстыра қарастырып, олардың сюжеттік және мотивтік сабақтастығына назар аударады. Екі шығармада ортақ сюжеттік негіз сақталғанымен, олардың мәтіндік құрылымы мен жекелеген мотивтерінде өзіндік ерекшеліктер кездеседі (Исламов, 2008: 222–226). Философиялық тұрғыдан бұл мотив адам өмірінің өткіншілігі, өлім, жауапкершілік және жасаған амалдың рухани салдары туралы ойға жетелейді.

Қордағы «Кесік бас кітабының» сюжеттік желісі хазірет Әлидің қаһармандық бейнесі төңірегінде өрбиді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) алдына келген кесік бас өзінің басынан өткен оқиғасын баяндап, көмек сұрайды. Хазірет Әли Зұлфиқарын асынып, Дүлдүліне мініп, диюдың қолындағы мұсылмандарды құтқаруға аттанады. Шығармада ерлік, әлсізге жәрдем беру, мұсылмандарды қорғау және діни құндылықтарға беріктік ғибраттық-фантастикалық сюжет арқылы насихатталады. Мұнда ерлік иманнан туындайтын жауапкершілік пен ізгі амалдың көрінісі ретінде ұсынылып, сенімнің адам мінезі мен әрекетінде жүзеге асуы айқындалады.

Бұл шығармалардың халықтың діни санасына ықпалын В.В. Радловтың бақылауы да айқын көрсетеді. Ол «Жұмжұманың» үлкен жиындарда ерекше ықыласпен тыңдалғанын, діни міндеттерін орындамаған адамның о дүниедегі азабы суреттелген тұстардың тыңдаушыларға күшті эмоциялық әсер еткенін жазады. Радлов осы әсерді бағалай келе, қазақтар арасында исламның орнығуына бір ғана «Жұмжұманың» ықпалы дала кезген жүздеген молдадан да артық болғандай деген пікір білдіреді (Қыраубаева, 2012: 128). Бұл дерек діни-сопылық әдебиеттер қазақ даласында тек көркем әдеби мұра қызметін атқарып қана қоймай, исламдық ұғымдар мен діни-этикалық қағидаларды көпшілікке жеткізудің пәрменді құралдарының бірі болғанын аңғартады. Осы тұрғыдан қиссаның тәрбиелік қызметі адамның өзіндік санасына ықпал етіп, сенім, амал және моральдық жауапкершілік арасындағы байланысты тереңдетуімен де ерекшеленеді.

Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығында сақталған нұсқа 16 беттен тұрады және толық сақталған. Титулдық мәлімет бойынша кітап 1899 жылы Қазан қаласында М. Чиркова мұрагерлерінің типо-литографиясында, қажы Шәмс ад-Дин Хусайнұғлы мұрагерлерінің қаражатымен басылған. Басылымға 1899 жылғы 25 қазанда Санкт-Петербургте цензуралық рұқсат берілген. Осы тұрғыдан қордағы «Кесік бас кітабы» ортағасырлық «бас сүйек» мотивінің кейінгі түркі-мұсылмандық әдебиеттегі трансформациясын, діни қиссалардың ағартушылық қызметін және Қазан басылымдарының қазақ даласындағы таралуын зерттеуде құнды дерек болып табылады. Сонымен қатар шығармадағы өмір мен өлім, иман, ізгі амал және жауапкершілік мәселелері білімнің рухани-адамгершілік тәрбиеге ұласуын танытады.

ISSN 1999-5911 (Print)
ISSN 2960-2173 (Online)

«Дурратун Насихин»

«Дурратун Насихин» (درة الناصحين – «Насихатшылардың інжу-маржаны») – hижраның XIII ғасырында өмір сүрген Осман ибн Хасан ибн Ахмад әш-Шакир әл-Хубауидің (عثمان بن حسن بن أحمد الشاكر الخوبوي) діни-насихаттық еңбегі. Библиографиялық деректерде шығарма Құран аяттарының тәпсірлері мен уағыздық мазмұндағы хадистердің түсіндірмелерін қамтитын мәжілістер жинағы ретінде сипатталады. Автор еңбекті 1224 h. (1809–1810 ж.) жазып аяқтаған. Шығарма кейіннен Булақта 1264 h. жылы 315 бет, 1279 h. жылы 318 бет, Ыстанбұлда 1269 h. жылы және Бомбейде 1307 h. жылы 338 бет көлемінде басылған. Сонымен қатар библиографиялық деректерде еңбектің *«Тухфат әл-уағизин әл-маусум биһи Дурратун Насихин»* (تحفة الواعظين الموسوم به درة الناصحين) және *«әл-Мәжалис»* (المجالس) атауларымен таралған нұсқалары көрсетіліп, оның түрки және араби (تركي وعربي) тілдерінде Ыстанбұлда 1264 h. жылы, сондай-ақ *«Дурратун Насихин»* атауымен түрки-араби нұсқада әл-Маймания баспаханасында 1327 h. жылы 332 бет көлемінде басылғаны айтылады (Саркис, 1928: 842). Шығарманың кең географиялық кеңістікте таралғанын оның әртүрлі кітапхана қорларында сақталған қолжазба және баспа нұсқалары да айғақтайды. Атап айтқанда, Түркия Республикасы Дін істері басқармасының қолжазбалар қорында еңбектің *«Дурратун Насихин фи-л-уағз уә-л-иршад»* деген атаумен тіркелген №007388-IV қолжазба нұсқасы сақталған (Diyanet İşleri Başkanlığı Kütüphanesi, 2023). Бұл деректер шығарманың қолжазба және баспа дәстүрінде кең таралған діни-насихаттық мұралардың бірі болғанын көрсетеді. Сонымен қатар оның мазмұнындағы Құран аяттары мен хадистерге негізделген насихат адамның діни білімін иманмен, иманды әдеп пен ізгі амалмен сабақтастырып, рухани-адамгершілік кемелденуге бағыттайтын танымдық-тәрбиелік қызмет атқарған.

«Мунаббихат тәржімасы»

«Мунаббихат тәржімасы» (منبهات ترجمەسی – «Мунаббихаттың аудармасы») – насихаттық-дидактикалық және ахлақтық мазмұндағы *«әл-Мунаббихат»* шығармасының түркі тіліндегі тәржіма нұсқасы. *Мунаббихат* атауы араб тіліндегі نَبَّهَ (наббәһа) – «ояту», «ескерту», «назар аударту» мағыналарын білдіретін түбірмен байланысты. Осы тұрғыдан шығарма атауы адамды рухани ғапылдықтан оятуға, өзіндік сана мен моральдық жауапкершілікке, ізгі амал мен көркем мінезге үндейтін өсиет-насихаттар деген мазмұнды аңғартады.

Еңбектің құрылымдық ерекшеліктерінің бірі – насихат пен ғибратты белгілі бір сандық жүйеге негіздеп баяндау тәсілінің қолданылуы. Шығарма он бабтан тұрады. Онда діни-этикалық қағидалар мен өсиеттер белгілі бір ұғымдар мен амалдарды сандық ретпен топтастыру арқылы түсіндіріледі. Алғашқы бөлімінде кітап туралы кіріспе мәлімет беріліп, еңбектің жазылу мақсаты баяндалады, одан кейінгі бабтарда адамның рухани-адамгершілік тәрбиесіне қатысты насихаттар жүйелі түрде ұсынылады. Мұндай композициялық тәсіл діни өсиеттерді есте сақтауды жеңілдетіп, олардың дидактикалық қызметін күшейтуге және діни білімді адамның күнделікті мінез-құлқымен сабақтастыруға бағытталған.

Шығарма мазмұнында жомарттық, ізгі амал, жүрек тазалығы, сабыр, зікір, истиғфар, тыйым салынған істерден сақтану және ақыретке дайындық тәрізді мәселелер кеңінен қамтылады. Мәселен, жомарт адамның жәннатқа

жақын әрі тозақтан алыс болатындығы насихатталып, жүрегін нұрландыруды қалаған адамның өзіне жүктелген міндеттерді орындап, тыйым салынған істерден сақтануы қажеттігі айтылады. Сондай-ақ сабырлылық пен үнемі Алланы зікір етудің маңызы көрсетіліп, мұсылман ер мен әйелдің истиғфарды көп айтуы рухани тәрбиенің маңызды амалдарының бірі ретінде түсіндіріледі. Осы мазмұндық ерекшеліктер еңбектің негізгі мақсаты адамның мінез-құлқын жетілдіру, діни санасын қалыптастыру және күнделікті өмірін исламдық ахлақ қағидаларына сәйкес тәрбиелеу болғанын көрсетеді. Философиялық тұрғыдан мұнда білім мен иман адамның ішкі дүниесін өзгертіп, әдеп пен ізгі амал арқылы рухани кемелденуге бағыттайтын біртұтас үдеріс ретінде көрінеді.

Шығарма дәстүрлі түрде көрнекті хадис ғалымы Ибн Хажар әл-Асқаланиға (773–852 h./1372–1449) телініп келгенімен, кейінгі зерттеулерде бұл авторлық атрибуция қайта қарастырылған. Мохд Нор Аджхар Ибрахим және оның әріптестері еңбектің мазмұны мен ондағы хадистерді Ибн Хажардың басқа шығармаларымен салыстыра зерттеу нәтижесінде *«әл-Мунаббихаттың»* Ибн Хажар әл-Асқаланидің төл шығармасы еместігі жөнінде тұжырым жасаған (Ibrahim et al., 2023: 31–46). Сондықтан аталған шығарманы Ибн Хажарға тікелей телуден гөрі, дәстүрлі библиографиялық айналымда оның атымен таралған еңбек ретінде қарастырған ғылыми тұрғыдан орынды.

Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығы қорында сақталған «Мунаббихат тәржімасы» (منبهات ترجمەسی) – *«әл-Мунаббихат»* еңбегінің түркі тіліндегі тәржіма нұсқасы. Тәржімашысы – Ибраһим Ыдырысов. Титулдық беттегі библиографиялық мәлімет бойынша, кітап ١٩٠٥ жылы Қазан қаласында И.Н. Харитоновтың лито-типографиясында жарық көрген. Қордағы дананың сыртқы мұқабасы сақталмаған. Бірінші бетінде шығарманың атауы мен басылымға қатысты мәліметтер берілген. Бұл нұсқа араб тіліндегі насихаттық-ахлақтық мұраның түркі тілді мұсылман ортасына аударма арқылы таралуын көрсететін жазба дерек ретінде құнды. Осы тұрғыдан *«Мунаббихат тәржімасы»* XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы түркі-мұсылмандық кітап мәдениетін, діни-дидактикалық әдебиеттің таралуын және исламдық ахлақ қағидаларының жергілікті тілдік ортаға бейімделу ерекшеліктерін зерттеуде маңызды дереккөздердің бірі болып табылады. Сонымен бірге еңбек білімнің иманға, иманның әдеп пен амалға, ал рухани тәрбиенің адам кемелдігіне ұласуын танытатын діни-ахлақтық мұра ретінде философиялық мәнге ие.

«Китабу Мажмағул Әдәб»

«Китаб Мажмағул Әдәб» (كتاب مجمع الأدب – «Әдептер жинағы») – діни-дидактикалық және ахлақтық мазмұндағы, мұсылмандық әдеп пен адамгершілік қағидаларын насихаттауға арналған түркі тіліндегі баспа еңбек. Шығарма құрылымдық жағынан екі бөлімнен тұрады және жалпы көлемі ٩٦ бет. Қорда сақталған дананың сыртқы мұқабасы сақталмағанымен, мәтіндік бөлігі толық: бет нөмірлері ретімен беріліп, шығарма -١беттен басталып, -٩٦бетпен аяқталады. Титулдық бетінде кітаптың атауымен қатар басылымның жарық көруіне қатысты бірқатар библиографиялық мәліметтер, соның ішіндебаспаға рұқсат етілген мерзімі, басылған жері мен баспаханасы көрсетілген.

Шығарманың мазмұны исламдық әдеп, имандылық, көркем мінез, адам бойындағы ізгі және жағымсыз қасиеттерді ажырату, Аллаға шүкіршілік ету мен рухани жауапкершілік тәрізді діни-этикалық мәселелерді қамтиды. Мәтін Алладан жәрдем тілеу және Оған мадақ айту мазмұнындағы дәстүрлі кіріспемен басталады. Еңбектің өн бойында адамның мінез-құлқын тәрбиелеуге бағытталған өсиет пен ғибратқа негізделген баяндау тәсілі басым. Жаман мінез бен бұзық әрекеттің ақыры, жүректің қатаюы, иман иесінің ахлақтық сипаты және Аллаға шүкір ету мәселелерінің қарастырылуы шығарманың негізгі мақсаты оқырманды көркем мінезге тәрбиелеу және діни-адамгершілік құндылықтарды орнықтыру болғанын аңғартады. Философиялық тұрғыдан еңбекте иман адамның ішкі сенімімен ғана шектелмей, әдеп, мінез және ізгі амал арқылы көрініс табатын рухани-этикалық ұстаным ретінде пайымдалады.

Басылымның титулдық бетіндегі мәлімет ерекше библиографиялық маңызға ие. Онда орыс тілінде: «Дозволено цензурою С.-Петербург, 23 Января 1895 года. Типография наследников М. Чирковой в Казани» деп көрсетілген. Демек, кітапты басуға цензуралық рұқсат 1895 жылғы 23 қаңтарда Санкт-Петербургте беріліп, еңбек Қазан қаласындағы М. Чиркова мұрагерлерінің типографиясында басылған.

Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығы қорында сақталған бұл басылым XIX ғасырдың соңындағы түркі-мұсылмандық діни-ағартушылық әдебиеттің мазмұнын, мұсылмандық әдеп пен ахлақ мәселелерінің жергілікті түркі тілінде түсіндірілу ерекшеліктерін, сондай-ақ Қазан баспаханаларының қазақ даласы мен Еділ-Орал аймағындағы исламдық кітап мәдениетінің таралуындағы орнын зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар шығармадағы иман, әдеп, көркем мінез және рухани жауапкершілік ұғымдарының өзара байланысы білімнің адам мінезі мен амалында жүзеге асып, рухани кемелденуге бағытталатындығын көрсетеді.

«Ғибратнама уа Шүкірнама»

«Ғибратнама уа Шүкірнама» (عبرت نامه و شكر نامه – «Ғибрат кітабы және Шүкір кітабы») – XVIII ғасырдағы түркі ақыны Әхмәдиге тиесілі діни-дидактикалық және насихаттық мазмұндағы шығарма. Қордағы басылымның титулдық бетінде шығарма «Һәзиһи Ғибратнама уа Шүкірнама мин әбйати Әхмәдийә» (هذه عبرت نامه و شكر نامه من ابيات احمديه) деп көрсетілген. Татар жазба мұрасын зерттеушілер де бұл туындыны XVIII ғасырдағы түркі ақыны Әхмәдиге теліп, оның қолжазба дәстүрінде кең таралғанын және Қазанда бірнеше рет басылғанын атап көрсетеді (Әхмәтҗанов, 2016: 55). Зерттеулерге қарағанда, шығарма татар қолжазба дәстүрінде кең таралып, халық арасында сүйіп оқылған және Қазан баспагерлері тарапынан 1918 жылға дейін бірнеше мәрте шағын кітапша түрінде жарық көрген. Оның белгілі ерте басылымдарының бірі 1878 жылы Қазанда Кукубин баспаханасында басылған. Сондай-ақ Әхмәди шығармашылығының XIX ғасырдағы татар ақындары Һибәтулла Каргалый мен Ғабделжаббар Қандалый поэзиясына, әсіресе өлең ұйқасы мен поэтикалық құрылымына ықпалы болғаны ғылыми әдебиетте атап көрсетіледі.

Шығармада адамның рухани-адамгершілік тәрбиесі, күнә мен харамнан сақтану, жүректі жаман қасиеттерден тазарту, Алланы зікір ету, шүкіршілік пен

рухани жауапкершілік мәселелері насихаттық сипатта баяндалады. Сонымен қатар еңбекте «Ясин» сүресінің артықшылығы мен оны оқудың рухани мәніне арналған қасида орын алған. Мәтіннің «Хаққа шүкір еделім һәр ан...» мазмұнындағы шүкіршілікпен басталып, Ясин сүресін тұрақты оқуға үндейтін өлең жолдарымен жалғасуы шығарманың діни-ахлақтық әрі тәрбиелік сипатын айқындайды. Философиялық тұрғыдан мұнда шүкіршілік адамның Жаратушыға қатынасын ғана емес, оның өзіндік санасы мен моральдық жауапкершілігін қалыптастыратын рухани ұстаным ретінде көрініс табады. Жүрек тазалығы, зікір және күнәдан сақтану адамның ішкі дүниесін тәрбиелеп, иманды әдеп пен ізгі амалға ұластыратын кемелдену жолы ретінде пайымдалады.

Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығында сақталған дана 16 беттен тұрады, беттері толық болғанымен сыртқы мұқабасы сақталмаған. Титулдық бетінде шығарманың атауы, авторлық атрибуциясы және басылымға қатысты библиографиялық мәліметтер берілген. Ондағы орысша жазбаға сәйкес, кітапты басуға 1899 жылғы 25 қазанда Санкт-Петербургте цензуралық рұқсат берілген және басылым Қазан қаласындағы М. Чиркова мұрагерлерінің типо-литографиясында жарық көрген. Қордағы бұл нұсқаның 1878 жылғы Қазан басылымынан кейінгі басылымдардың бірі болуы «Ғибратнама уа Шүкірнаманың» XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы түркі-мұсылмандық ортада тұрақты сұранысқа ие болған діни-дидактикалық шығармалардың қатарында болғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан еңбек білім мен иманды рухани тәжірибемен ұштастырып, шүкіршілік, жүрек тазалығы және жауапкершілік арқылы адамның рухани кемелдену идеясын танытатын жазба мұра ретінде бағаланады.

«Шәуқ-и Гүлістан»

«Шәуқ-и Гүлістан» (شوق گلستان) – парсы классикалық әдебиетінің көрнекті өкілі Муслих ад-Дин Сағди Ширазидің (مصلح الدين سعدي شيرازي) «Гүлістан» шығармасының парсы мәтіні мен түркі тіліндегі тәржімасы қатар берілген әдеби-дидактикалық басылым. Титулдық бетте тәржімаға байланысты Молла Мурад Қожа Ишан ибн Салих Қожа Ишанның (ملا مراد خواجه ایشان بن صالح خواجه ایشان) есімі көрсетілген. Негізгі парсы мәтінінің мағынасы жол астында ұсақ қаріппен түркі тілінде берілген, бұл еңбектің түркітілді ортада оқу және түсіндіру мақсатында пайдаланылғанын аңғартады. Осы ерекшелік шығарманың көркем мәтін ғана емес, білім мен ахлақтық тәрбиені ұштастырған танымдық құрал болғанын да көрсетеді.

Шығарма 25 беттік кіріспеден және сегіз баптан тұрады. Онда патшалардың мінез-құлқы мен басқару әдебі, дәруіштердің ахлағы, қанағаттың артықшылығы, үнсіздіктің пайдасы, махаббат пен жастық, әлсіздік пен кәрілік, тәрбиенің әсері және сұхбат әдебі қарастырылады. Бұл тақырыптар адам болмысы, мінез, ізгілік, қанағат, махаббат пен тәрбие мәселелерін өзара сабақтастырып, адамның рухани-адамгершілік кемелденуінің этикалық негіздерін танытады. Қордағы нұсқаның мұндай сегіз баптық құрылымы Сағди «Гүлістанының» түркі тіліндегі аударма дәстүрімен сабақтас. Мәселен, Мұхаммед Риза Агахидің (1809–1874) парсы тілінен шағатай тіліне жасаған «Гүлістан» тәржімасында да осы сегіз бөлімдік құрылым сақталған [1, 89–182-бб.; 2]. Агахидің Сағди «Гүлістанын»

тәржімалағаны оның шығармалары жөніндегі ғылыми анықтамаларда да көрсетіледі.

Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығында сақталған дана 320 беттен тұрады, көлемі – 18 × 26 см, қатты мұқабамен түптелген. Басылым жылы мен баспаханасы көрсетілмеген. Сағди «Гүлістанының» Сәйф Сараи, Сибижаби және Агахи жасаған түркі тіліндегі тәржімалары ғылыми әдебиетте зерттелгенімен, қордағы «Шәуқ-и Гүлістан» нұсқасы арнайы мәтінтанулық және тілдікзерттеуді қажет етеді. Парсыша түпнұсқа мен түркіше жолма-жол тәржіманың қатар берілуі бұл басылымды парсы-түркі әдеби байланыстары, тәржіма дәстүрі және исламдық ахлақтың түркі-мұсылмандық ортада таралуын зерттеудегі құнды дереккөз ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар шығармадағы әдеп, қанағат, махаббат және тәрбие ұғымдарының сабақтастығы білімнің адамның мінезі мен рухани дүниесін жетілдіруге бағытталғанын көрсетіп, оны адам кемелдігі мәселесін зерделеудегі маңызды философиялық-этикалық мұра ретінде танытады.

«Диуан-и Хафиз»

«Диуан-и Хафиз» (ديوان حافظ / ديوان حافظ شيرازي – «Хафиз диуаны») – XIV ғасырдағы парсы классикалық әдебиетінің көрнекті өкілі Шамс ад-Дин Мұхаммед Хафиз Ширазидің (شمس الدين محمد حافظ شيرازي) поэтикалық мұрасын қамтитын өлеңдер жинағы. Диуанның негізгі бөлігін ғазалдар құрайды. Ақын поэзиясында махаббат пен сұлулық, адамның ішкі жан дүниесі, дүниенің өткіншілігі, тағдыр, рухани ізденіс, адамгершілік, шынайылық пен жалған тақуалық мәселелері көркем-поэтикалық бейнелер арқылы өрнектеледі. Осы тұрғыдан Хафиз поэзиясы адам болмысының ішкі қайшылықтарын, өмірдің мәні мен рухани құндылықтарды пайымдауға бағытталған философиялық-этикалық мазмұнымен ерекшеленеді.

Хафиз поэзиясына тән маңызды ерекшеліктердің бірі – оның образдық және мағыналық жүйесінің көпқабаттылығы. Ғазалдарда жиі кездесетін жар, ғашық, шарап, шарапхана, сақи, ринд, гүл мен бұлбұл тәрізді дәстүрлі бейнелер парсы классикалық поэзиясының көркемдік жүйесімен сабақтасып, контекске қарай лирикалық, моральдық-философиялық және сопылық-ирфандық мағыналарда түсіндіріледі. Сондықтан Хафиз шығармаларындағы аталған образдарды тек сопылық символдар ретінде біржақты қарастырудан гөрі, олардың поэтикалық мағынасының көпқабатты сипатын ескерген жөн. Сонымен қатар Хафиз мұрасының ғасырлар бойы сопылық-ирфандық тұрғыдан түсіндіріліп, рухани-этикалық әдебиет аясында қабылдануы оның исламдық әдеби мәдениеттегі орнын айқындайтын маңызды ерекшеліктердің бірі болып табылады. Бұл көпқабаттылық адамның сыртқы болмысы мен ішкі рухани дүниесі, махаббат пен мағрифат, шынайылық пен жалғандық арасындағы қатынастарды философиялық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты «Диуан-и Хафиз» жанрлық табиғаты жағынан ең алдымен парсы классикалық лирикалық поэзиясының ескерткіші ретінде бағаланады. Дегенмен шығармадағы рухани ізденіс, мағрифат, махаббат, адам болмысы мен дүниенің өткіншілігіне қатысты идеялар және оның мұсылмандық ортадағы сопылық-ирфандық түсіндіру дәстүрі ескеріліп, осы зерттеуде діни-

сопылық әдебиеттер тобына шартты түрде енгізілді. Бұл идеялар адамның өзін тануы, рухани құндылықтарды игеруі және ішкі кемелдікке ұмтылуы тұрғысынан да философиялық мәнге ие.

Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығы қорында «Диуан-и Хафиздің» сақталуы парсы классикалық әдебиетінің қазақ даласы мен Орталық Азиядағы түркі-мұсылмандық әдеби және рухани ортамен байланысын зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл мұра білім мен мағрифаттың, махаббат пен рухани ізденістің адам болмысын жетілдірудегі орнын және исламдық дүниетанымдағы рухани кемелдік идеясын зерттеуге мүмкіндік беретін құнды философиялық-әдеби дерек болып табылады.

«Рисәлә-и Ғәзиза»

Кітапхана қорында Сопы Аллаярдың бірнеше кітабы бар. Атап айтар болсақ: «Мәсәлик әл-Муттақин» (مسلك المتقين), «Сәбәт әл-‘Ажизин» (ثبات العاجزين) және «Рисәлә-и Ғәзиза» (رسالة عزيزه) еңбектерінің парсы, шағатай тілдеріндегі нұсқалары сақтаулы тұр. Осы арада біз «Сәбәт әл-‘Ажизин» (ثبات العاجزين) еңбегіне жазылған «Рисәлә-и Ғәзиза. Шәрх-и Сәбәт әл-ажизин» (رسالة عزيزه شرح ثبات العاجزين) еңбегіне тоқталамыз. Бұл еңбек нақшбандия сопылық дәстүрінің көрнекті өкілі, түркі сопы ақыны Сопы Аллаярдың (1633–1721) «Сәбәт әл-ажизин» шығармасына жазылған түсіндірме болып табылады. Шархтың авторы – Тәжеддин Йалчығыл оғлы (Tāj al-Dīn Yalçıghıl Oghlı). Зерттеулерде шығарманың 1211 h./1796 жылы жазылғаны көрсетіледі. Еңбектің қалыптасуы *«Сәбәт әл-ажизиннің»* түркі-мұсылмандық ортада кең таралып, кейін арнайы түсіндірме жасау қажеттілігін туғызғанын аңғартады.

«Рисәлә-и Ғәзиза» бастапқы поэтикалық мәтінді түсіндіру арқылы Сопы Аллаяр шығармасындағы діни-ахлақтық және рухани мәселелердің мазмұнын кеңінен ашуға бағытталған. Онда ақида, иман, ғибадат, көркем мінез, тақуалық, тәубе, сабыр, нәпсі тәрбиесі және адамның рухани кемелденуі тәрізді мәселелер насихаттық-түсіндірмелік сипатта қарастырылады. Философиялық тұрғыдан бұл ұғымдар адамның сыртқы діни амалдары мен ішкі рухани дүниесінің тұтастығын танытып, білім мен иманның әдепке, нәпсі тәрбиесіне және рухани кемелденуге ұласуын көрсетеді. Мұнда кемелдік дайын күй ретінде емес, адамның өзін тәрбиелеуі, мінезін жетілдіруі және рухани жауапкершілігін тереңдетуі арқылы жүзеге асатын үздіксіз үдеріс ретінде көрінеді. Осы ерекшелігі жағынан шығарма дербес сопылық мәтін ғана емес, мәтін–шарх сабақтастығы негізінде қалыптасқан діни-дидактикалық түсіндірме әдебиеттің үлгісі болып табылады. Сондықтан осы зерттеудегі төрттік жіктеу шеңберінде еңбекті мазмұндық-функционалдық сипатына қарай діни-сопылық әдебиеттер тобына шартты түрде енгізуге болады.

Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығы қорында сақталған нұсқа литографиялық басылым болып табылады. Қорлық сипаттама бойынша оның өлшемі 21 × 13 см, сақталған бөлігінің беттері 3-беттен басталып, 336-бетке дейін жалғасады; әр бетте шамамен 29 жолдан мәтін орналасқан. Кітаптың сыртқы мұқабасы сақталғанымен, алғашқы беті жоқ. Осыған байланысты қордағы данадан шығарманың титулдық атауын, басылған жылын, басылған жерін, баспаханасын және басылымға қаржылай

қатысқан тұлғаларды тікелей анықтау мүмкін емес. 3–336-беттер аралығындағы бет нөмірлері сақталғанымен, одан кейінгі бөлікте беттердің толық болмауы кітаптың бастапқы жалпы көлемін нақты белгілеуге мүмкіндік бермейді.

Осы жеті еңбектің сипаттамасынан қордағы діни-сопылық әдебиеттердің біртекті емес, бірнеше жанрлық қабаттан тұратыны байқалады. Олардың бір бөлігінде насихат пен ахлақтық тәрбие басым болса (*«Дурратун Насихин», «Мунаббихат тәржімасы», «Китабу Мажмағул Әдәб», «Ғибратнама уа Шүкірнама»*), екінші бөлігінде көркем-поэтикалық және сопылық-символдық таным (*«Диуан-и Хафиз»*), ал енді бірінде классикалық сопылық мәтінді түсіндіру мен кейінгі ұрпаққа жеткізудің шархтық дәстүрі (*«Рисәлә-и Ғәзиза»*) айқын көрінеді. Жанрлық ерекшеліктеріне қарамастан, бұл шығармаларды білім мен иманды әдеп, ізгі амал және рухани тәрбиемен сабақтастырып, адамның ішкі кемелденуіне бағыттайтын ортақ дүниетанымдық бағдар біріктіреді. Осы тұрғыдан қордағы діни-сопылық мұра түркі-мұсылман қоғамындағы рухани тәрбие, медреселік білім, мәтіндік трансмиссия және әдеби-мәдени сабақтастықпен қатар, білім – иман – әдеп/амал – рухани тәрбие – кемелдік байланысын танытатын философиялық-интеллектуалдық мұра ретінде кешенді зерттеуді қажет етеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанындағы Ислам ғылыми-зерттеу институтының Сирек кітаптар және қолжазбалар орталығында жинақталған жазба мұраларды жанрлық, тілдік, хронологиялық және географиялық тұрғыдан жүйелеумен қатар, олардың мазмұнындағы білім, иман және рухани кемелдік мәселелерінің өзара байланысын философиялық тұрғыдан пайымдауға мүмкіндік берді. Қор құрамындағы қолжазбалар, тасбаспа және сирек басылымдар исламдық білімнің әртүрлі салаларын қамтитын көптілді әрі көпжанрлы деректік кешен екендігі анықталды. Құран, тәфсір, хадис, ақида, фиқһ, дұға, сопылық, діни-дидактикалық әдебиет, қисса-дастандар және медреселік оқу құралдарының бір қор аясында тоғысуы бұл мұраны жекелеген діни мәтіндердің жиынтығы ретінде емес, қазақ даласындағы мұсылмандық білім жүйесі мен рухани-интеллектуалдық мәдениеттің тарихи сабақтастығын бейнелейтін тұтас құбылыс ретінде қарастыруға негіз береді.

Зерттеу нәтижелері исламдық жазба мұрада білімнің дербес танымдық құндылық ретінде ғана емес, иманды саналы түрде орнықтыратын және адам әрекетіне бағыт беретін негіз ретінде көрінетінін аңғартады. Ақида мен фиқһ мәтіндерінде білім сенім мен амалдың нормативтік негізін қалыптастырса, медреселік оқу әдебиеттерінде ол жүйелі таным мен интеллектуалдық тәртіпке ұласады; діни-дидактикалық шығармаларда білім моральдық жауапкершілік пен көркем мінезге бағытталады; сопылық-ахлақтық мәтіндерде бұл үдеріс жүрек тазалығы, нәпсі тәрбиесі, тәубе, сабыр, шүкір, тақуалық, махаббат және мағрифат арқылы рухани кемелдену мәселесіне жалғасады. Осы тұрғыдан қор материалдарында білім – иман – әдеп – рухани тәрбие – кемелдік арасындағы

сабақтастық адамның интеллектуалдық, моральдық және рухани болмысын тұтастықта қарастыратын дәстүрлі антропологиялық модель ретінде танылады.

Қор материалдарын мазмұндық-функционалдық тұрғыдан талдау оларды шартты түрде діни-канондық, діни-танымдық, діни-дидактикалық және діни-сопылық әдебиет бағыттарына жүйелеуге мүмкіндік берді. Бұл жіктеу философиялық тұрғыдан да мәнді: діни-канондық әдебиет ақиқат пен сенімнің негіздерін бекітсе, діни-танымдық мұра білімді игеру мен дүниені түсінудің құралдарын ұсынады, діни-дидактикалық шығармалар адам мінезін изгілікке бағдарлайды, ал діни-сопылық әдебиет ішкі рухани тәжірибені кемелдік мұратымен сабақтастырады. Араб, парсы және түркі тілдеріндегі шығармалардың қатар сақталуы осы идеялардың көптілді мәтіндік трансмиссия арқылы таралғанын және Орталық Азиядағы исламдық білім кеңістігінің интеллектуалдық сабақтастығын көрсетеді.

